

ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

ЭКОНОМИКО-ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ ИНТЕГРАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ

UDC 37

DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN IN MODERN CONDITIONS OF INTEGRATION PROCESSES

Denov Institute of Entrepreneurship and Pedagogy, Department of Accounting
and Auditing 4th year student Qo'zimurodova Sabohat Foreign Affairs
E-mail: sabohatqozimurodova59@gmail.com

Abstract: This thesis describes the role and legal aspects of economic integration in the development of the Republic of Kazakhstan, as well as the reasons and processes of cooperation between Uzbekistan and Kazakhstan.

Key words: Integration, cooperation, CIS, SDG-4, Strategy, economic, legal

Intoduction. Based on globalization and recent observations in the world economy, it can be concluded that international trade, finance, capital and credit and information flows, as well as integrated markets, are expanding and improving. The integration of political, economic, social, cultural and other systems is evident in the main trends of modern development. In the 20th century, the process of integration and globalization developed not only in one country or region, but also on a global scale. Today, the processes of integration on a global and regional scale are rapidly implemented with the help of integration actors. <<Integration (lat. Integratio - restore, restart, fill).

1. a concept that represents unification the state of dependence of individual parts, elements

2. Coordinating and unifying the economy of two or more countries".

- Regional integration, primarily globalization to the countries of the region to face their problems, to withstand the pressure of global leaders;

- Second, it is to create regional benefits in the environment of global competition in world goods, services, technologies and labor markets;

- Thirdly, reduction of production and marketing costs, specialization and cooperation of production of goods and services allow rapid development of the national economy and increase of competitiveness in the global environment.

Therefore, the result of integration is a process or action that leads to wholeness, union, joining, restoration of unity. Integration trends, which reflect the interconnectedness of political processes in the world, are manifested in different regions of the globe in one form or another.

In his Address to the Oliy Majlis dated January 24, 2020, President Sh.M. Mirziyoyev said "... why do we need economic integration! 80 percent of our foreign trade goods go through the transit corridors of Kazakhstan, Kyrgyzstan and Russia In addition,

50% of the export of our finished products, and 80% of some goods are accounted for by Russia, Kazakhstan, Kyrgyzstan. Taking these factors into account and to our citizens who went to work in Russia and Kazakhstan in order to create favorable conditions, issues related to cooperation with the Eurasian Economic Union of Uzbekistan are being studied today. "Our deputies and senators, who are the people's representatives, should thoroughly discuss this issue in the parliamentary chambers, take responsibility and give their well-founded conclusions."

The evolution of the international community and the growth of the role of regions in the life of many countries have increased the importance of regional development processes. According to its national-ethnic, religious, geopolitical, geo-economic, historical-cultural, spiritual and ideological characteristics, Central Asia differs from other regions of the world. Further development of mutual cooperation of Central Asian countries is the most urgent issue from the point of view of regionalism and national interests. "At the moment, the interests of powerful countries are intersecting in Central Asia, this region, which is adjacent to the hotbeds of instability and conflict, feels the impact of all the negative processes taking place in the near and far abroad. With the formation of a unique subregion in Central Asia The development trends of the related geopolitical situation impose great tasks and strategic goals on the states of the region, as well as the demand for improving activities related to the acceleration of political, economic, cultural and humanitarian integration processes, which are considered a vital need. taking into account the abundance of natural resources and its geo-economic development opportunities are highly valued. The full and rational use of these opportunities depends on the strategy of the general vision of the regional states within the framework of integration. The implementation of the regional integration strategy is explained by the harmonization of national interests.

This year marks the 25th anniversary of the establishment of diplomatic relations between Uzbekistan and Kazakhstan. This date is celebrated at a time when relations between the two countries are rapidly developing and enriched with new content. At the international conference organized in our capital on the occasion of the date, the leading experts of the Institute of Strategic and Interregional Studies under the President of the Republic of Uzbekistan and the Institute of Strategic Studies of the Republic of Kazakhstan under the President of the Republic of Kazakhstan discussed the achievements and results achieved in strengthening bilateral cooperation, new directions of mutual relations. discussed directions and perspectives. Uzbekistan and Kazakhstan are important countries of Central Asia. Relations between the two countries are steadily developing in the spirit of close neighborhood and strategic partnership. These relations of cooperation are based on friendship and fraternity, common history, language and culture of our peoples formed from time immemorial. Mutually beneficial cooperation between our countries has become a reliable and constructive dialogue. Over the past twenty-five years, a solid contractual and legal basis of cooperation between our countries has been created. There are more than 200 contractual and legal documents related to various fields. Among them are the Agreement on Eternal Friendship between the Republic of Uzbekistan and the Republic of Kazakhstan (1998), the Agreement on Strategic Partnership (2013). The basic principles of bilateral relations, namely equality, mutual understanding, all-round cooperation and trust, have been strengthened in them.

In the Law of the Republic of Kazakhstan "On National Security, in order to ensure the country's economic security, it is necessary to prevent the country from being separated from the world economic system, to ensure the independence of the republic in the activities of supranational bodies created within the framework of integration structures, and in accordance with national interests Particular importance is attached to the issues of developing future decisions, reducing the negative impact of geopolitical factors on the country's economy, and increasing the attraction of foreign investments in order to develop local production. the most optimal way to save is to strengthen integration within the region. This, in turn, will make it possible to resolve conflicts in the region's hydropower and other sectors. In the long-term development programs of the republic, the creation of the most favorable conditions for foreign investors in the country, 2050 it is predicted that the republic should become the most attractive country for investment and technology transfer in the Eurasian region by the end of the year. Kazakhstan attaches special importance to the development of economic infrastructure in the context of the activation of global and regional integration processes. For this purpose, the possibilities of establishing production and transport-logistics facilities not only in the territory of the country, but also abroad, connecting with world transit points through them, are being studied, and relevant measures are being implemented in this direction. On June 19, 2023, an online meeting was organized between the staff of the Statistical Agency under the President of the Republic of Uzbekistan and representatives of the National Bureau of Statistics of the Republic of Kazakhstan on the practice of collecting education statistics. During the meeting, the representatives of the Statistics Agency discussed the sources of information collection on the types of education, the mechanism for collecting information on education, the integration of the databases of ministries and agencies with the National Bureau of Statistics of the Republic of Kazakhstan. got acquainted with the processes. They also exchanged views on issues of SDG-4 data collection and SDG-4 indicators. In turn, the employees of the Statistics Agency demonstrated to their Kazakh colleagues the practice of collecting and recording education statistics of Uzbekistan. During the meeting, issues related to the activities of the National Bureau of Statistics of the Republic of Kazakhstan in the field of social sphere and sustainable development statistics were discussed. At the end of the meeting, the participants agreed on the mutual exchange of experience in statistical activities between the two statistical offices and further cooperation.

Summary

The processes of economic integration of Kazakhstan and Uzbekistan in the CIS area are influenced by a number of supporting and opposing factors. The development of economic cooperation between the countries of the region, first of all, makes it possible to identify points of convergence in the national interests of these countries and to bring mutual relations to a new level.

References

1. Baidurin M.S. Ensuring the economic security of the EAEU based on the development of economic integration of the CIS countries. //Dissertation for the degree of Doctor of Economic Sciences. Moscow 2017. //http://vseup.ru/static/files/Bajdurin M. economic safety.

2. EAES.pdf 2. Buzrukova G.D. The impact of integration on economic security Russian Federation. M.: 2010.

3. . Bolgova I., Nikitina Y. Eurasian Economic Union between integration and sovereignty. //Modern Europe Magazine, 2019, No. 5, -S 13-222.

4. Sultanova B.K. Formation of the Common Economic Space: status, problems, prospects. Almaty: KISS under the President of the Republic of Kazakhstan, 2012. – 200 p.

УДК 36

ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Абишева А.Қ.

«Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Алтай ауданы бойынша
білім бөлімінің «Алтай қаласының №9 орта мектебі» КММ
Алтай қ., Қазақстан, adzharylgasynova@bk.ru

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы нарықтық экономикалық жағдайына қарамастан ғылыми – техникалық жаңалықтарды меңгеру мен ұлттық мәдени мұраларды жандандыруға ерекше көңіл бөліп отырғаны белгілі. Болашақта жанарған қоғамның жастарына асқақ руханилық пен адамгершілік қадір – қасиеттерін тәрбиелеу мемлекеттік құжаттың басымдылығы ретінде білім беру мекемелеріне міндет етіп берілді.

Қазақстан халқына арнаған жолдауында барлық қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі, әлемдік деңгейдегі саяси беделі және әл – ауқатының артуына бағытталған негізгі басым бағыттар мен міндеттерді жүзеге асыру көзделген. Білім мазмұнын жаңарту мен қатар, оқытудың әдіс – тәсілдерін қолданудың тиімділігін арттыру, жас өскелендерді ұлтжандылыққа тәрбиелеу қажеттілігі көрсетілген. Елбасымыздың келешек ұрпақ болашағы жайлы айтқан осы ой түйіні, жаңа заман талабына сай жаңаша оқыту технологиясынигеру міндетін жүктеп отырғаны белгілі. Ендеше ақпарат ғасырында, ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда, ұстаздардың ортақ мақсаты заман талабына сай, білімді, жан – жақты ойлай білетін, өз елінің, халқының қамын жейтін, сүйе білетін, қоғамды алға қарай дамытатын ұрпақ тәрбиелеу екені даусыз. Ұлттық тағылымдардан сусынданған ұстаз ізденіссіз сапалы білімге қол жеткізу мүмкін емес. Мұндай жағдайда жеткіншек ұрпақтың шынайы дүние танымын қалыптастыруда тарих, география, мәдениеттану, әлеуметтану пәндері маңызды рөл атқарады деп ойлаймын.

Жастарға рухани-адамгершілік тәрбие беру – қазіргі мектептердің ең маңызды міндеттердің бірі. Бұл заңды да, өйткені біздің қоғам өмірінде адамгершілік бастамаларының рөлі барған сайын артып, моральдық фактордың ықпал аясы кеңейіп келеді. Ұлттық мәдениет тарихының қайта жаңғырып өркендейі, халықтың рухани мұрасыен дәстүрлерін қастерлеу – оның дүниежүзілік өркениеттер арасындағы өзіндік дербестігінің көрсеткіші. Осы өркениетті өзгертіп, оны дәріштеп, дамытатын адам болып табылады.

Рухани-адамгершілік құндылықтар педагогиканың тарихы мен теориясында кеңінен зерттеліп жүрген мәселелердің бірі. Рухани-адамгершілік құндылықтарының мәні, тәрбиелік маңызы туралы қоғам қайраткері, ғұламалар, ұлы педагогтар, ақын-жыраулар өз еңбектерінде ой-пікірлерін қалдырып кеткені белгілі. Халықтың тәрбие тұрғысын рухани-адамгершілік құндылықтарды негізденген ғалымдар ұлттық педагогиканың теориялық негізін айқындаумен қатар, мектептегі тәрбие жұмысын жетілдірудің практикалық жақтарын, тәрбие үрдісінің тиімділігін арттыру жолдарын және олардың ерекшеліктерін ашып көрсетті.

Халық педагогикасының дәстүрлері негізінде бастауыш мектеп оқытушыларының және оған дейінгі ұрпақты рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде тәрбиешілерді, болашақ мұғалімдерді даярлау мәселелері ең басты назарда болуы қажет...

Білім берудің басты құндылығы ретінде тұлға, рухани-адамгершілік, ізгілікті қағидалар: бірлік, теңдік, өзара ықпалдастық және төзімділік бекітілген. Оқушы тұлға мен қоғамды қалыптастыратын мәдениетті түсіну және бағалай білу үшін адамдармен құндылық – саналы ынтымақтастық әрекет жасай алуы тиіс. Осы ұстанымды жүзеге асыру ізгіліктің тұжырымдамасына негізделген, мақсатты ұйымдастырылған, өзара байланысты әрекеттер және мұғалім мен оқушының арасында өзара ынтымақтастығы үдерісін өажет етеді.

Педагогика мен пркатиканың адамға, оны дамытуға, ізгілікті дәстүрді қайта жаңғыртуға бағытталуы- өмірлік мақсат ретінде танылады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін педагогиканы патриотизммен байланыстыра оқыту керек сияқты. Осы талапқа сәйкес, педагогиканың ұлтжандылығы – бұл білім беру философиясының ізгілікті мәнін белгілейтін педагогикалық таным мен ақиқат шындылықты өзгерту жайындағы теориялық қағидалардың жиынтығы.

Аталған адамзаттық және ұлттық құндылықтар адам өміріне қажетті рухани байлық болып табылады. Рухани байлыққа халқымыздың мәдени-мұралары, ата-баба салт дәстүрлері, танымдағы және эстетикалық ләззаттағы өажеттіліктер жатады. Халық игілігі реінде рухани асыл қазыналар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, сабақтасып жатады. Елінің бүгіні мен ертеңін алыстан болжап, халық үшін еңбек еткен адамдардың өмірі де рухани байлық болып саналады. Бабалардан қалған қасиет пен құрмет, тіл мен діл, ел мен жер – бәріде біздің рухани байлығымыз. Рухани байлық – адамның өмірін, қоршаған орта, тіршілік аясымен тұтастыратын жәнеоның бар мақсат мүддесін игі істермен ұштастыратын асыл арна. Рухани байлық адамның бергілі бір қажеттерін қанағаттандыратындықтан ол үнемі игілікке бағытталады.

Адамгершілік – адамдардың күнделікті қарым-қатынасына қатысты гуманизм принциптерін бейнелейтін моральдық қасиет. Адамдарға деген ізгі ниеттілік, құрмет, жанашырлық пен сенім, кеңпейілдік, басқалардың мүддесі үшін жан аямаушылық сияқы жеке өасиеттерді қамтиды. Кеңпейілдік, адалдық, шыншылдық та адамгершілікке жатады. Адамгершілік ұғымы ізгілік, гуманизмнің синонимі ретінде, адамның игілігі мақсатқа айналғанда пайда болатын қарым-қатынастар жүйесі мен өоғамдық ахуал ретінде неғұрлым кең мағынада қолданылады. Адамгершілік қоғамдық қатынастардың дамуы мен тарихи-мәдени, рухани қажеттілігінің нәтижесі.

Адамгершілік дегеніміз үлкенді үлкен, кішіні кіші деп қадірлей білуде, тектіліктің тірегін қалайтын тәлім тәрбиеде. Ал тәрбие қуаты отбасында. Қазіргі таңда еліміздегі оқу – тәрбие жұмысында болып жатқан жаңартулар білім мен тәрбие жұмысына көп мән беруді міндеттейді. Бүгінгі таңда тиянақты білім беру жүйесінде жеке тұлғаға ұлттық тәрбие және адамгершілік жалпы адамзаттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу басты мақсат болып отыр. Осыған байланысты алға қойылатын негізгі мақсат – өркениет, прогресшіл бағыттағы ұлттық бағыттағы азаматтық адамгершілік қасиеті мол, сондай-ақ ұлттық тәлімін жоғалтпаған, өзге елдегі замандастары мен тең дәрежеде бәсекелесе алатын биік, өрелі білімді ұрпақ тәрбиелеу. Сонымен бірге жеке тұлғаның сапасын көтеру.

Тәрбие – өоғамдық үрдіс, қоғам мен жеке тұлғаның ара-қатынасын қамтамасыз ететін басты жүйе. Оның негізгі өлшемі өмірге қажетті тұлғаның жағымды қасиеттерін дамыту болып табылады. Оқушылардың сапалы білімі мен байымды мінезін қалыптастыру, оған сәйкес ұлттық сезімін және сенімін тәрбиелеу әрбиешінің мақсатқа бағытталған іс-әрекетіне байланысты. Тәрбиенің негізгі міндеті: өоғамның қажетті талаптарына әрбір баланың борышы, намыс, ар-ождан, қадір-қасиет сияқты биік рухани адасгершілікке айналдыру. Білім беру жүйесіндегі бірінші міндет – ол дүние жүзі елдерінде жастарды бейбітшілік рухқа ынтымақтастыққа, руханилыққа тәрбиелеу және әлемдік мәдениет пен әр халықтың ұлттық мәдениетін кіріктіре меңгеру.

Екіншіден, жастардың бойындағы адами құндылықтарды: қайырымдылықты, сүйіспеншілікті дамыту, сөйтіп тәрбиелей отырып оқыту.

Үшіншіден, білім беру жүйесінің бұрынғы ағартушылық бағытын сағтай отырып, басым бағдарын жеке тұлғаның рухани-адамгершіліктұрғысынан кемелденуіне аудару.

Ендеше жеке тұлғаның адамды адам ете түсетін қасиет ашып көрсету, яғни руханилығын дамыту – заман талабы. Егер адам руханилығынан айырылса, онда ол эмоция мен мінезінен айырылады, жалаң рационализм мен прагматизмнің құлына айналады. Сөйтіп, материалдық табысты негізгі мақсатқа айналдырған қоғамдық даму адамзатты рухани жұтандыққа душар етіп, құндылық бағдарын өзгертіп жеберуі мүмкін.

Қазіргі білім беру жүйесінің міндетті бейбітшілік рухта ынтымақтастыққа және әлемдік мәдениет пен әр халықтың өзінің ұлттық тәрбиесін байланыстыра адами құндылықтарын, қайырымдылықты, ата-анаға, Отанға, табиғатқа деген сүйіспеншілікті арта отырып білімді, еңбекқор, бәсекеге бейімделген жеке тұлға тәрбиелеу.

Қазіргі таңда әрбір жеке тұлғаның құндылық қасиеттерін дамытып қалыптастыруға аса мән беріліп отығаны белгілі. Әсіресе, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тарихи-әдеби мұралар арқылы балалардың жеке басының қасиетін дамыту мүмкіндіктеріне барынша көңіл бөліп, мұғалім білімі мен білігін тәрбие үрдісінде балалардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруды дұрыс ұйымдастыру керек деп санаймын. Елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне баыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда азаматтық құндылықтарды, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған

мәдени-рухани мұрағаттары мен тәлім-тәрбие саласындағы, білім жүйесіндегі ізденістерін көрсету басты міндетіміз болып келе бермек.

Жетік өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылған жөн. Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтарды, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып, ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу. Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды, жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйіндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жойюдың және дені сау, білімді, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтанда ұлттық тәрбие – ел болашағы десек біз болып, сіз болып жастарымызды ұлттық тәрбиемен үздіксіз қаруландыра беруіміз қажет деп ойлаймын.

Мектеп оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу - ең алдымен оқыту үрдісінде қалыптасады. Әр түрлі пәндерді оқыту кезінде бастауыш сынып оқушыларының достық, жолдастық, өмірге деген белсенді көзқарас, Отан туралы ұғымдары қалыптасып дамиды. Үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, ата-аналарды қадірлеу, еңбектенуге үйренеді. Бұл жаста балалар сапалы тәртіпке, жолдастық өзара көмекке, адамның көңіл-күйін түсіне білуге дағдыланады. Олар мектептегі оқу әрекетіне деген өзіндік қатынастарын, отбасында, қоғамда өзін-өзін ұстауды біледі. Соның нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларында дербес және қоғамдық мінез-құлық, адамгершілік қарым-қатынасы дамиды.

Жас жеткіншектер 5-9 сынып оқушылары өздерін ересектер қатарына қосып, өз бетімен тіршілік етемін деп қиял жетегімен кетеді. Бұл жастағы оқушылардың дамуына ұйымшылдық, тәртіптілік, қамқорлық, құнттылық, т.б. қасиеттер әсер етеді.

Жасөспірімдердің немесе 10-11 сынып оқушыларының ғылымға, мамандықтандауға ынталары артады. Бұлар әділеттілік, борыш, ар-намыс, ұят, адалдық сынды моральдық ерекшеліктерге көңіл бөледі. Олар үлкендермен қарым – қатынас жасауда өзін-өзін тәрбиелеуді қажет етеді. Сондықтан бұл жаста көбірек ерік берген жөн. Өскелең ұрпақтың адамгершілік тәрбиесін іске асыруда қоршаған ортаның ықпалы орасан зор. Оқушылардың бойына тәрбие негіздерін дарыту мектепте оқытылатын барлық пәндерге бірдей жүктеледі. Әсіресе, оқушының адамгершілікке тәрбиелейтін пәннің бірі- тарих. Ол шәкірттердің бойында отансүйгіштікті, ұлтжандылықты, сенімділікті қалыптастырады. Қазақ халқындағы хандар мен билердің, шешендер мен жыраулардың орны бөлек. Тарих пәні оқушылардың рухани дүниесін байытып, өзінің қоғамдағы орнын табуға, ұрпақтың батырлығына көмек көрсетуді тудырады, олардың ізгі талап – тілектерін оятады. Сонымен бірге, қазақтың ұлттық салт-дәстүрін, мәдениетін, оқушылардың моральдық қасиеттерін қалыптастырады.

Елімізде рухани адамгершілік тәрбиені жетілдіру мемлекеттік міндет деңгейінде көтеріліп отыр. Бұл міндеттің практикалық шешімі - **«Өзін – өзі тану»** пәнінің енгізілуі, оның авторы **С.А. Назарбаева**. Өзін-өзі тану пәнінің басты міндеті- өзінің дүниетанымына үңілу, өзінді сүю мен сыйлай білу, өз ісіне жауапты

болу, өз арыңмен келісімде өмір сүру, өзіннің жанына жақын іспен айналысу, адамдарға мейірімділік таныта білу, ізгілікті болу. Тәжірибе көрсеткендей, өзін-өзі тану білім берудің құнды мәнін нығайта отырып, тұлғаның шексіз сүю, өз ісіне және жеке күшіне сену, ізгілікті іс жасау, көп білу және өзін-өзі жетілдіру, физикалық, психикалық, рухани дамуда үйлесімдікке қол жеткізу дағдыларын қалыптастырады. Бұл пән балалардың өзара қарым-қатынасын дамытуына ғана емес, сондай-ақ баланың өзін-өзі тануына адамгершілік негіздерін жинақтауына, сана-сезімінің қалыптасуына, қоршаған ортамен махаббат, ізгілік және өзара түсіністік негізінде өзара қарым-қатынас құра білуіне, бір тұтас тұлғаның қалыптасуына әсер етеді.

Мектеп оқушыларына тәрбие беру тек жеке пәндерде ғана емес, сыныптан тыс іс-шараларда, үйірме жұмыстарында рухани құндылықтарға баулуға болады. Мұндай жұмыс түрлеріне сынып жетекшінің эстетикалық әңгімесі, түрлі ой жарыстары, пікір таластарын жатқызуға болады.

Жасөсірімдерді адамгершілікке тәрбиелеуде өмірде кездесетін түрлі жағымсыз жағдаяттардан сақтану мәселесі де ескерілуі қажет. Көбіне көптеген отбасыларда күнделікті тірлік қамымен балалардың рухани қажеттіліктері ескерілмей, екінші орынға жылжиды. Бала дұрыс, адамгершілік іс-әрекеттерді, салауатты өмір салтын, жақсы мен жаманды айыра білу, өзін-өзі жетілдіруге деген ынтасын қалыптастыруы керек, қажет кезде өз бетімен шешім қабылдап, дұрыс таңдау жасауы үшін кішкентайынан өз дегенін іске асыруға баулу керек. Ал бұл дағдылардың барлығы жанұяда қалыптасады.

Балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде ата-ананы оқу-тәрбие үрдісіне қатыстыру, олармен тығыз байланыс орнату мәселесі негізгі мәселе болуы тиіс.

В.А. Сухомлинский: «Егер баланы тәрбиелеген дәрежеге жеткізудің сәті түссе, адамгершілік тәрбие жеке адамды жетілдіруге тиімді ықпал жасайды» дей отырып, **«Егер біз балаға қуаныш пен бақыт бере алсақ, ол бала дәл сондай бола алады»**, - деген болатын.

Рухани дүниесі бай, қажеттіліктері мен қызығушылықтары, талғамы, ой-өрісі кең адамдарды толық қалыптасқан, мінезі тұрақты адам дейміз. Мінездің тұрақтылығы адамның рухани-адамгершілік түсініктерінен туындайды. Ендеше, оқушыларды рухани-адамгершілік тәрбиесі арқылы толыққанды жетілген азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың басты мақсаты. Рухани-адамгершілік тәрбиесінде мұғалім оқушыны тұлға ретінде танып біліп қана қоймай, оның дамуында кешегіні, бүгінгіні, болашақты көре білуі қажет.

Түйіндей келе, рухани-адамгершілік тәрбиесі – бұл адамның туғаннан басталатын және өмір бойы жалғасатын, адамдардың мінез-құлық нормаларын игеруіне бағытталған үздіксіз үрдіс. Оның мазмұны оқушының жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу шеңберінде дамиды. Сондықтан оқу – тәрбие жұмысын ұйымдастыруда оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеру маңызды орын алмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Дәрібаева С. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Педагогикалық-психологиялық білім беру және оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы.

БАС БОСТАНДЫҒЫН ШЕКТЕУ

Алтаева А.М., Дауыл А.Д.

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші: Орсоева Р.А., з.ғ.к., PhD, қауымдастырылған профессор, e-mail: r_orsaeva_60@mail.ru

Бас бостандығын шектеу - Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңымен қолданылатын жаза түрлерінің бірі.

Бас бостандығын шектеу - (**ағылш. *English, English language***) - Соттың сотталған адамға оның бас бостандығын шектейтін белгілі бір міндеттерді жүктеуі.

Бас бостандығын шектеу қоғамнан оқшауламай, бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімге мамандандырылған органның қадағалауымен оның тұрғылықты жері бойынша өтіледі.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 44-бабының 1-ші тармағында бас бостандығын шектеу сотталған адамға алты айдан жеті жылға дейінгі мерзімге пробациялық бақылау белгілеуден және оны жазаны өтеудің бүкіл мерзімі ішінде жыл сайын бір жүз сағаттан мәжбүрлі еңбекке тартудан тұрады. Бас бостандығын шектеу сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша қоғамнан оқшауланбай өтеледі [1].

Мәжбүрлі еңбекті жергілікті атқарушы органдар қоғамдық орындарда ұйымдастырады және күніне төрт сағаттан асырылмай өтеледі.

Тұрақты жұмыс орны бар немесе оқып жүрген сотталғандар, кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, үш жасқа дейінгі жас балалары бар әйелдер, үш жасқа дейінгі жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ жазасы алты айдан аз мерзімге бас бостандығын шектеуге ауыстырылған сотталғандар мәжбүрлі еңбекке тартылмайды.

Пробациялық бақылауды уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады және сот шешімі бойынша сотталған адамның: сотталған адамның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға хабарламай, тұрақты тұрғылықты жерін, жұмысын, оқуын ауыстырмау; белгілі бір орындарға бармау; психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтарынан (ауруларынан), жыныс жолдары арқылы берілетін аурулардан емделу курсынан өту; отбасын материалдық қолдауды жүзеге асыру міндеттерін; сотталған адамның түзелуіне және оның жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алуға ықпал ететін басқа да міндеттерді орындауды қамтиды.

Бас бостандығын шектеуді өтеуден қаскөйлікпен жалтарған жағдайда, оның өтелмеген мерзімі бас бостандығын шектеудің бір күні үшін бас бостандығынан айырудың бір күні есебімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылады.

Бұл аталған қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделгеннен неғұрлым жеңіл жаза тағайындау, аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау кезінде, сондай-

ақ жазаны ауыстыру кезінде бас бостандығын шектеу мерзімі осы бапта белгіленген ең төменгі шектен төмен болуы мүмкін.

Бас бостандығын шектеу қоғамнан оқшауламай, бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімге мамандандырылған органның қадағалауымен оның тұрғылықты жері бойынша өтіледі.

Өзге жаза (қоғамдық жұмыстарға немесе түзеу жұмыстарына тарту) бас бостандығын шектеуге ауыстырылған жағдайда, ол бір жылға жетпейтін мерзімге тағайындалуы мүмкін. Бас бостандығын шектеу ауыр және аса ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталғандығы бар адамдарға, әскери қызметшілерге, сондай-ақ тұрақты тұратын жері жоқ адамдарға қолданылмайды.

Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу кезеңінде сот сотталған адамның мінез-құлқын қадағалауды жүзеге асыратын органның ұсынысы бойынша, сотталған адамға бұрын белгіленген міндеттердің күшін толық немесе ішінара жоя алады [2].

Бас бостандығын шектеу мәселесі пенитенциарлық ғалымдардың зерттеуі ұзақ мерзімге сотталғандардың көпшілігінде бірнеше жылдан кейін мінез-құлқты түзету процесі тоқтайтынын көрсетті. Алдын алудың жалпы мақсаттарына сүйене отырып, сотталған адамды түзеу үшін қажетті жазада белгіленген мерзімнен артық қамауда ұстау қисынсыз деп қорытынды жасауға болады. Осыған байланысты қылмыстық құқық теориясында бас бостандығынан айыру мерзімін заңнамалық деңгейде қысқарту қажеттігі туралы ұсыныстар жасалуда [3,114].

Уткин В.А. еңбегінде «кез келген жаза мәжбүрлеу арқылы шектеу» дейді және «әрбір құқықтық реттеудің өзіндік ерекшелігі бар, ол мәжбүрлеу емес, олардың шекараны көрсетуі, құқық қорғау органдарының адамның заңды әрекеттері» [4,69].

А.Л.Ременсонның көзқарасынша, «жаза мазмұны табиғаттан тыс және тәуелсіз болуы мүмкін емес, бас бостандығынан шектеу - нақты шара» [4,69].

Бас бостандығынан шектеудің маңызы – ол сотталғанды қоғамнан оқшауламай, арнайы мекемеде оны бақылау жүргізу жағдайында бір жылдан бес жыл мерзімге дейін ұстау болады. Егер қоғамдық жұмыстарға немесе түзеу жұмыстарына тартуды бас бостандығынан шектеуге ауыстырғанда, онда ол бір жылға дейінгі мерзімге тағайындалады.

Бас бостандығынан шектеуге сотталған адамдар жазаны, әдетте, тұрақты тұратын немесе сотталған орны бойынша облыс көлеміндегі арнаулы мекемеде – түзеу орталықтарында өтейді. Тұрақты тұратын жерінде түзеу орталықтары жоқ сотталғандар жазасын өтеу үшін дәл осындай тәртіппен жіберіледі. Жергілікті атқарушы органдар бостандығын шектеуді өткертүші органдарға жазасын өтеуге жіберілген адамдардың еңбек пен тұрмыстық жайластырылуына жәрдемдесуге міндетті. Сотталған ұйғарым алған күннен бастап үш күннен кешікпей жазасын өтеу орнына жүріп кетуге және оған жүргені туралы ұйғарымда көрсетілген мерзім ішінде баруға міндетті.

Бас бостандығынан айырудың өтелмеген бөлігі бас бостандығынан шектеу түріндегі жазаға ауыстырылған сотталғандар қамаудан босатылып, түзеу орталығына мемлекет есебінен өз бетімен барады. Түзеу мекемесінің әкімшілігі

соталған кейін түзеу орталығына өзі барады деп жолда болу уақытын есепке алмай, 5 тәулікке дейін қысқа мерзімді демалысқа рұқсат етуге де құқығы бар.

Сотталғанның жеке басы, түзеу мекемесі мен түзеу орталығының орналасқан орны ескеріле отырып, сотталған соттың ұйғарымы бойынша түзеу орталығына айдап апарылуы мүмкін.

Түзеу орталығында смотталғандарға Ішкі істер министрлігі бекіткен тәртіп ережелері қолданылады.

Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтейтін адамдар бақылауда болады және олар міндетті:

- түзеу орталықтарындағы ішкі тәртіп ережелерінің талаптарын орындауға;
- түзеу орталығының әкімшілігі жіберген жерде жұмыс істеуге;
- өздері үшін арнайы арналған жатақханаларда тұруға және түнгі уақытында одан түзеу орталығы әкімшілігінің рұқсатынсыз шығып кетпеуге;

- белгіленген үлгідегі жеке басын куәләндыратын құжаты болуына;

- бас бостандығын шектеу неғұрлым жеңілірек түрдегі жазаға ауыстыру тәртібінің тағайындалған адамдар мен бұл жаза соттық үкімімен тағайындалған адамдарды әдетте бір түзеу орталығында ұстауға болмайды;

- сотталғандарды басқа жұмысқа немесе басқа жерге ауыстыру түзеу орталығы әкімшілігінің келісімімен сотталғанның пікірін ескере отырып іске асырылуы мүмкін;

- қажетті мамандығы жоқ сотталғандар үшін кәсіптік даярлау ұйымдастырылады;

- түзеу орталығының әкімшілігі сотталғандардың есебін жүргізеді; Жазаны өтеудің тәртібімен ережелерін түсіндіреді; Сотталғандардың еңбекке және тұрмыстық орналасуын ұйымдастырады; Жазаны өтеудің тәртібі мен ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді; Жазаны өтеудің тәртібін қадағалайды және оны бұзудың алдын алу шараларын жүзеге асырады; Сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізеді; Заңмен белгіленген мадақтау мен жазалау шараларын қолданады; Сотталғандарды босатуға әзірлеу жұмысын жүргізеді.

Сонымен, бас бостандығын шектеу сотталған адамға алты айдан жеті жылға дейінгі мерзімге пробациялық бақылау белгілеуден және оны жазаны өтеудің бүкіл мерзімі ішінде жыл сайын бір жүз сағаттан мәжбүрлі еңбекке тартудан тұрады. Бас бостандығын шектеу сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша қоғамнан оқшауланбай өтеледі.

Мәжбүрлі еңбекті жергілікті атқарушы органдар қоғамдық орындарда ұйымдастырады және күніне төрт сағаттан асырылмай өтеледі. Тұрақты жұмыс орны бар немесе оқып жүрген сотталғандар, кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, үш жасқа дейінгі жас балалары бар әйелдер, үш жасқа дейінгі жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ жазасы алты айдан аз мерзімге бас бостандығын шектеуге ауыстырылған сотталғандар мәжбүрлі еңбекке тартылмайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі (2022 жылғы 27 маусымдағы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).
2. Бас бостандығын шектеу [Электрондыресурс] <https://kk.wikipedia.org>
3. Мкртычян С. А. Современная система наказаний: проблемы и пути реформирования // Общество и право. - Краснодар: Изд-во Краснодар.ун-та МВД России. - 2013. - № 2 (44). - с.113–116.
4. Уткин В.А. Наказание и исправительно-трудовое воздействие / В.А. Уткин. – Томск: Издательство Томского университета, 1984. - с. 69.
5. Бас бостандығын шектеу ... [Электрондыресурс] <https://www.dk.kz>

ӘОЖ 343.244

КРИМИНОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Асылбекова А.Н., Қаныбекова Г.А.

Ғылыми жетекші: Орсаяева Р.А., з.ғ.к., PhD,
қауымдастырылған профессор
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: r_orsaeva_60@mail.ru

Криминология (лат. crimen/criminis – қылмыс + гр. logos - сөз, ұғым, ілім) – қылмысты, оның себептерін, қылмыскердің жеке басын зерттейтін, сондай-ақ виктимология ғылымын зерттейтін, оның алдын алу шараларын жасайтын ғылым. Криминология қылмыстылықты адамдардың мінез-құлқында қордаланатын қоғамға қауіпті, қылмыстық заңның талаптарына қайшы келетін құбылыс ретінде зерттейді.

Қылмыстың ахуалын, құрылымын, серпінін, аумақтық бөлінімін сипаттайтын сандық әрі сапалық көрсеткіштерді айқындау мен ғылыми саралау мәселелері қылмыстылықты зерттеуде қамтылады. Ол қылмыстылықты, қылмыскердің жеке басын зерттеуге неғұрлым ауқымды да дәйекті социологиялық тұрғыдан келеді. Бұл орайда оның қылмыстық құқық ғылымынан өзгешелігі бар. Қылмыстық құқық ғылымы социологиялық әдісті қолданғанымен, онда, негізінен, заң нормаларын, қылмыстық құқықтың қылмыс, жаза туралы ережелерін талдауға баса назар аударылады. Криминологиялық танымның тағы бір ерекшелігі сол, онда осы ғылым зерделейтін әлеуметтік-құқықтық құбылыстардың себептерін түсіндіруге көбірек ден қойылады.

Криминологияда, сондай-ақ қылмыстылыққа қарсы күресте оның алдын алу міндеті бірінші орынға қойылады. Сайып келгенде, аталмыш және басқа заң ғылымдарынан өзгеше түрде Криминология қылмыстылықтың алдын алудың, оны болдырмаудың құқықтық шараларын ғана емес, сонымен бірге әлеум.-экономикалық, мәдени-тәрбиелік, т.б. шараларын да әзірлеуге қатысады. Криминологиялық зерттеу әдістемесінде жалпы ғылыми тәсілдер де (нысанды логика, анализ бен синтез, индукция мен дедукция, ұқсастыру, үлгілеу,

т.б.), социологиялық таным тәсілдері де («сауалдама, сұхбаттасу, сынақтама, құжаттарды зерделеу, қадағалау, эксперимент жүргізу» сияқты әлеуметтік-құқықтық ақпарат алу әдістері) қамтылады.

Криминологиялық зерттеулерде талдау және ең алдымен, қылмыстық статистика тәсілдері маңызды рөл атқарады. Демек, криминология құқықтық ғылымның мәліметтерін, сондай-ақ социология ғылымының, философияның, экономиканың, әлеуметтің психологияның, педагогиканың ережелерін пайдаланатын кешенді пән болып табылады

Адамдар болған кезде қылмыс жасалды. Криминология пән ретінде қылмыс пен қылмыстық элементті зерттеу, оның себептері және оны болдырмау және алдын-алу. Криминология тарихы адамзат тарихының көп қырлы болып табылады.

Адамзат қоғамы мыңдаған жылдан бері дамып келе жатқандықтан, қылмыстың себептері мен оған қоғамның жауаптары туралы түсінігіміз бар.

Қазіргі заманғы криминологияның тарихы ежелгі уақытта өз тамырларын анықтайды. Тарих бойы адамдар бір-біріне қарсы қылмыс жасаған. Ежелгі уақытта жалпы жауап реакция болды; жәбірленуші немесе жәбірленушінің отбасы оларға қарсы жасалынған қылмысқа тиісті түрде жауап беруі керек еді.

Жиі бұл жауаптар өлшенген немесе пропорционал емес. Нәтижесінде, қылмыстық қылмыскер өзіне немесе өзіне қарсы жасалған әрекеттерге

байланысты жасалған қылмысқа сәйкес келмегендіктен өзін-өзі жәбірленуші ретінде сезінеді. Кейде ұрпақтарға арналған қан жиіліктері жиі дамиды.

Әрине, қылмыс барлық қоғамдар үшін проблема болғанымен, ерте қоғамдардағы қылмыстарға жауап беру өз проблемаларын тудырды. Белгілі бір қылмыстар мен тиісті жазалар анықталған заң бұзушылықтар үшін қанағаттанарлықсыз қылмыс үшін және қанды трагедияларды жою үшін құрбандардың кек алуына әкелді.

Бұл ерте әрекеттер қылмыс құрбаны үшін жазалауды жүзеге асыруға мүмкіндік берді, бірақ белгілі бір қылмысқа қарсы әрекет қылмыстың ауырлығына тең болуы тиіс екендігін анықтауға тырысты. Хаммурабидің кодексі ең ертерек болып табылады және, мүмкін, қылмыстар үшін белгіленген жаза шкаласын белгілеуге ең танымал әрекеттер. Кодексте жазылған қағидаттар «кек алу заңы» деп аталады.

Батыс мәдениетінде Киелі кітаптың ескі өсиетінде көптеген қылмыстық және жазалау туралы алғашқы ойлар сақталған. Тұжырымдама «көздің көзі» деген сөз тіркесімен оңай танылады.

Ертедегі қоғамдарда қылмыс, діни тұрғыда да көп нәрсені қарастырды. Қылмыстық актілер Құдайды немесе Құдайды ренжітті. Бұл тұрғыда кек алу актілері ақталып, құдайларға олардың қылмыс жасағанына қарсы әрекет етуіне жол ашады.

Қылмыс пен жаза арасындағы қарым-қатынасымыздың заманауи түсінігін грек пәлсапашылары Платон мен Аристотельдің жазбаларынан көруге болады, бірақ бұл олардың көптеген тұжырымдамаларының түбірін алу үшін мыңжылдықтан артық болмақ.

Платон қылмыстың көбінесе нашар білім берудің нәтижесі болып табылатындығын және қылмыстар үшін жазалаудың кінәсінің дәрежесіне қарай

бағалануы керек, бұл жағдайды жеңілдету мүмкіндігін беретін бірінші болып саналады.

Аристотель қылмысқа қарсы әрекет қылмыскер ретінде де, басқа да қылмыстар жасауға бейім болуы мүмкін басқа да әрекеттерді болдырмауға тырысу керек деген идеяны әзірледі.

Ең бастысы, қылмыс үшін жаза басқаларға кедергі келтіруі керек.

Роман республикасы қылмыстық кодекстерді қамтитын заңдардың кешенді кодексін әзірлейтін бірінші қоғам болды. Римдіктер заманауи құқықтық жүйенің шынайы прекурсорлары ретінде кеңінен танылады және олардың әсері әлі күнге дейін байқалады, өйткені латын тілі құқықтық терминологияның көп бөлігінде сақталады.

Рим қылмыстық әрекеттерге көбірек көзқараспен қарады, қылмыстық әрекеттерді құдайларға қарағанда қоғамға қарсы қорқыту ретінде қарастырды. Сондықтан, реттелген қоғамды қолдаудың құралы ретінде, үкіметтің функциясы ретінде жазаны анықтау мен жеткізу рөлі шешілді.

Батыста христиандықтың енгізілуі және таралуы қылмыс пен жаза арасындағы діни байланысқа қайта оралды.

Рим империясының құлдырауымен күшті орталық биліктің болмауы қылмысқа қатысты көзқарасқа кері әсер етеді.

Қылмыстық актілер шайтанның немесе Шайтанның әрекеті мен әсер етуі деп санала бастады. Қылмыстар күнәмен теңестірілді.

Ежелгі замандардан айырмашылығы, жазалар жиі Құдайға ұнамды болу үшін жасалған, жазалар «Құдайдың ісін орындау» контексінде жүзеге асырылды. Қатты жазалау күнә жасаған қылмыскерді тазартып, оларды шайтанның ықпалынан босатуға арналған.

Итальяндық жазушы Чезаре Беккария өзінің «Қылмыс пен жаза туралы» атты кітабында қылмыстың белгілі бір ауқымы мен қылмыстың ауырлығына негізделген тиісті жазалауды қолдады. Ол қылмыстың неғұрлым қатал екенін айтса, жаза неғұрлым қатал болуы керек.

Беккария судьялардың рөлі кінәні немесе кінәсіздікті анықтаумен шектелуі және заң шығарушы органдар белгілеген қағидаларға негізделген жаза беруі керек деп санайды. Шамадан тыс жазалар мен заңсыз судьялар жойылады.

Беккария, қылмысты болдырмау оның жазалауға қарағанда маңызды екенін айтты. Сондықтан қылмысты жазалау басқа адамдарды осы қылмыстарды жасаудан қорқытады.

Жедел сот төрелігін қамтамасыз ету, бірінші кезекте ықтимал салдар туралы ойлауға қылмыс жасағаны үшін біреуге сендіруге болатын еді.

Криминология қылмысты белгілі бір жағдайларда уақытша және кеңістіктік шекараларда зерттейді. Қылмысты зерттеу кезінде мыналар талданады: қылмыс немесе жеке қылмыстық мінез-құлық; әртүрлі белгілер бойынша анықталған қылмыстың жекелеген түрлері (жалпы қылмыстық, экономикалық, саяси, кәмелетке толмағандар, әйелдер; көлікте және т.б.); мемлекеттің белгілі бір аймағындағы, жалпы мемлекеттегі, адам қоғамындағы өзінің дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі қылмыс.

Философия қылмысты бұрыннан бар көптеген құбылыстардың бірі ретінде оның басқалармен қарым-қатынасы, өзара әрекеті тұрғысынан қарастырып, оны табиғат пен қоғамның жалпы заңдылықтарын зерттеумен байланыстыра талдайды.

Сонымен, криминология қоғамға, әртүрлі әлеуметтік құбылыстарға, адамдарға қылмыс пен қылмыстық мінез-құлық призмасы арқылы қарайды. Қылмыстан бастап, оның себептерін талдауға, онымен күресті ұйымдастыруға, оның алдын алуға тереңірек барған сайын криминалист қоғамда, табиғатта кездесетін көптеген кең және күрделі мәселелерге келіп тіреледі.

Әлемдік криминологияда қылмыс туралы әртүрлі түсініктер бар. Қылмысты әртүрлі авторлар «статистикалық» құбылыс ретінде де түсіндіреді және «моральдық ессіздік» түрі, адам патологиясының көрінісі немесе тек нашар қоғамның «демі» ретінде де түсіндіреді.

Жалпы қылмысты «әлеуметтік дисфункция құбылыстарының бір түрі» десек, «әлеуметтік организмнің жай-күйін, оның құрамдас бөліктерінің арасындағы алшақтықты сипаттайтын қоғам параметрлерінің бірі» ретінде зерттеу қажеттігі туындайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Гилинский Я.И. Генезис преступности. Проблема причинности в криминологии: Криминология: Теория, история, эмпирическая база, социальный контроль. СПб., 2002. С.30-39.

2. Гилинский Я. Девиантология: Социология преступности, наркотизма, проституции, самоубийств и других «отклонений». 2-е изд. СПб., 2007. м.191-199.

3. Гуров А.И. Профессиональная преступность. Прошлое и современность. М., 1990; Разинкин В.С. Глава «Профессиональная преступность» в учебнике «Криминология»/ Под ред. А.И. Долговой, М., 1997.

4. Алауханов Е.О. Криминология: оқу құралы.-Алматы, 2006.

5. Орсаяева.Р.А. Криминология: оқу құралы. - Өскемен: ШҚМУ, «Берел» баспасы. - 2020. - 201 б.

ӘОЖ 631.15

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ

Асылбекова Н.П.

Ғылыми жетекші: Ахметова Л.М.

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті

Өскемен қ., Қазақстан, E-mail: nazylyasylbekova@gmail.com

Шағын және орта бизнес (ШОБ) секторының маңыздылығы және оны дамыту қажеттілігі бүкіл әлемде мойындалды. Бұл ретте ауыл шаруашылығындағы шағын және орта кәсіпкерліктің маңыздылығы, оның мемлекеттің жалпы ішкі өніміне қосқан елеулі үлесі және қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы маңызды рөлді көптеген зерттеуші ғалымдар атап өтті [1]. Олар отандық АӨК-де

шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың міндеті ауыл халқының әл-ауқатын, ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, ауыл өмір салтын сақтау және қоғамның, бизнес пен мемлекеттің мүдделері мен мақсаттарын үйлестіру болуы тиіс екенін айқындайды [2].

Әр түрлі елдердің экономикасының ЖІӨ-дегі ШОБ үлесінің әлемдік көрсеткіштері әртүрлі мәндерге ие және әртүрлі, мысалы, Ресейде 20,8%-дан бастап АҚШ-та 56%, Өзбекстанда 56,9%, Қытайда 60%, Израильде 62,3%-ке дейін[3].

Кесте 1 - 2017-2021 жж. экономика салалары бойынша Қазақстан Республикасы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің құрамы мен құрылымы

Сала	2017 жыл		2018 жыл		2019 жыл		2020 жыл		2021 жыл	
	мың бірлік	%	мың бірлік	%	мың бірлік	%	мың бірлік	%	мың бірлік	%
Ауыл шаруашылығы	222,2	19,4	231,3	18,6	252,3	19,0	260,8	19,2	261,1	18,2
Өнеркәсіп	94,3	8,2	103,6	8,3	116,4	8,7	129,2	9,5	145,8	10,2
Көтерме және бөлшек сауда	408,2	35,6	434,8	35,0	442,4	33,2	436,1	32,1	456,8	32,0
Қызмет көрсету	250,6	21,9	272,1	21,9	289,9	21,8	300,4	22,2	313,0	21,9
Білім, денсаулық сақтау және өнер	29,2	2,5	34,6	2,8	41,1	3,1	44,2	3,3	50,5	3,5
Қызметтердің басқа түрлерін ұсыну	141,5	12,3	164,9	13,3	188,2	14,2	186,6	13,7	204,4	14,2
Барлығы	1146,0	100,0	1241,3	100,0	1330,2	100,0	1357,3	100,0	1431,6	100

Ескерту: Кесте [4] оқу құралындағы мәлімет бойынша құрастырылған


Соңғы жылдары Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы да оң үрдістерге ие. ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі 2015 жылғы 24,9% - дан 2021 жылы 33,5% - ға дейін айтарлықтай өсті. Бұл ретте ЖІӨ-ге салым 26,8% -ды құрады. Сонымен қатар, бұл көрсеткіштер шағын және орта кәсіпкерлік секторын, әсіресе өндіріс саласында дамыту әлеуеті толық іске асырылмағанын айғақтайды. Бұл нақты сандық мәліметтермен расталады.

Шағын және орта кәсіпорындардың, оның ішінде ауыл шаруашылығындағы кәсіпорындардың санын ұлғайтуға, сондай-ақ көлемі мен әртүрлілігі бойынша азық-түлік тұтыну нарығын кеңейтуге бағытталған мемлекеттік саясат экономиканың осы секторының оң даму динамикасына айтарлықтай әсер етті. Бұл осындай кәсіпорындар санының 222,2 мыңнан 261,1 мыңға дейін ұлғаюына әкелді, бұл 17,5% -ды құрайды (өсу қарқыны кезең ішінде орта есеппен 4,1% - құрады).

1-суретте көрсетілген деректерден көрініп тұрғандай, ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі өндірушілері барлық шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің орта есеппен 84,5% құрайтын шаруа немесе фермер қожалықтары болып табылады.

ШОБ субъектілері елдің ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім өндірісінің жартысына жуығын қамтамасыз ете алды, бұл өндіріс көлемінің тұрақты өсуін

көрсетеді (орта есеппен 19,6%). Сонымен қатар, бұл көрсеткіш өндірушілердің осы санаты үшін өндірістің жеткілікті төмен көлемін көрсетеді, өйткені олардың ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің жалпы құрамындағы үлес салмағы 99,6% құрайды (2-кесте).



Сурет 1 - Ауыл шаруашылығындағы ШОБ субъектілері санының құрылымы, % ескерту-авторлар дереккөз негізінде құрастырған
Ескерту: Сурет [4] оқу құралындағы мәлімет бойынша құрастырылған

Кесте 2 - 2018-2022 жылдардағы ҚР ауыл шаруашылығындағы ШОБ өнімдерінің жалпы шығарылымының динамикасы мен құрылымы

Көрсеткіштер	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	Өсу қарқыны 2022 жылдың 2018 жылға қарай, %
Ауыл шаруашылығындағы өнімнің жалпы шығарылымы, млрд. теңге	4070,9	4474,1	5151,2	6334,7	7549,8	185,5
оның ішінде ауыл шаруашылығындағы ШОБ ЖІӨ, млрд. теңге	1822,7	2057,2	2510,2	3118,7	3765,0	206,6
Өсу қарқыны, %	118,3	112,9	122,0	124,2	120,7	-
Ауыл шаруашылығындағы ШОБ өнімінің жалпы шығарылымының үлес салмағы, %	44,8	46,0	48,7	49,2	49,9	-
ШОБ өнімін шығару барлығы, млрд. теңге	23241,1	26473,0	32387,0	33627,0	41952,6	180,5

Ауыл шаруашылығындағы ШОБ өнімінің жалпы шығарылымының ШОБ өнімінің жалпы шығарылымындағы үлес салмағы, %	7,8	7,8	7,8	9,3	9,0	-
---	-----	-----	-----	-----	-----	---

Ескерту: Кесте [4]) оқу құралындағы мәлімет бойынша құрастырылған

Талданып отырған кезеңде ауыл шаруашылығы өнімін өндіру көлемінің өсуі 185,5%-ды құрады. Өндірістің айтарлықтай өсімін шаруа немесе фермер қожалықтары - 1129,1 млрд. теңге қамтамасыз ете алды. Айта кету керек, жеке кәсіпкерлердің үлесіне өндірілген өнімнің шамалы көлемінің 0,1-ден 7,4% - ға дейін келеді, сонымен бірге оның көлемінің өсуі 133 есені құрады. Бұл үрдіс, ең алдымен, жеке кәсіпкерлердің сандық құрамымен, сондай-ақ өндірістік мүмкіндіктердің біртіндеп өсуімен, жеңілдетілген лизинг бағдарламасы шеңберінде материалдық-техникалық базаның жаңаруымен байланысты.

Для реструктуризации дебиторской задолженности такие авторы как Шелковников С. А., Федоров М. Н. и Кокорин А. В. предлагают использовать такие финансовые инструменты как факторинг, форфейтинг, учет векселей, а также использование кредитной линии или простого банковского кредита. Для стимулирования своевременной уплаты дебиторской задолженности предприятия также предлагают контрагентам скидки при уплате в определенный день. Некоторым партнерам могут не понравиться указанные меры, поэтому фирме стоит быть осторожной с их применением и грамотно оценивать ценность отношений с определенными лицами.

Гукова А. В. и Клопов В. Н. не предлагают в своей работе никаких дополнительных методов для реструктуризации задолженностей, они в целом сходятся во мнении с предыдущими авторами. Кроме того, они разработали матрицу финансовых решений для этого процесса, которая, на их взгляд, выделяет основные опасности и рекомендации по реструктуризации.

Существующие методы антикризисного управления можно подразделить на следующие группы: методы, направленные на сокращение затрат и оптимизацию бизнес-процессов; методы, подразумевающие введение инноваций (для увеличения поступлений денежных средств, увеличения эффективности управления, усовершенствование продукции, дизайна и пр.); реструктуризация, реинжиниринг

и реорганизация предприятия, являются методами, которые несут за собой наиболее кардинальные преобразования. Реструктуризация кредиторской и дебиторской задолженности является методом, который подразумевает не непосредственное воздействие на бизнес-процессы компании, а переговоры с дебиторами и кредиторами для изменения условий кредитования на более выгодные для предприятия. Также антикризисное управление может использовать различные инструменты для оптимизации деятельности предприятия и управления им, которые могут быть заимствованы из любых других направлений менеджмента.

Метод сокращения затрат и оптимизации бизнес-процессов является довольно популярным и применяется многими компаниями в их деятельности.

Метод проведения распродаж является разновидностью данных методов. При проведении распродаж фирма должна прежде определить цели данного действия, оценить необходимые затраты и выгоды, которые она может получить. Можно сказать, что основными эффектами от проведения распродаж является увеличение оборота, повышение осведомленности о компании и привлечение новых потребителей, сбыт старых товаров, стимуляция спроса, увеличение маржинального дохода. В условиях кризиса предприятию могут понадобиться дополнительные денежные средства для расчетов с кредиторами, которые при условии проведения распродаж высвобождаются более быстро. Метод оценивания эффекта от проведения распродаж сезонной продукции на примере ООО «Максидом» представлен мной на страницах 36-41. На странице 38 предложена формула, по которой можно принять решение о проведении распродаж. Компания грамотно применяет метод для увеличения своих показателей дохода, активизации покупателей и приобретения возможности обновления ассортимента [6].

Проанализировав ликвидность и платежеспособность Максидома можно увидеть, что не все показатели достигают общепринятых норм, а доля краткосрочной кредиторской задолженности довольно велика, соотношение заемного и собственного капиталов больше чем 1:1. Однако в данном случае нельзя говорить о неспособности фирмы управлять своими средствами. Этот вывод можно сделать, зная, что в анализируемые периоды она осуществляла расширение сети посредством строительства новых гипермаркетов для увеличения оборота, что подтверждает значительное увеличение счета внеоборотных активов в балансе организации. Основными угрозами, выявленными в результате анализов в таблицах 14 и 15 на стр. 43-44, для компании является снижение спроса вследствие кризисного положения в стране, нарастающей конкуренции, а также несовременного вида гипермаркетов, тогда как основные преимущества, которыми фирма должна пользоваться это: широкий ассортимент, положительный образ бренда и его популярность в РК.

Список литературы

1. Адаменко, М. А., Хаджиев М. Р. Реструктуризации как метод антикризисного управления / М. А. Адаменко, М. Р. Хаджтев // Труды грозненского государственного нефтяного технического университета им. Академика М. Д. Миллионщикова. - 2017. №3. – С. 254-258.

2. Адизес, И. Управление жизненным циклом корпораций / Ицхак Калдерон Адизес; пер. с англ. В. Кузина. — М.: Манн, Иванов и Фербер. - 2016. — 36 с.
3. Бабаева, З. Ш. Как вывести предприятие из финансового кризиса / З. Ш. Бабаева // Актуальные проблемы современной науки. - 2015. №6(56). – С. 29.
4. Балашов, А.П. Антикризисное управление: Учеб. пособие /Балашов А. П. - Новосибирск: ГУП РПО СО РАСХН. - 2014. - 176 С.
5. Балтачева, Н. Р. Бережливое производство как метод повышения эффективности на предприятии / Н. Р. Балтачева // Science time. - 2015. №8(20). – С.28.
6. Баутов А.Н., Тронев О.В. Комплексный показатель эффективности антикризисного управления страховой организацией и критерии его оценки / А. Н. Баутов, О. В. Тронев // Страховое дело. - 2019. № 7. – С. 10–12.

ӘОЖ 336.22

МЕМЛЕКЕТТІК САЛЫҚТЫҚ БАҚЫЛАУ

Бекенова М.

Ғылыми жетекші: Шайханова Н.К.

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

E-mail: bekenovamadina10@gmail.com

"Мемлекеттік салықтық бақылау" Тақырыбы Қазіргі қоғам үшін өзекті және маңызды болып табылады, мұнда салықтар мемлекеттің қаржылық тұрақтылығында маңызды рөл атқарады. Мемлекеттік салықтық бақылау салық төлеушілердің салық заңнамасын сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар жүйесі болып табылады. Бұл аннотацияда Мемлекеттік салықтық бақылаудың негізгі аспектілері, оның мақсаттары, принциптері, әдістері мен құралдары қарастырылады. Оның салық түсімдерін жинаудағы, салықтық құқық бұзушылықтармен күресудегі және салық жүйесінің тиімділігін қамтамасыз етудегі рөлі талданады. Аннотацияда ұсынылған зерттеу аспектілері Мемлекеттік салықтық бақылаудың мәнін және оның экономиканың тұрақты дамуы мен мемлекеттің қаржылық тұрақтылығы үшін маңыздылығын жақсы түсінуге көмектеседі.

Мемлекеттік салықтық бақылау-бұл салық төлеушілердің салық заңнамасын сақтауын бақылау үшін мемлекеттік салық органдары жүргізетін тексерулер мен іс-шаралар жүйесі. Қазақстан Республикасының егемен өмір сүрген жиырма жыл ішінде салық жүйесіне елеулі өзгерістер енгізілді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 35-бабына сәйкес белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әрбір азаматтың міндеті болып табылады. Салықтар мемлекет біржақты тәртіппен белгілейтін мемлекеттің саяси және экономикалық қызметін қаржыландырудың негізгі көзі болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы салық жүйесінің эволюциясы реформалаудың төрт кезеңінен өтті. Қазақстан Республикасындағы салық жүйесінің эволюциясы

экономикалық ахуалды жақсартуға, инвестицияларды ынталандыруға, кәсіпкерлікті және елдің жалпы экономикалық дамуын қолдауға бағытталған өзгерістер мен жетілдірулердің серпінді процесін білдіреді. Қазақстанның салық жүйесіндегі маңызды өзгерістер 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан бастап қазіргі уақытқа дейін болды.

Төменде Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі эволюциясының негізгі кезеңдері келтірілген:

1. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары (1991-2000):

- 1991 жылы Тәуелсіздік басталған кезеңде Қазақстан бірқатар жаңа салықтарды енгізіп, Кеңес Одағының ескірген салық жүйелерін жойды.

- Нарықтық экономикаға көшу процесі басталды, бұл әлемдік стандарттарды ескере отырып, салық саясатындағы өзгерістерге әкелді.

2. Тұрақтандыру және нығайту (2000-2010):

- Осы кезеңде Үкімет салық жүйесін жеңілдетуге, салық ставкаларын төмендетуге және салықтық әкімшілендіруді жақсартуға назар аударды.

- Салықтық жеңілдіктер мен инвесторларды ынталандыру арқылы шетелдік инвестицияларды тартуға күш салынды.

3. Модернизация және әртүрлілік (2010-2019):

- Салық жүйесі дами берді, салық салу процестерін цифрландыру және автоматтандыру күшейе түсті.

- Реформалар салықтық әкімшілендіруді жақсартуға, бюрократияны азайтуға және ашықтықты арттыруға бағытталған.

4. Заманауи өзгерістер (2019 жылдан кейін):

- Салықтық алдын алу мен жалтаруға, оның ішінде заманауи технологиялар мен аналитиканы қолдана отырып, күшейтілген бақылау жүргізіледі.

- Бухгалтерлік және салықтық есепті цифрландыруды ынталандыру, сондай-ақ электрондық салықтық әкімшілендіруді енгізу жөніндегі бағдарламалар дамуда.

Салық жүйесі ел экономикасының тиімділігі мен тұрақтылығын арттыруға ұмтыла отырып, экономикалық дамудың, халықаралық стандарттардың және кәсіпкерліктің қажеттіліктерінің талаптарына үнемі бейімделетінін атап өткен жөн.

Қазақстандағы мемлекеттік салықтық бақылау Қазақстан Республикасының Салықтар мен алымдар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Бақылау салық төлеушілердің салық туралы заңнаманы сақтауын, салық төлемдерін дұрыс есептеуді және уақтылы төлеуді қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

Мемлекеттік салықтық бақылау шараларына мыналар жатады:

1. Салықтық тексерулер: бұл салық органдары салық төлеушінің қаржылық және экономикалық қызметін талдайтын жоспарлы немесе жоспардан тыс тексерулер. салықтық тексерулер салық төлеушінің қаржылық, шаруашылық және салық есептілігін талдау мақсатында салық органдары жүргізетін ресми аудиторлық тексерулер болып табылады. Бұл тексерулер салық органдарының жағдайлары мен мақсаттарына байланысты жоспарлы (алдын ала жоспарланған) және жоспардан тыс (белгіленген кестеден тыс жүргізілетін) болуы мүмкін. Салықтық тексерулер салық төлеушінің салық заңнамасының талаптарын сақтауын

қамтамасыз ету үшін кірістер, шығыстар, салық төлемдері және басқа қаржылық операциялар туралы деректерді талдайды.

2. Салық аудиттері: бұл салық заңнамасын бұзу тәуекелдерін анықтау және бағалау мақсатында салық төлеушінің қаржылық-экономикалық қызметін жан-жақты зерттеу. салық аудиті салық заңнамасының сақталуын бағалау, ықтимал салық тәуекелдерін анықтау және бұзушылықтардың алдын алу мақсатында салық төлеушінің қаржылық-экономикалық қызметін кешенді зерттеу болып табылады. Бұл процесті кәсіби аудиторлар немесе салық мамандары жүзеге асырады және салық есептілігін, бухгалтерлік есепті, салықтық есептеулерді және басқа қаржылық ақпаратты талдауды қамтиды.

Салық аудитінің мақсаты-салық төлеушінің салық заңнамасының талаптарын сақтауын, өзінің қаржылық операцияларын дұрыс есепке алуын және ашуын қамтамасыз ету, сондай-ақ қолданыстағы заңнама шеңберінде салық міндеттемелерін оңтайландыру. Салық аудитінің нәтижелері салықтық жоспарлауды жақсартуға және салыққа байланысты ықтимал тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді.

3. Салық есептілігінің дұрыстығын бақылау: салық төлеушілердің салық декларациялары мен есептерін дайындауы мен ұсынуының дұрыстығын тексеру. салық есептілігінің дұрыстығын бақылау салық төлеушілер ұсынатын салық декларациялары мен есептерінің салық заңнамасының талаптарына сәйкестігі мен дұрыстығын тексеру процесі болып табылады. Бұл салық төлеушілер есептілікте хабарлаған ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік салықтық бақылаудың маңызды шарасы.

Салық декларациялары мен есептерін тексеру кірістер, шығыстар, салық шегерімдері, төленген салықтар және басқа салық міндеттемелері туралы ұсынылған деректерді талдауды қамтиды. Ол қателіктерді, олқылықтарды немесе салық төлемдерін дұрыс есептемеуді анықтауға бағытталған.

Қазақстан Республикасының Конституциясымен әрбір азамат өзінің салық міндеттерін орындауға міндетті.

Заңсыз кәсіпкерлік қызметпен күресу мақсатында салық органдары тиісті бақылауды жүзеге асырады. 2024 жылдан бастап банк мекемелері жеке кәсіпкерлердің мобильді аударымдары туралы ақпарат беретін болады. Күнтізбелік үш ай ішінде ай сайын 100 түрлі адамнан мобильді аударымдар алатын азаматтар бақылауға алынады.

2022 жылдан бастап процесті жеңілдету үшін кассалық аппараттардың (БКМ) функцияларын екінші деңгейдегі банктердің POS-терминалдарымен біріктіру бойынша пилоттық жоба жүргізілуде. Бұл БКМ мен POS-терминалдан бір чек беруге мүмкіндік береді. Бұл жобаға "Каспий банкі" АҚ, "Халық банкі" АҚ және "Банкцентркредит" АҚ тартылған.

Сондай-ақ, БКМ-ден чектер берілмеу жағдайларын анықтауға бағытталған "Азаматтық бақылау-Чекті талап ет" атты акция өткізіледі. Егер сіз бұзушылықтарға тап болсаңыз, олар туралы "Wipon cashback" тегін мобильді қосымшасы арқылы хабарлауға болады.

Аталған өзгерістер адал салық төлеушілерге әсер етпейтінін және тек заңсыз кәсіпкерлік қызметпен күресуге бағытталғанын атап өтеміз. Жеке тұлғалар

туыстарына, достарына көмектесу және басқа да өмірлік жағдайларды шешу сияқты жеке мақсаттар үшін мобильді аударымдарды жүзеге асыра алады және қабылдай алады. Осылайша, салық органдары салық ставкалары төмен режимдерді қамтамасыз ете отырып, бизнесті заңды жүргізу үшін қолайлы жағдайлар жасады.

Салық есептілігін жасау ережелерін дәл сақтау әділ салық төлемдерін белгілеу, қаржылық тәртіпті сақтау және салық төлеушілердің өз міндеттерін заңға сәйкес орындайтынына сенімді болу үшін үлкен маңызға ие.

Әлемнің әртүрлі елдеріндегі мемлекеттік салықтық бақылау ұлттық заңнамаға, мемлекеттік құрылымдардың ұйымдастырылуына, салық салу саласындағы экономиканың даму деңгейіне және дәстүрлеріне байланысты әртүрлі ерекшеліктерге ие болуы мүмкін. Төменде Қазақстан Республикасындағы және кейбір басқа елдердегі мемлекеттік салықтық бақылаудың жалпы салыстыруы келтірілген.

АҚШ:

- АҚШ-та салықтық бақылауды федералды салық жинау агенттігі Internal Revenue Service (IRS) жүзеге асырады.

- Салық аудиттері жүргізіледі, оған салық есептілігін тексеру және салық заңнамасының сақталуын бағалау кіреді.

- Салық ережелерін бұзғаны үшін айыппұлдар жүйесі бар.

Ресей:

- Ресейде мемлекеттік салықтық бақылауды Федералды ішкі кірістер қызметі (FNS) жүзеге асырады.

- Салық төлеушілердің салық Заңнамасына сәйкестігін тексеру үшін салықтық тексерулер мен аудиттер жүргізіледі.

- Салықтық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік және қылмыстық санкциялар енгізілді.

Қытай:

- Қытайда Мемлекеттік салықтық бақылауды ұлттық салық басқармасы (Taxation State Administration) жүзеге асырады.

- Салық міндеттерінің орындалуын тексеру үшін салықтық тексерулер мен аудиттер жүргізіледі.

- Салық заңдарын бұзғаны үшін әкімшілік және қылмыстық жазалар жүйесі бар.

Бұл елдердегі мемлекеттік салықтық бақылаудың жалпы белгілеріне тексерулер, аудиттер жүргізу, салық есептілігін бақылау және салық заңнамасын бұзғаны үшін санкциялар қолдану жатады. Алайда, әр елдің ұлттық заңнама мен экономикалық жағдайлар аясында талданатын өзіндік ерекшеліктері мен ережелері бар.

Қорытынды: Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік салықтық бақылау салық жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады және елдің қаржылық тұрақтылығы мен теңгерімді әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Салықтық бақылаудың ойластырылған және тиімді жұмыс істейтін жүйесі салық төлеушілердің салық заңнамасын сақтауына кепілдік беріп

қана қоймай, Мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды қажетті қаржыландыруды қамтамасыз ете отырып, бюджет түсімдерін жақсартуға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында біз Қазақстандағы мемлекеттік салықтық бақылаудың негізгі аспектілеріне, оның ішінде оны ұйымдастыруға, негізгі принциптер мен құралдарға назар аудардық. Осы аспектілерді талдай отырып, ұлттық деңгейдегі салықтық бақылау тетіктерін әзірлеу және жетілдіру экономиканың тұрақты жұмыс істеуі, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету және мемлекет пен оның азаматтарының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін маңызды буын болып табылатыны анық.

Қазақстанда мемлекеттік салықтық бақылаудың тиімді жұмыс істеуі ішкі және әлемдік экономикалық ортаның өзгермелі жағдайларына үнемі жетілдіруді және бейімделуді талап ететінін атап өткен жөн. Заманауи технологияларды енгізу, қаржы ағындарын талдау және мониторингтеу әдістерін жақсарту, салықтық бақылау процестерінің ашықтығы мен ашықтығын арттыру — осы тетіктің тиімділігін арттыруға және болашақта елдің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін негізгі аспектілер.

Осылайша, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік салықтық бақылау мемлекеттің орнықтылығына кепілдік бере отырып және оның экономикалық өсуі мен әлеуметтік әл-ауқатына ықпал ете отырып, қаржы жүйесінің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл саланы дамыту барлық мүдделі Тараптардың тұрақты назарын, жетілдіруін және келісілген күш-жігерін талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. "Мемлекеттік салықтық бақылау: теория және практика". Авторлары: Иванов А.И., Сергеев В. М. - салықтық бақылау негіздеріне, оның функциялары мен әдістеріне арналған оқу құралы.

2. "Салық құқығы. Салық міндеттерінің орындалуын бақылау". Авторы: Барабанов А. В. - салықтық бақылаудың құқықтық аспектілерін қамтитын оқу құралы.

3. "Tax Audit: Theory and Practice". Авторы: Генри Л. Розен. - Салық аудитінің теориясы мен практикасына шолу жасайтын ағылшын тіліндегі кітап.

4. "Tax Evasion and Avoidance: Strategies and Enforcement". Авторы: Фредерик Ли. - Салық төлеуден жалтару стратегияларын және олардың жолын кесуді талдайтын ағылшын тіліндегі кітап.

5. "Tax Administration: A Comprehensive Approach to Strategies, Practice, and Compliance". Авторы: Margaret Ryznar. - Салық жүйесін басқару және салық міндеттемелерін сақтау тәсілдерін қарастыратын ағылшын тіліндегі кітап.

6. "Салықты басқару: теория және практика". Авторлары: Левина Е. В., Миронова Ю. А. - салықтарды басқару және салықтық бақылауға арналған оқу құралы.

7. "Салықтық бақылау теориясы мен практикасы". Авторлары: Титков В. И., Самородова И. Н. - салықтық бақылаудың теориялық негіздері мен практикалық аспектілерін қамтитын кітап.

8. "Трансшекаралық салықтық бақылау: халықаралық тәжірибе және ресейлік тәжірибе". Автор: Антоненко Н. Г. - трансшекаралық салықтық бақылауды талдаумен айналысатын Монография.

ЗАҢСЫЗ АҢШЫЛЫҚ ӘРЕКЕТІНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМА

Болат М.

Ғылыми жетекші: Орсәева Р.А., заң ғ.к., PhD,
қауымдастырылған профессор
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан,
e-mail: r_orsaeva_60@mail.ru

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстанда жан-жануарлардың, құстардың, балықтар мен өсімдіктердің ондаған түрі жойылып кету қаупінің алдында тұр. Табиғатты қорғау - мемлекеттік маңызы зор іс», деп атап көрсетті. Осы жерде қойғым келетін сұрақ, неліктен? Неліктен жойылып кету қаупі туындауда? Басты себеп-заңсыз аңшылық...» деген болатын.

Аңшылық - қараусыз жүрген жабайы құстар мен жыртқыш аңдарды аулау. Ал заңсыз деп, аты айтып тұрғандай, заңсыз түрде аңшылық жасаудың жолдарын айтамыз.

Заңсыз аңшылық-заңсыз пайда көзі. Өйткені қазір қара базарда «мүйіз саудасы» қызып тұр. Бейресми мәліметтерге сүйенсек, киік мүйізінің бір келісі қара нарықта 2-3 мың АҚШ доллары тұрады.

Ал, Қытайда 5-7 мың доллар аралығында бағаланады екен. Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау қауымдастығының мәліметінше, халықаралық сауда қажеттіліктері үшін кейбір елдерде сұраныс жоғары. Мысалы, Сингапур елдері, одан басқалары да жетіп артылар.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 337 бабында қарастырылған. 337 баптың 1-ші тармағына сәйкес, заңсыз аң аулау, оның ішінде атыс, пневматикалық, лақтырылатын, суық қаруды, қолға түсірудің басқа да құрал түрлерін, иттерді, аушы жыртқыш құстарды, салт атты, жегін көлікті қолданып заңсыз аң аулау, егер бұл іс-әрекет айтарлықтай залал келтіре отырып жасалса, сол сияқты жарылғыш құрылғыларды немесе жануарларды жаппай қырып-жоятын өзге де құралдарды, авиа-, авто-, мотокөлік құралдарын, оның ішінде қарда жүретін техниканы не шағын көлемді кемелерді қолданып заңсыз аң аулағаны үшін кінәләнең мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады [1].

Заңсыз аңшылық қылмысының объектісі - жануарлар дүниесін қорғау және тиімді пайдалану жөніндегі қатынастар.

Аңшылық - табиғи бостандық жағдайында жүрген жабайы аңдар мен құстарды аңду, алу мақсатын көздеген әрекет.

Заңсыздық деп тыйым салынған орын, тыйым салынған мерзім, тыйым салынған құралдар мен тәсілдер арқылы аңшылық жасауды айтамыз.

Заңсыз аңшылық:

-механикалық көлік құралдарын немесе әуе көлігін, жарылғыш заттарды, газдарды және құстар мен аңдарды жаппай қырып-жоюдың өзге әдістерін қолданып;

-ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен төтенше экологиялық ахуал аймақтарда жасалса ғана заңсыз әрекет ретінде сараланады.

Заңсыз аңшылық жолымен алынған жануарлар дүниесінің құны арнаулы заңда белгіленген белгілі бір кесімді баға арқылы анықталады.

Кей кездері тәжірибеде сарапшылардың сараптамасына да жүгінетін жайттар кездеседі [2, 320].

Қазақстан Республикасының Ішкі Істер Министрлігінің мәліметінше, заңсыз аң аулаудың алдын алу үшін бірқатар шаралар қолданып жатыр. Биыл аң аулау ережелерін бұзудың 5 мыңнан астам фактісі анықталып, оның 80-і бойынша сотқа дейінгі тергеу басталған.

Небәрі жеті жарым жыл ішінде Құқықтық статистика комитетінің ресми деректері бойынша, Қылмыстық кодекстің «Заңсыз аңшылық» және «Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарларды, сондай-ақ жануарлар түрлерін заңсыз ұстау, пайдалануға тыйым салынған өсімдіктер немесе жануарлар, олардың бөліктері немесе өнімдерін пайдалану» баптары бойынша 2951 оқиға тіркелген.

Қазақстан бұл мәселемен браконьерлік үшін жазаны күшейту арқылы күресіп жатыр. 2019 жылы билік ең жоғары бас бостандығынан айыру жазасын 5 жылдан 12 жылға дейін ұлғайтты, сондай-ақ заңсыз аңшылық үшін айыппұлдарды да көтерді: өтемақының ең көп мөлшері — 3000 АЕК - барыс пен тау қойын жою үшін қарастырылған.

Ресми статистикаға жүгінсек, заңсыз аңшылыққа қатысты іс саны он жылда азайды. 2021 жылы 332 жағдай тіркелді, бұл 2015 жылмен салыстырғанда 1,5 есе аз [3].

Өткен жылы республика бойынша 2 мыңнан астам заңсыз аңшылық фактісі анықталды. Бұл туралы ҚР ІІМ-нің тіл саясаты және ақпарат департаментінің мәліметінше, «республика бойынша 2 мыңнан астам заңсыз аңшылық фактісі анықталып, олар бойынша 105 қылмыстық іс қозғалды. Аңшылық ережесін бұзғаны үшін 2205 адам әкімшілік жауапқа тартылды. Браконьерлерден 897 заңсыз аңшылық объектісі, 3,5 мыңнан астам құқық бұзушылық жасау құралы, оның ішінде 1067 бірлік атыс қаруы тәркіленген.

Тағы да Қазақстан Республикасының Ішкі Істер Министрлігінің ақпаратына сәйкес, Шығыс Қазақстан облысында табиғатты қорғау полициясының қызметкерлері аңшылық үшін тыйым салынған мерзімде Сібір елігін атқаны үшін тұрғылықты азаматты ұстап, ол адаммен мемлекетке келтірілген зиян 140 мың теңгені құраған. Жыл басынан бастап облыста орман ағаштарын заңсыз шабу, заңсыз балық аулау және аң аулау фактісі бойынша төрт қылмыстық іс қозғалған [4].

Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 385-бабы аңшылық шаруашылығын жүргізу қағидаларын бұзғаны үшін жауаптылық жүктеген.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 385-бабы бойынша, аңшылық шаруашылығын жүргізу қағидаларын [5]:

1) аңшылық алқаптарда болуды заңсыз шектеу;
2) аң аулаудың тыйым салынған түрлерін, тәсілдерін және мерзімдерін қолдану;

3) бекітіліп берілген аңшылық алқаптарда жануарлар дүниесін қорғауды, молайтуды және пайдалануды ұйымдастыруды қамтамасыз етпеу түрінде жасалған бұзушылық, егер бұл әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, жеке тұлғаларға үш, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне - он, орта кәсіпкерлік субъектілеріне - жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 385-бабының бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде үш және одан да көп рет қайталап жасалған әрекет, егер бұл әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не аңшылық шаруашылық жүргізу құқығынан айыруға әкеп соғады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясы)

2. Орсаяева Р.А. Қазақстан Республикасы қылмыстық құқығы (ерекше бөлім), - Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, «Берел» баспасы, 2019. - 503 б.

3. ҚР-да жануарларды қорғау саласы ақсап тұр [Электронды ресурс] <https://kaz.kazlenta.kz/main/5859>

4. ...заңсыз аңшылық фактісі анықталды [Электронды ресурс] <https://www.kt.kz/>

5. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Кодексі (қолданыстағы редакциясы).

ӘОЖ 343.244

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ПРОФИЛАКТИКАСЫ

Болатқызы Қ.

Ғылыми жетекші: Орсаяева Р.А., заң ғ.к., PhD,
қауымдастырылған профессор

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: r_orsaeva_60@mail.ru

Қазақстан Республикасының «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV Заңы Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдарының және

азаматтарының құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі қызметінің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды [1].

«Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңның 3-бабының 1-тармағы бойынша, заңның мақсаты құқық бұзушылық профилактикасы саласында бірыңғай мемлекеттік саясат белгілеу болып табылады. Заңның міндеттері:

- 1) адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғауды қамтамасыз ету;
- 2) құқық бұзушылық деңгейін төмендету;
- 3) құқық бұзушылық профилактикасы жүйесін жетілдіру, сондай-ақ оларға итермелейтін себептер мен жағдайларды анықтау, зерделеу, жою;
- 4) арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж адамдарды әлеуметтік бейімдеу және әлеуметтік оңалту;
- 5) құқық бұзушылық профилактикасы субъектілерінің қызметін үйлестіру;
- 6) азаматтардың құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру;
- 7) азаматтар мен ұйымдардың құқық бұзушылық профилактикасына қатысуларын қамтамасыз ету болып табылады.

Құқық бұзушылық профилактикасы:

- 1) адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау және сақтау;
- 2) заңдылық;
- 3) жариялылық;
- 4) құқықтар мен міндеттердің бірлігі;
- 5) ізгілік;
- 6) ғылыми негізділік;
- 7) жеке өмірге қол сұғылмаушылық;
- 8) құқық бұзушылық профилактикасында алдын алу шараларының жазалау шараларынан басымдығы;
- 9) кешенділік пен жүйелілік принциптеріне негізделеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 10-бабына сәйкес, Қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар болып бөлінеді.

Қылмыстық Кодексте айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады.

Қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, жеке адамға, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке болмашы зиян келтірген не зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодекстің 10 бабында қарастырылған. 10 бап бойынша: «... жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты қоғамдық қауіпті әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады. Қылмыс бірнеше

белгілермен сипатталады, олар: оның қоғамға қауіптілігі, құқыққа қайшылығы, кінәлілік пен жауапкершілік [2].

Құқық бұзушылық - қоғамға зиян келтіретін және заң бойынша жазаланатын қоғамға қарсы әрекет. Құқық бұзушылық: азаматтық (жеке басқа, азаматтың немесе заңды тұлғаның мүлкіне зиян келтіру, азаматтың абыройы мен қадір-қасиетін қаралайтын мәліметтерді тарқату және т.б.), әкімшілік (ұсақ бұзақылық жол ережесі тәртібін бұзу), тәртіптік (жұмыстан кешігу, жұмысқа бармау және т.б.) теріс қылық және т.т. Құқық бұзушылықтың барынша қауіпті түрі қылмыс болып табылады.

Құқық бұзушылық - қоғамның, мемлекет пен жеке адамның мүдделеріне зиян келтіретін субъектінің кінәлі, құқыққа қарсы, қоғамға қауіпті әрекеті.

Заңның талаптарына теріс пиғыл-құқық бұзушылықтың қайнар бұлағы. Құқық бұзушылық – құқыққа қарсы қылықтан көрініс табады.

Құқық бұзушылық заңды, оның қағидаларын құқықтық нормалар жүктеген міндеттерді бұзу, тыйым салынған әрекеттерді жасау. Ол адамдардың іс-әрекеті, қылығы, мінезі немесе әрекетсіздігімен сипатталады. Адам өзінің іс-әрекеті, қылығы арқылы басқа адамдармен, қоғаммен, мемлекетпен қарым-қатынасқа түседі. Заң бұзушылық адаммен мінез-құлық арқылы байқалады. Адамның ой-желісі заңмен реттелмейді. Бірақ қандай да болсын іс-әрекет, мінез-құлық, ойдың, сана-сезімнің қатынасуынсыз жасалмайды. Олар ойдың елегінен өтіп, бақылауында болады. Ақылы дұрыс адамның іс-әрекет ерік пен ойдың арқасында жүзеге асырылады. Демек заңды бұзушылық қоғам мен жеке тұлғаларға зиян келтіретін және құқықтық нормаларға қарсы әрекет немесе әрекетсіздік болып табылады. Әрекет-бұл құқық нормаларының іс-қимыл орындалмаса да бұзу арқылы орын алады.

Ғылыми зерттеу нәтижесі құқық бұзушылықтың себебі жеке адамның қажеттіліктері мен оны қанағаттандырудың әлеуметтік мүмкіндігінің арасындағы қайшылықта деп түсіндіреді. Яғни бұл өз кезегінде қоғамдық жағдайдың сипатына тәуелді болады. Бұл дегеніміз қоғамдық қатынастар жүйесінде өндіріс, саясат, мәдениет, шаруашылық, тұтыну салаларында белгілі бір орынға ие болу. Ал қалыпты өмір сүру жағдайда бұлар бір-бірімен сәйкес келіп отыруы тиіс. Соған байланысты ғалым О.В. Дмитриеваның пікірі қоғамдық еңбек бөлінісі жүйесіндегі белгілі бір орынды иелену адамның кәсіпқойлық дәрежесін, білімін және мәдени мәртебелігін айқындайды [3,67]

М.И. Марченко қылмыстық құқық бұзушылық «жеке адамның құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсыздық) іс әрекет жасаған әрекет немесе әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы іс-әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық [4] көрсетеді.

Елімізде 2022 жылдың қаңтар–қазан айларында қылмыстық жолмен алынған ақшаны және өзге де мүлікті заңдастыруға (жылыстатуға) байланысты 42 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелді, бұл бір жыл бұрынғыдан бірден 55,6% көп.

Салыстыру үшін: өткен жылдың сәйкес кезеңінде республика бойынша секторда 27 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 25% аз.

Қазақстан Республикасының «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңына сәйкес, құқық бұзушылық профилактикасының жалпы шаралары:

1) халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарын қорғау жөніндегі шараларды;

2) экономиканы, әлеуметтік саланы, құқық қорғау қызметін басқарудағы қателіктер мен кемшіліктерді жоюға, сондай-ақ құқық бұзушылық профилактикасын нормативтік, ақпараттық, әдістемелік және ресурстық қамтамасыз етуді жетілдіруге бағытталған ұйымдастырушылық-басқарушылық шараларын;

3) азаматтардың жалпы, тұрмыстық және құқықтық мәдениетін арттыратын, жалпы адамзаттық құндылықтарға, заңға мойынсынушылық мінез-құлыққа, құқыққа қарсы мінез-құлыққа төзбеушілікке бағдарланған адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру арқылы криминогендік факторларды жоятын немесе шектейтін идеологиялық шараларды;

4) құқық бұзушылық жасауға тосқауыл болатын ғылым мен техника жетістіктерін қолдану арқылы іске асырылады. Құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шаралары адам не адамдардың шектеулі тобы тарапынан құқық бұзушылық жасаудың алдын алу, сондай-ақ оны жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою мақсатында олардың құқықтық санасына және мінез-құлқына жүйелі түрде мақсатты ықпал ету үшін қолданылады.

Құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шаралары:

1) профилактикалық әңгімелесу;

2) қорғау нұсқамасы;

3) құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныс;

4) медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары;

5) құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу;

6) профилактикалық есепке алу және бақылау;

7) әкімшілік жаза қолдану;

8) ата-ана құқықтарынан айыру не оларды шектеу, бала (ұл, қыз) асырап алудың күшін жою, қамқоршыларды және қорғаншыларды өздерінің міндеттерін орындаудан босату және шеттету, баланы патронаттық тәрбиешінің тәрбиесіне беру туралы шартты мерзімінен бұрын бұзу;

9) сот үкімі бойынша қабылданатын шаралар;

10) әкімшілік қадағалау орнату;

11) жүріп-тұру еркіндігін алдын ала шектеу болып табылады.

Құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шаралары оған қатысты қолданылатын адамның жеке ерекшеліктері, оның жасаған құқық бұзушылығының қоғамға қауіптілігінің сипаты мен деңгейі ескеріле отырып айқындалады.

Мүдделі адамдар құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдану туралы шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауы мүмкін.

Кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шаралары Қазақстан Республикасының кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы туралы заңнамасында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып қолданылады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамдарға қатысты құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шаралары Қазақстан Республикасының тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы заңнамасында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып қолданылады.

Құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдану Қазақстан Республикасының осы Заңына және өзге де заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шараларын есепке алу орталық атқарушы органдар айқындаған тәртіппен олардың құзыреті шегінде жүзеге асырылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV Заңы

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі. 2014 3 шілде <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z13>

3. Дмитриева О.В. Ответственность без вины в гражданском праве. Воронеж, 2008.- с.35

4. Марченко М.И, Общая теория государства и права. Академический курс. Теория права.- М., 2010. -380 б.

ӘОЖ 343.244

АЛАЯҚТЫҚ ҚЫЛМЫСЫНА ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМА

Бөкейхан А.

Ғылыми жетекші: Орсоева Р.А., з.ғ.к., PhD,

қауымдастырылған профессор

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: r_orsaeva_60@mail.ru

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190 бабы алаяқтық қылмысын саралаған. Қылмыстық кодекстің 190 бабының 1-ші тармағы бойынша, алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену – мүлкі тәркіленіп, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Алаяқтық:

1) алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;

2) ірі мөлшерде жасалған мал ұрлау – мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Сондай-ақ, алаяқтық:

1) бірнеше рет;

2) тұрғын үй-жайдың, кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің, мал қораның, қашаның немесе өзге де қойманың ауласына кірумен жасалған мал ұрлау - мүлкі

тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Сондай-ақ, алаяқтық:

1) қылмыстық топ жасаған;

2) аса ірі мөлшерде жасалған мал ұрлау - мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады [1].

Алаяқтық үшін жаза қылмыстың ауырлығына, алынған пайданың мөлшеріне және істің басқа да мән-жайларына байланысты. Әдетте жаза белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыруды немесе айыппұлды қамтиды. Ірі зиян келтіру немесе бірнеше рет алаяқтық әрекеттер жасау бұдан да ауыр жазаға әкелуі мүмкін.

Қазақстанда алаяқтықпен күрес құқық қорғау органдарының алдында тұрған маңызды міндет болып табылатынын, алаяқтық қылмыстарды анықтау мен тергеумен, сондай-ақ кінәлілерді жауапкершілікке тартумен айналысатын тетіктер мен органдардың бар екенін атап өткен жөн.

Алаяқтық - заңсыз пайда алу немесе зиян келтіру мақсатында басқаларды қасақана алдау болып табылады. Оның негізгі элементтерін:

-алдау - басқа адамдарды жол берілмейтін әрекеттерге итермелеу мақсатында жалған ақпаратты белсенді пайдалану, ақпаратты жасыру немесе фактілерді бұрмалау.

-мақсат - алаяқтың пайда алу немесе зиян келтіру ниетімен әрекет жасауы. Алаяқтың мақсаты қаржылық пайда алу, міндеттемелерді орындаудан жалтару, жасыру немесе заңсыз пайданың басқа түрлері болуы мүмкін.

-зиян - алаяқтық әрекеттер жәбірленушілерге қаржылық немесе мүліктік шығындарға әкелуі тиіс.

Алаяқтықтың әртүрлі түрлеріне:

1) қаржылық алаяқтық – қаржы секторында инвестициялық пирамидалар немесе қаржылық құжаттарды қолдан жасау сияқты алдамшы схемаларды қолданумен байланысты.

2) коммерциялық алаяқтық – коммерциялық мәмілелер жасауда алдауды, оның ішінде тауарларды немесе қызметтерді заңсыз алуды, төлемсіз алуды қамтиды.

3) мүліктік алаяқтық - бөтеннің мүлкін заңсыз иемденуге бағытталған алаяқтық әрекеттерге қатысты.

4) несиелік алаяқтық - жалған несиелік операциялар мен банктерді алдау жатады.

5) салық алаяқтығы -салықтар мен міндетті төлемдерді төлеу кезінде жалған ақпарат берумен байланысты.


6) интернет-алаяқтық – қазіргі әлемде фишинг, кибералаяқтық және т.б. сияқты желілік ортадағы алаяқтық жиі кездеседі.

7) саудадағы алаяқтық: тауарларды немесе қызметтерді сату кезінде тұтынушыларды алдауды білдіреді.

8) жылжымайтын мүлікке қатысты алаяқтық: жылжымайтын мүлікті сатып алу, сату немесе жалға беру кезінде алдауды білдіреді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190-бабының Қазақстан Республикасында заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және азаматтар

мен кәсіпорындардың мүдделерін қорғау үшін маңызы зор. Ол экономика мен қоғамға елеулі зиян келтіруі мүмкін алаяқтық әрекеттердің алдын алуға және онымен күресуге көмектеседі. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің алаяқтық туралы 190-бабы Қазақстан Республикасында заңдылықты сақтау мен тәртіпті сақтауда маңызды рөл атқарады. Бұл ереже азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен мүдделерін алаяқтық әрекеттерден қорғауға көмектеседі және елдегі құқық тәртібін нығайтуға көмектеседі. Алаяқтықпен күрес ұлттық деңгейде де, жаһандық деңгейде де өзекті міндет болып қала береді.



Әлеуметтік зерттеулерге сәйкес, респонденттердің 55,8%-ы қаржылық алаяқтыққа тап болған, оның 34,2%-ы телефон алаяқтығына (визинг), 32,7%-ы интернет-алаяқтыққа (фишинг) ұшыраған. Респонденттердің 21,6%-ы қаржылық пирамидалар, 11,5%-ы төлем карточкалары арқылы алаяқтыққа қатысушылар болды.

Қаржылық алаяқтықтың негізгі тәуекел тобы – зейнеткерлік жастағы адамдар. 63 жастан асқан респонденттердің 50,7%-ы алаяқтықты бірден тани алмаған, оның ішінде 6,3%-ы қылмыскерлерге ақпаратты ішінара жеткізген және қылмыскер шақырған ұйымның мәліметтерін ешқашан көрсетпеген [2].

Соңғы жылдары банк қызметкерлерінің атынан жасалған телефон алаяқтықтары жиілеп кетті. Қылмыскерлер көбіне нөмірді ауыстыру қызметін пайдаланады. Өткен жылы полиция қызметкерлері осындай 3600 қылмысты анықтады. Осыған байланысты ІІМ оларды бұғаттау мәселесін көтерді. Ведомство Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп, “Kcell”, “КаР-Тел”, “Altel” және “Tele2” ұялы байланыс операторларының антифрод-жүйелерінің дерекқорларын біріктіруді ұйымдастырды. Қабылданған техникалық шаралар қазақстандық абоненттік нөмірлерге халықаралық трафик арқылы өтетін фрод-қоңырауларды тануға және бұғаттауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде 2022 жылдың 6 айында 19 млн алаяқтық қоңырау бұғатталды, ал ағымдағы 2023 жылдың басынан бері анықталған қоңыраулар 15 млннан асады. Қазақстанда 34 млн алаяқтық қоңырау бұғатталды [3].

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Алаяқтық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» 2017 жылғы 29 маусымдағы №6 нормативтік

қаулысы соттардың назары алаяқтықтың міндетті белгісі кінәлі адамның пайдакүнемдік мақсатының болуы, яғни бөтен мүлікті өзінің меншігіне не оған құқықты өзінің пайдасына не басқа адамдардың пайдасына құқыққа қарсы өтеусіз айналдыруға ұмтылуы болып табылатынына аудару керектігін көрсетеді. Алаяқтық алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен жасалады, олардың ықпалымен меншік иесі немесе мүліктің өзге иесі мүлікті немесе оған құқықты басқа адамдарға өз еркімен беретіні белгілі. Сондықтан, айыптау актісінде және сот үкімінде қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасын сипаттау кезінде жасалған іс-әрекеттің объективті және субъективті жақтарын ескере отырып, алаяқтық жасалған тәсіл нақтылануы тиіс.

Алдау бөтен мүлікті жымқыру немесе бөтен мүлікке құқықты иемдену мақсатында алаяқтық жасау тәсілі болып табылады. Алдау меншік иесінде немесе өзге адамда мүліктің кінәлі адамға және (немесе) басқа адамдарға берілуінің заңға сәйкестігі туралы қате түсінік туындататын кінәлінің меншік иесіне немесе мүліктің өзге иесіне шындыққа жанаспайтын көрінеу жалған мәліметтерді хабарлаудан не меншік иесіне не мүлік иесіне хабарлануға тиіс шынайы фактілерді жасырудан құрылуы мүмкін.

Алдау нәтижесінде жаңылыстырылған меншік иесі немесе мүліктің өзге иесі өзінің мүддесі үшін жасаған әрекеттерінің негізділігіне сенімді бола отырып, кінәлі адамға мүлкін өз еркімен береді.

Алаяқтықтың тәсілі ретінде сенімді теріс пайдалану кінәлі адамның өзі және меншік иесінің немесе иелігінде мүлкі бар өзге адамның арасында туындаған сенімді қарым-қатынастарды пайдакүнемдік пиғылмен бөтен мүлікті немесе оған құқықты заңсыз алу мақсатында пайдалануына негізделеді.

Мүлік иесінің немесе өзге адамның алаяққа сенім артуы әртүрлі мән-жайларға негізделуі мүмкін: жеке таныстығы, туыстарының және өзге адамдардың ұсынымы бойынша, кінәлінің қызметтік жағдайы және т.б.

Алаяқтық кезінде алдау ауызша, сонымен қатар жазбаша нысанда болуы мүмкін.

Жымқыру кезінде жалған құжаттарды пайдалану алдау нысандарының бірі болып табылады. Басқа адам әзірлеген жалған ресми құжатты пайдалана отырып жасалған жымқыру алаяқтық құрамымен толық қамтылады және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 385-бабы бойынша қосымша саралауды талап етпейді.

Егер адам құқық беретін немесе міндеттерден босататын жалған ресми құжатты қолдан жасау жолымен алаяқтық жасаса, жасалған әрекетті ҚК-нің 385-бабының бірінші бөлігінде және ҚК-нің 190-бабының тиісті бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша саралаған жөн.

Алаяқтық жолмен жасалатын жымқыруды мүлік иесінің немесе өзге адамның мүлікті өз еркімен беруін қажет етпейтін, бірақ басқа қылмыстың (үйге, қоймаға кіру үшін алдау және т.б.) жасалуын жеңілдететін алдау тәсілімен өзге нысандарда жасалатын жымқырудан ажырату керек.

Алдау бөтен мүлікті жымқырумен байланысты басқа қылмысты жасауды жеңілдету үшін пайдаланып, бірақ оны жасау барысында ол адамның әрекеттері меншік иесіне немесе сол мүліктің өзге де иесіне белгілі болып қалғанын біле тұра,

оның иесінің еркінен тыс бөтен мүлікті заңсыз ұстауды жалғастырса, жасалған әрекетті (мәселен, адам ұялы телефонды иесінен қоңырау салуға сұрап алып, оны алған бойда иесінің көзінше қашып кеткен жағдайларда) тонау деп саралаған жөн.

Алаяқтық жымқырылған мүлік алып қойылған және кінәлінің немесе басқа адамдардың заңсыз иеленуіне өткен және олар оны меншік мүлкі ретінде өздерінің қалауы бойынша пайдалануға немесе билік етуге нақты мүмкіндік алған сәттен бастап аяқталды деп танылады.

Егер алаяқтық бөтен мүлікке құқықты иемдену нысанында жасалса, қылмыс кінәліде бөтен мүлікті өзінің меншігі ретінде иеленуге, пайдалануға және билік етуге бекітілген құқықтық мүмкіндік туындаған сәттен бастап, яғни осы құқық тиісінше ресімделгеннен, куәландырылғаннан немесе тіркелгеннен кейін аяқталды деп есептеледі.

Ақпараттық жүйелерді пайдаланушыларға қатысты жасалған алаяқтық кінәліге немесе оның нұсқауы бойынша басқа адамдарға ақшалай қаражат және (немесе) жеке деректері аударылған сәттен бастап аяқталды деп танылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚР Заңы (қолданыстағы редакциясы).
2. kapital.kz [Электронды ресурс] <https://kapital.kz/finance/113713>
3. Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл [Электрондық ресурс] <https://www.gov.kz>
4. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Алаяқтық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» 2017 жылғы 29 маусымдағы № 6 нормативтік қаулысы.

УДК 65.011.56

ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБЛАСТИ МЕНЕДЖМЕНТА

Ван Е.С.

Научный руководитель: Байгужинова А.Ж., сениор-лектор,
магистр экономики

Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан, E-mail: yekaterina.van@inbox.ru

В современном мире цифровые технологии играют ключевую роль в различных аспектах нашей жизни, включая сферу менеджмента. Они стали неотъемлемой частью управления организациями, помогая улучшить эффективность и эффективность процессов управления.

Определение цифровых технологий относится к цифровым устройствам, системам и ресурсам, которые помогают создавать, хранить данные и управлять ими. Важным аспектом цифровых технологий являются информационные технологии, которые подразумевают использование компьютеров для обработки данных и информации. Сегодня большинство предприятий используют цифровые

технологии для управления операциями и процессами, а также для улучшения взаимодействия с клиентами.

Поведение потребителей меняется: от поиска и обмена информацией до покупки реальных продуктов. Чтобы адаптироваться, компании должны внедрить цифровые технологии, чтобы помочь клиентам на их пути к покупке.

Компании также внедряют цифровые технологии для повышения своей прибыльности. Поскольку одним из преимуществ технологии является безграничное общение, компании могут выйти за пределы своей страны и получить доступ к миллионам клиентов по всему миру.

Таблица - Преимущества и недостатки цифровых технологий.
Составлено автором на основе данных (3).

Преимущества	Недостатки
<p>Адаптивность</p> <p>Организации, которые модернизировали свое технологическое оборудование, могут быстро меняться и постоянно внедрять инновации: элементы, вызывающие жесткость, исчезают в пользу новых, часто основанных на облачных технологиях.</p>	<p>Затраты на внедрение</p> <p>Цифровые технологии могут повлечь за собой большие затраты на приобретение и разработку.</p>
<p>Скорость</p> <p>Правильные платформы и инструменты, новые навыки и операционные модели, автоматизация и экономичные процессы позволяют организациям ускорить выполнение процессов</p>	<p>Спротивление со стороны сотрудников</p> <p>Новые технологии могут столкнуться с сопротивлением со стороны сотрудников, которые чувствуют себя некомфортно из-за того, что технологии контролируют их деятельность.</p>
<p>Центральность данных</p> <p>Модернизация ИТ позволяет нам отказаться от логики разрозненности и высвободить информацию, которая ранее была ограничена некоммуникативными системами: знания об организации становятся глубже, и легче активировать новые бизнес-процессы.</p>	<p>Безопасность данных</p> <p>Компании с технологическими системами подвергаются множеству угроз. Программное обеспечение для защиты данных обходится большинству малых и средних компаний довольно дорого.</p>
<p>Углубленный анализ</p> <p>Организациям необходимо иметь в режиме реального времени углубленный обзор своей деятельности и операций.</p>	

Совместная работа и масштабируемость Разработчикам нужна платформа для быстрой интеграции и масштабирования бизнес-сервисов для создания реальной, основанной на знаниях ценности бизнеса.	
Полная безопасность Все данные зашифрованы для обеспечения безопасности и конфиденциальности.	
Экономическая целесообразность Модернизация ИТ должна обеспечить быструю и четкую окупаемость инвестиций и подготовить предприятие к постоянной оптимизации.	

Что такое CRM?

CRM или управление взаимоотношениями с клиентами — это программное обеспечение, которое управляет всеми способами взаимодействия клиента с бизнесом. Первоначально функции CRM были разработаны для отделов продаж и иногда назывались автоматизацией отдела продаж (SFA). Вскоре были разработаны другие системы для управления взаимодействием со службой поддержки клиентов и маркетингом, особенно в колл-центре — или, как его стали называть, контакт-центре, когда телефон стал просто еще одним каналом обслуживания клиентов.

Благодаря приобретению и развитию поставщика программного обеспечения начали объединять все эти дисциплины под одной крышей, называемой управлением взаимоотношениями с клиентами. Управление эффективностью продаж и компенсация по стимулированию продаж также включены в некоторые CRM-системы, но их часто продают отдельно из-за их сложности.

Что такое ERP?

Экономика саласындағы қылмыстардың механизмін талдау үшін сипаттамалық емес, функционалды тәсіл қажет. Мәселен, экономикалық қылмыс субъектілерінің өздері түсінеді немесе түсінбейді, бірақ олардың арасында функционалды байланыстар — тұрақты қатынастар — осылайша қылмыстық коммуникациялар (яғни, хабарламалар, сондай - ақ қаржы құралдары, көлік түрлері және т.б.) пайда болады.

Рөлдік функциялар да табиғи түрде көрінеді, атап айтқанда, қылмыстық іс - әрекеттегі рөлдерді немесе басқаша айтқанда "лауазымдарды" бөлу кезіндегі типтік схемалар, көшбасшы-ұйымдастырушының да, бухгалтер-қазынашының, содырдың, курьердің және т. б. міндеттерін орындаумен байланысты. заңсыз табыс көзін іздеу, оны иемдену және тұтыну схемасы.

Экономика саласындағы қылмыс механизмінің жүйелік функциялары келесі түрде ұсынылуы керек:

- дайындық (басқаша айтқанда, пайда болу), жасау (яғни "іске қосу") процестерінің интегративті көрінісі, сондай-ақ қылмыстық әрекеттің көбеюі түсінілетін даму функциялары;

- мәні қылмыстардың осы тобын тергеу бойынша іс-әрекетке қарсы іс-қимылдың нысандары мен мазмұнын көрсетуге дейін азайтылатын қорғаныс функциясы;

- белгілі бір жұмыс ортасында сәйкес (ИЗО-морфты) із суреттерін жасау механизмінің қасиетін білдіретін дисплей функциялары.

Егер қолданбалы аспект туралы айтатын болсақ, онда механизмді дамыту функциясы жеке қылмыстық әрекеттің іздеу белгілерін анықтауға мүмкіндік береді:

-эволюцияның S-тәрізді қисығындағы қылмыстық іс-әрекет субъектісінің "орындаушылық шеберлігінің" сапасы;

- "орындаушылық шеберлік" қасиеттерінің (деңгейлерінің) айқын араласуы кезіндегі субъектілер санының белгісі.

Экономика саласындағы қылмыстық іс — әрекет механизмінің келесі негізгі функциясы-қорғау немесе қарсы тұру функциясы. Бұл функцияны, әдетте, адам өмірінің дәл осы мәні деп санау керек. Тергеу қылмыстық іс-әрекет субъектілерінің тиісті қорғауынсыз және қарсылығынсыз болуы мүмкін бе? Мүмкін иә. Алайда, бұл ережеден ерекшелік, керісінше оқиға. Ереже-бұл "материалдың" кедергісінің ашық болуы, егер оны осылай атауға болатын болса.



Қолданыстағы модельді криминалистикалық зерттеу әдісінің модельдеу процесінің өзіне, сондай — ақ экономика саласындағы қылмыстық іс-әрекет механизмінің қалыптасқан моделінің құрылымына әсері шынайы әдіснамалық мәселе болып табылады. Міне, қандай себептер бойынша: экономика саласындағы талданатын қылмыстық іс - әрекеттің ықтимал түрлерін, түрлерін, топтарын криминалистикалық жіктеу үшін ғылыми негіздер жоқ; осы уақытқа дейін эмпирикалық мәліметтерді жинаудың өзі жұмыс істемейді. Сонымен қатар, егер бұл ақпаратқа жеткілікті түрде дәрекі интерпретация қосылса, нәтижесінде экономика саласындағы қылмыстар механизмінің дұрыс емес ақпараттық моделі жиі шығады.

Біздің ойымызша, экономикалық саладағы қылмыстық іс-әрекет механизмінің қажетті моделін құру барысында бірқатар принципті жағдайларды ескеру қажет: біріншіден, көп деңгейлі модель құру қажет, бірақ деңгейлердің реттелуін ескере отырып; екіншіден, әрбір келесі деңгей алдыңғы деңгейдің "ұрпағы" ретінде әрекет етеді; үшіншіден, әрқайсысына сыйақы беру керек модельдің салыстырмалы Тәуелсіздік деңгейі, модель деңгейлерінің ешқайсысы оны басқа құрылымдық ортаға орналастырған кезде "өшірілмеуі" керек; төртіншіден, эксперименттік-статистикалық талдау мен модельді зерттеудің "өтпелі" (яғни деңгейлер бойынша) әлеуетін қамтамасыз ету қажет.

Жалпы қорытынды: экономика саласындағы қылмыстық іс-әрекет механизмін криминалистикалық талдаудың әдіснамасы қандай, бұл талдаудың нәтижелері: не профилактика мен тергеу әдістемесі үшін типтік нұсқалардың

иерархиялық жүйесі құрылады, не ғылыми жартылай фабрикат сипаттамалық тәсілдің салдары ретінде қалыптастырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Густав Ле Бон. Социализм психологиясы. Санкт-Петербург, 1908. Б. 23. Бұл туралы қараңыз: Мацкевич и. м. экономикалық қылмыстың себептері: оқу құралы. М., 2017. 29, 56, 101 және т. б.
2. Яблоков н. п. Криминалистика: оқулық. М., 2003. 27-28 ББ.
3. Авторлар кейде дипломатиялық тіркестерді қолданады: "әр қылмыс жеке және қайталанбайды, дегенмен, біртекті азаптау жасаған қылмыскерлердің іс - әрекеттерінде көптеген ұқсастықтар бар". Ищенко Е. П., Топорков А. А. Криминалистика: оқулық. 2-ші басылым, қосымша М., 2006. Б. 352, 399.
4. Цит. по: Вермеш М. криминологияның негізгі мәселелері. М., 1978. Б. 27.
5. Мегрелидзе К. Р. ойлау әлеуметтануының негізгі мәселелері. Тбилиси, 1973. 130, 288, 334 ББ.
6. Өздеріңіз білетіндей, мұндай әмбебап (негізгі) әдіс диалектикалық әдіс болып табылады. Бұл туралы қараңыз: Белкин Р. С. Сот сараптамасы: мәселелер, тенденциялар, перспективалар. М., 1987. 116-127 Б.; Аверьянова Т. В. сот-сараптамалық зерттеу әдістерінің мазмұны мен сипаттамасы: монография. Алматы, 1991. 124-125 ББ.
7. Кирилл мен Мефодийдің үлкен энциклопедиясы / 2 CD. М., 2005. Верификация принципі (немесе верификацияланатын) - логикалық позитивизмнің негізгі ұғымдарының бірі.
8. Симонян Е. А. теория мен практиканың бірлігі (философиялық талдау). М., 1980. Б.105.
9. Батороев к. б. танымдағы ұқсастықтар мен модельдер. Новосибирск, 1981. Б.57. 2 Мацкевич и. м. экономикалық қылмыстың себептері. М., 2017. Б.3.

ӘОЖ 37

РЕГБИ СПОРТШЫЛАРЫНЫҢ ӘР КЕЗЕҢДЕГІ ЖАРЫСҚА ДАЙЫНДЫҒЫ

Куматаева И.М.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№15 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі,
Өскемен қ., Қазақстан, kinabat@mail.ru

Қазіргі заманғы спорт үшін жаттығулардың көлемі мен қарқындылығының артуы тән. Спорттық жаттығулар үздіксіз процестің ерекшеліктеріне ие болады. Жаттығу процесінің үздіксіздігі жыл бойғы жаттығу сабақтарымен байланысты ерекшеліктермен сипатталады; жаттығу процесі құрылымының негізгі буындарының өзара байланысы-жүктеменің жақын (шұғыл және артта қалған) және ұзақ мерзімді жаттығу әсерлерінің үздіксіз сабақтастығы; жұмысқа қабілеттіліктің жалпы артуына кепілдік беретін демалыс аралықтары

Жаттығу және бәсекелестік жүктемелердің таралуы көбінесе спорттық жаттығуды кезең-кезеңімен анықталады, оның негізінде спорттық форманы алу, сақтау және уақытша жоғалту заңдылықтары жатыр. Спорттық формаларды басқару заңдылықтарына сүйене отырып, жаттығу процесі осы заңдылықтарға сәйкес кезеңдер мен кезеңдердің міндеттеріне сәйкес құрылымдалған.

Регби жаттығу процесінің құрылымында макроцикл (жылдық цикл) бір ұзақ бәсекелестік кезеңі бар бір циклді кезеңді қамтиды. Бір жылдық дайындықтың негізгі ерекшелігі - ол салыстырмалы түрде тәуелсіз құрылымдық құрылымдар негізінде құрылады, олардың барлық элементтері ортақ міндетпен біріктірілген-жарыстарда сәтті өнер көрсетуді қамтамасыз ететін спортшылардың нақты дайындық жағдайына қол жеткізу.

Ойын командаларын даярлаудың жылдық циклінің құрылымы мен мазмұнын зерттеу бойынша көптеген жұмыстар дайындық кезеңінде барлық көрсеткіштердің үдемелі өсу динамикасы байқалғанын көрсетті.

Дайындық кезеңінің бірінші кезеңі-жалпы дайындық. Бұл кезеңде көлемнің өсу артықшылығы бар жүктемелердің көлемі мен қарқындылығының белсенді өсуі байқалады. Жаттығу сабақтарының негізгі мазмұны жалпы дене шынықтыру және арнайы дене шынықтыру болып табылады.

Дайындық кезеңінің екінші кезеңі - арнайы дайындық. Бұл кезеңде жүктеме көлемінің жалпы төмендеуі және қарқындылықтың жоғарылауы байқалады. Жалпы дайындық пен арнайы дайындық құралдарының арақатынасы-30% - дан 70% - ға дейін. Жаттығу құралдарында арнайы дайындық және бәсекеге қабілетті жаттығулардың басым болуы анық. Теңіз функционалды жүйелерін қайта құрумен байланысты функционалды мүмкіндіктер мен арнайы физикалық қасиеттер деңгейінің жоғарылауымен қатар, дайындық кезеңінде дайындықтың жеке аспектілерін жетілдіру міндеттері шешіледі және жаттығу процесінде дайындық тараптарының компоненттерін оңтайлы байланыстыру маңызды.

Үшінші кезең-жарыс алды дейінгі, алдағы бәсекелестік белсенділікке неғұрлым сәйкес келеді. Бұл кезеңде жаттығу процесінің құрылымында тактикалық дайындыққа баса назар аударылады, оның аясында техникалық және физикалық дайындық мәселелері шешіледі. Жаттығу сабақтарында ойын және бәсекелестік әдістер қолданылады. Командалар негізгі жарыстарға тиімді дайындалуға мүмкіндік беретін әртүрлі турнирлерге қатысады.

Дайындық кезеңінің мерзімі, ұзақтығы, әр түрлі авторлардың дайындық кезеңдерінің құрылымы мен мазмұны айтарлықтай айырмашылықтармен анықталады. Дайындықтың нақты мерзімдерін анықтауда алдағы маусымның спорттық күнтізбесі алдын-ала анықталған болып саналады. Негізгі жарыстардың белгіленген күндері спортшыларды даярлау жоспарлануы керек мерзімдерді анықтады.

Регбистердің жарыс кезеңі бір циклді, сәуірден қазанға дейін. Ұзақ бәсекелестік кезеңінде оңтайлы спорттық форманы сақтау өте қиын. Сондықтан жаттықтырушылар жарыс кезеңінде спорттық форманың толқын тәрізді дамуын жоспарлауға, команданы ең жауапты матчтарға "жеткізуге" мәжбүр. Спорттық форма деңгейін төмендету әлсіз қарсыласпен өтетін матчтарға жоспарланып отыр. Спорттық форманы дамыту және қолдау деңгейін жоспарлау-бұл көбінесе

жаттықтырушы мен спортшылардың тәжірибесі мен түйсігі негізінде жүретін стихиялық процесс . Алайда, бұл процесті тексеру әрекеттері бар.

Спорттағы тереңдетілген мамандандыру принципі терең даралау принципімен тікелей байланысты. Спортшының жеке ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілетін спорттық мамандандыру оның спорттағы қабілеттерін барынша толық көрсетуге және спорттық мүдделерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Бірақ бұл мамандандыру спортшының жеке қасиеттеріне сәйкес келген жағдайда дұрыс. Мамандандыру тақырыбын дұрыс емес, оның жеке ерекшеліктеріне сәйкес келмейтін таңдау көбінесе спортшы мен жаттықтырушының күш-жігерін жоққа шығаруы мүмкін, көңілсіздікке, белсенді спорттық іс-әрекеттің мерзімінен бұрын тоқтатылуына әкелуі мүмкін. Демек, жеке спорт қабілеттерін уақтылы диагностикалау қаншалықты маңызды рөл атқаратыны анық. Спорттағы бұл проблемаға қазір үлкен көңіл бөлінуде.

Спорттағы даралау принципінің ерекше маңызы көбінесе спортшының денесінің функционалды мүмкіндіктерінің шегіне жақындаған жоғары жүктемелерді қолдану арқылы анықталады. Даралау принципі спорттық жаттығуларда жаттығулардың даму қарқынының жеке айырмашылықтарын ескере отырып, жүктемелердің өсуінің дененің Функционалды және бейімделу қабілеттеріне сәйкестігін мұқият қамтамасыз етуді талап етеді. Дененің бейімделу мүмкіндіктерінің жеке айырмашылықтарына байланысты бірдей сыртқы жүктемелер мүлдем бірдей емес салдарға ие болуы мүмкін. Бұл спорттық нәтижелердің өсуін жоспарлауда және жаттығу жүктемелерін қалыпқа келтіруде тиісті көрініс табуы керек.

Спорттың ғылыми мектебінің негізгі ережелерінің бірі спортшыны жалпы және арнайы даярлаудың бірлігі қағидасымен көрінеді. Бұл қағида спорттық мамандану мен спортшының жалпы жан-жақты дамуы арасындағы байланысты диалектикалық түсінуден туындайды. Спорттық мамандандырудың жетістігі, әрине, спортшының таңдалған спорт түрінде ғана емес, сонымен қатар көптеген басқа жолдармен де прогрессиямен байланысты, бұл ғылыми дәлелдер мен спорттық тәжірибенің озық тәжірибесін жалпылауға сенімді.

Таңдалған спорт түріндегі жетістіктердің спортшының жан-жақты физикалық дамуына тәуелділігі, ең алдымен, физикалық қабілеттердің дамуына негіз болатын морфофункционалды өзгерістердің әртүрлі бағыттары арасындағы корреляциялық өзара әрекеттесумен түсіндіріледі (физикалық қасиеттердің тікелей және жанама "ауысуы" деп аталады). Дене біртұтас болғандықтан, оның кейбір қасиеттерінің дамуы басқалардың дамуынан оқшауланбайды .

Циклдік спорт түрлеріндегі арнайы дайындық функционалды жүйелерге жан-жақты әсер етеді, олардың мүмкіндіктері белгілі бір спорт түріндегі жетістік деңгейін анықтайды. Алайда, жеке қасиеттер мен қабілеттер, ең алдымен физикалық қабілеттер, жалпы және көмекші дайындыққа қатысты арнайы емес құралдар мен әдістерді қолдану арқылы тиімді дами алады. Сонымен қатар, бір жақты арнайы дайындық жан-жақты функционалды дайындық деңгейінің төмендеуіне немесе дайындықтың жекелеген жақтарының басқаларға зиян келтіретін біржақты дамуына әкелуі мүмкін. Мысалы, мамандандырылған жаттығуларды орындауға белсенді қатыспайтын және жеткілікті жүктемесі жоқ

бұлшықет топтары жоғары мамандандырылған күштік дайындықты жүзеге асырған сайын біртіндеп әлсірейді. Бірақ, одан да жаманы, бұл бұлшықеттерге әлі де қатысуға тура келетін ерекше емес қозғалыстарды эпизодтық қолдану кезінде олардың функцияларының бір бөлігі дамыған бұлшықеттерді қабылдайды, бұл айтарлықтай физикалық белсенділікті көтермейтін бұлшықеттердің күш деңгейінің одан әрі төмендеуіне әкеледі. Бұл, сондай-ақ жеке тұлғаның үйлесімді физикалық дамуының қажеттілігі жалпы және арнайы дайындықтың табиғи байланысын, олардың бірлігін анықтайды. Алайда, спорттық жаттығу процесінде осы қағиданы орындау кезінде екі тармақты ескеру қажет. Біріншіден, жалпы дайындық негізінен спорттық мамандандыруға жанама әсер ететін қасиеттерді дамытуға, Дағдылар мен қабілеттерді жетілдіруге бағытталуы керек. Осылайша, жалпы дайындық, ең алдымен, көмекші болып табылады және кейінгі арнайы дайындық үшін өзіндік негіз жасайды. Екіншіден, жан-жақты дайындық, жалпы дайындықтың салдарынан, бар функционалдық әлеуетті белгілі бір спорт түрінің ерекшелігімен "байланыстыруға" мүмкіндік беретін арнайы жаттығуды ұйымдастыруды талап етеді.

Жалпы және арнайы дайындықтың арақатынасы, сондай-ақ жалпы дайындықтың мазмұны көбінесе көпжылдық және жылдық жаттығулардың ерекшеліктерімен анықталады. Спорттық жетілдірудің алғашқы кезеңдерінде жалпы дайындықтың үлесі үлкен, және бұл, ең алдымен, денсаулықты нығайту, бұлшықет қызметінің әртүрлі формаларына қатысты физикалық және функционалдық мүмкіндіктер деңгейін арттыру міндеттеріне қызмет етеді. Болашақта спортшының шеберлігі өскен сайын бұл қатынас арнайы дайындық құралдарының өсуіне қарай өзгереді, ал жалпы дайындықтың өзі барған сайын көмекші сипатқа ие болады.

Қортынды

Ұқсас жағдай жаттығу макроцикл кезінде де байқалады. Дайындық кезеңінде жалпы дайындық көлемі өте жоғары және орындалған жұмыстың жалпы көлемінің 30-60% жетуі мүмкін. Негізгі жарыстарға жақындаған сайын жалпы дайындық үлесі төмендейді және бәсекелестік кезеңде әдетте орындалатын жұмыстың жалпы көлемінің 10-25% аспайды.

Жалпы және арнайы дайындықтың арақатынасы спортшының жасына, оның спорттық шеберлігінің деңгейіне, спорттық мамандануына, жеке ерекшеліктеріне және жаттығу дәрежесіне байланысты. Жалпы және арнайы дайындықтың арақатынасы мен бағдарындағы ауытқулар айтарлықтай өзгеруі мүмкін, және әр спортшының нәтижелерінің деңгейі мен өсу қарқыны жаттықтырушы осы қатынасты қаншалықты дұрыс жоспарлағанына байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Колев Н.оқу процесінің жылдық цикліндегі жоғары регбистердің күшті фитингінің құрылымы мен мазмұнының ерекшеліктері: реферат. дисканд. пәд. оқу-жаттығу өтті. - М., 2006. - 27 секунд.

2. Зациорский в. м. спортшының физикалық қасиеттері: тәрбие теориясы мен әдістемесінің негіздері. ФиС, 2005.- 187.

3. Шустин б.н. спорттағы жоғары жетістіктерді модельдеу. - М.: RGAFK 2005.- 102 б.
4. Deleplace R. Rugby de mouvement, rugby total. - Paris, Education physique et sports, 1998. - 120 p.
5. Старк. Спорттық техниканы үйрену: // оқыту о жаттығулар. ФиС, 2001, Б.216-233.
6. Гарпманю., Тюннеманн Х. Қазіргі Заман. Үшін. көркем шығармамен. - Берлин: Sportferflag, 1988. - 335 Б.
7. Платонов в. н. олимпиадалық спорттағы спортшыларды даярлаудың жалпы теориясы: оқу. ЖОО студенттері үшін дене тәрбиесі және спорт. - Киев: олимпиадалық лит., 2007.-327 с.
8. Келлер В. С. спорттық шақыру жүйелері және спортшының бәсекеге қабілеттілігі. - Г.: Спорт теориясы. - Киев: Вища шк., 2007. - 100.

REFERENCES

1. Kolev N. Features of the structure and content of the strong fit of higher rugby players in the annual cycle of the educational process: Abstract of the Cand. jurid. sci. dis cand. ped. uchenie. - M., 2006. - 27 sec.
2. Zatsiorsky V. M. physical properties of an athlete: fundamentals of theory and methods of education. FiS, 2005. - 187.
3. Shustin B. N. modeling of higher achievements in sports. - Moscow: RGAFK 2005. - 102 p.
4. Deleplace R. Rugby de mouvement, rugby total. - Paris, Education physique et sports, 1998. - 120 p.
5. Stark. Study of sports equipment: // training and exercises. FiS, 2001, pp. 216-233.
6. Harpmanu., Tynnemann X. Modernity. For. with a work of art. - Berlin: Sportferflag, 1988. - 335 P.
7. Platonov V. N. General theory of training athletes in Olympic sports: textbook. Physical culture and sports for university students. - Kiev: Olympic lit., 2007. -327 p.
8. Keller B. C. Sports challenge systems and the competitiveness of an athlete. - G.: Theory of sports. - Kiev: shk Vishcha., 2007. - 100.

ӘОЖ 343.244

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Қадылова Ж.М.

Ғылыми жетекші: Орсаева Р.А., з.ғ.к., PhD,

қауымдастырылған профессор

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: r_orsaeva_60@mail.ru

Сыбайлас жемқорлық термині латынның «soggitrege» сөзінен шыққан, мағынасы «мемлекет органын, қоғамдық қатынастарды бұзу» дегенді білдіреді, «пара» терминінің мағынасы әдетте лауазымды тұлғаның өз өкілеттіктерін

пайдалануын білдіретін термин және заң актілеріне, моральдық нормаларға қайшы келетін алдау, бопсалау, қағазбастылық арқылы жеке басының пайдасына сеніп берілген құқықтар.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде бүгінде саяси дамуға қарамастан әлемнің барлық дерлік елдерінде, оның ішінде Қазақстанда ауқымы жағынан ғана ерекшеленіп отыр. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру, инвестиция тарту процесін тежейді. Ол демократиялық мемлекеттің саяси және әлеуметтік институттарына кері әсерін тигізіп, елдің болашақ дамуына үлкен қауіп төндіреді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі болып белгіленген.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңында сыбайлас жемқорлыққа мынадай анықтама берілген – ол «...мемлекеттік функцияларды жүзеге асыратын адамдардың, сондай-ақ адамдардың жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды қабылдауы, оларға теңестірілгендер, өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып немесе өз өкілеттіктерін мүліктік пайда алу үшін өзге де пайдалану, сол сияқты жеке және заңды тұлғалардың көрсетілген жеңілдіктер мен артықшылықтарды заңсыз беру арқылы осы адамдарға пара алуы».

Жалпы қарапайым тілмен айтқанда, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет бабын жеке бас пайдасына пайдалану, лауазымды тұлғаның басқа тұлғадан ақша немесе басқа жеңілдіктер алуы, ол үшін олар атқаратын лауазымына байланысты кез келген қызмет көрсетіледі.

Мемлекет басшысы еліміз Тәуелсіздігінің алғашқы күнінен-ақ бәрімізді бір алаңдататынымыз – қазақ елінің амандығы, бір мақсат – Отанымыздың өсіп-өркендеуі екенін үнемі айтып келеді. Бүгінде халқымыздың бірлігі мен тұрақтылығының арқасында елімізде экономика өркендеп, соған сәйкес азаматтардың әл-ауқаты да жақсарып келеді.

Елбасының Қазақстан халқына жолдауларында қызыл сызық сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған және әкімшілік реформаның мақсаты – мемлекеттік басқару жүйесін жеңілдету мақсатынан туындайтын міндеттер арқылы өтеді. Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі бағдарламалық бағыттарын айқындап берді. Содан бері мемлекеттік органдардың бақылау функциялары қысқартылды, олардың жұмысының бақылауы мен ашықтығы қамтамасыз етілді, экономика мен бизнесте мемлекеттің қатысуы қысқарды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мыналар негізінде жүзеге асырылады: барлығының заң мен сот алдындағы теңдігі; мемлекеттік органдардың қызметін нақты құқықтық реттеуді, мұндай қызметтің заңдылығы мен ашықтығын, оларға мемлекеттік және қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету; жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық, ұйымдық-басқару жүйелерін қорғаудың басымдылығы; жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды

мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың зиянды зардаптарын жою және алдын алу.

Қазір сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлерін жою үшін Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық санасын арттыру жүргізілуде, өйткені олар сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімінің болмауына байланысты абайсызда сыбайлас жемқорлықтың қатысушылары болып қалуы мүмкін. Азаматтардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптасуы үшін сыбайлас жемқорлықты елдің дамуын тежейтін аса қауіпті қоғамдық дерт деп тануы тиіс. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет әр адамда құқықтық сауаттылығына да байланысты төмен немесе жоғары болуы мүмкін. Мемлекеттегі заңнамаларды жақсы білу әр адамның өз іс-әрекетіне деген сенімділігін күшейтеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
2. «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
3. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
4. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан: 2050» Жолдауы.
5. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы.
6. «Нұр Отан» партиясының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламалары.
7. «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің жаңа идеологиясы туралы» (Астана, 2014 ж.).

ӘОЖ 821.512.122.09:82.09

РАЙЫМЖАН МӘРСЕКОВТЫҢ ЗАҢГЕРЛІК ҚЫЗЫМЕТІ ЖАЙЛЫ

Қақарман А.

Ғылыми жетекші: Касенов С.Т., ф.ғ.к., қауымдастырылған профессоры
Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: kakarmanaibota@gmail.com

Адамзат қоғамының өркендеп, дәуірлеуі әуелі тұрмыста тек ауызша тыйымдар мен шектеулер арқылы қабылданған шешімдермен, кейіннен әлеуметтік құрлымның күрделенуі және мемлекеттік билік негіздерінің пайда болуына қарай «заңның» қалыптасып, белгілі жүйеге айналуына әсер етті. Осылай, адамзат не бір жүйеге қол жеткізді: ру болды, ел болды, бара-бара әркім өз билігін құрып жержүзін атасынан қалған еншідей өз алдына ақыл-айласымен, білек-білімімен билеп әкете берді. Ал біздің бабаларымыз қайда қалды, қайтті?!

Қазақтың дәстүрлі заң жүйесі тарих толқынында тартысты тамаша күнді де кешіп, тарамдалған тасты жағаға да соғылды. Қазақтың төл мемлекеті пайда болып,

хандық билік жүйесі жұмыс істеген уақытта, сол уақыттардағы билер институты халқымыздың әдеп-ғұрпына сай небір жүйрік заң жүйелерін қабыл етеді. Қазақ мемлекетшілдігінің алғашқы кезеңдерінде «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» секілді заңдар жинақтарын жасап шығарады. XVII ғасырда Қазақ хандығының тұтастығына шындап қауіп төне бастаған тұста, Тәуке хан «Жеті жарғыны» халық тұрмысына енгізді. Жаңа заң жүйесі қазақ халқының өмірлік мәселелерінің барлық жағынан қамтиды, соның нәтижесінде Тәуке ханның билігі тұсында Қазақ хандығы барынша күшейіп, дәуірлеп дамыды. Осы тұста айта кетерлігі, заңдық және заңдық күші бар заңнамалық жүйені жоғарыда атап кеткеніміздей, тек хандар жасап, қабылдамағаны белгілі. Билер институтының шеңберінде қазақтың айтулы би-шешендері, ақылгөй дариялары, «от тілді, орақ ауызды» сөз саңлақтары Хан кеңесі мен билер кеңесінде осы заңдарды бірлесе жасап, қабылдады. Қазақ қоғамындағы алғашқы заңды сот та билер соты болды. Билер соты осы қабылданған жарғы, заңдар бойынша қызмет жасады. Отаршылдыққа ұшыраған замандарда хандық билік жүйесі жойылып, билер институтының тамырына балта шабылып, қазақ елінің дау-дамайын ендігі кезекте орыстың заң жүйесі, соты қарайтын болды. Мүлдем өмір сүру салты бөтен елдің бөгде бір елдің дау-дамайын қарауы қаншалық қиянат болатыны болса да болмасын белгілі жағдай. Осы кезеңде қараша халық мүддесін жанын салып қорғар азаматтарды қазақтың тауқыметті тағдыры өзі қатарға қосып отырды. Бұл мақалада сондай қайраткерлердің бірі Райымжан Мәрсекұлы жайлы аз-мұз айтпақпыз.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы қазақта ұлттық сананың жаңаша қалыптасып, қазақ зиялы қауымының қоғамдық-құқықтық өмірге арласқан кезі болды. Жалпы алғанда, ұлтымыздың отар болуы орыс отаршылдық-әміршілдік жүйесінің кезең-кезеңмен жүргізген әрекетінің, соның ішінде 1731 жылдан бастау алып, сол үдеріс 130 жылға созылып, 1860 жылға дейін жетеді. Негізінен, 1731-1860 жылдары Қазақстан Ресей империясына тек сөз, қағаз жүзінде бағынышты болып тұрған. Іс жүзінде ру, тайпа билеушілері дербес саясат жасап, өз биліктерін жүргізіп отырған. Осыдан кейін Ресей үкіметі түрлі айланы желеу етіп, Қазақстанның барлық аймақтарына ене түседі. 1867-1868 жылдардағы «Уақытша Ереже» бойынша әкімшілік және сот жүйелері толығымен Ресей өкіметіне көшіп, қазақ жері облыстарға бөлінеді.

Аталған уақыттарда халық арасында Ресей билігіне қарсы бірнеше көтерілістер де орын алады. Дегенмен отарлау саясаты жетер жеріне жетіп, отаршылдық-әміршілдік жүйенің талауына түскен халықтың ендігі жердегі мүддесін қорғаушылар қазақтың көзі ашық оқығандары болды. Осы тұста қазақ қоғамында арнайы оқу тәмамдаған кәсіби заңгерлер, атап айтқанда Бақытжан Қаратаев, Жақып Ақбаев және Райымжан Мәрсеков сынды ұлт мүддесін қорғаушылар келіп қосылады. Студент шақтарынан-ақ олар патшалық Ресейдің саясатына қарсы көзқарастар танытып, қазақ халқының толығымен шешім таппаған жер, дін, тіл сияқты мәселелерін әрдайым ашып, айқындап көрсетіп отырады.

Райымжан Мәрсекұлы - Алаш қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Алаш қозғалысының негізін салушылардың бірі, заңгер, Қазақстанның заңтану, құқықтану негіздерін зерделеген, оның үстіне қазақтағы алғашқы заңгерлердің бірі болып мемлекет және құқық теориясының мәселелерін ғылыми талдаудан өткізген

бірегей қайраткер. Ол 1877 жылы сол кездегі Семей облысының Өскемен уезінің Айыртау болысында дүниеге келген. Омбы техникалық училищесін, Орман шаруашылығы институтын және Санкт-Петербург, Москва Заң және Сот институтын бітірген.

Ол өткен ғасырдың бас кезінде қазақ сахарасында қалыптасқан Алаш қозғалысына, Алаш партиясы мен Алаш Орда үкіметінің қызметіне кеңінен араласты. Р.Мәрсеков ел үшін, жер үшін отаршыл жүйеге қарсы шыққан ұлт зиялыларымен байланыс орнатып, олардың іс-әрекеттерін заңдық тұрғыдан сүйемелдеп отырды. Ойларын ашық айтып, бұқаралық ақпарат көздерінде жариялап отырды. Ұлт көшбасшыларымен тығыз қарым-қатынас орнатып, «Алаш Орданың» белді де белсенді мүшесі болды. Партия мен үкіметтің міндеттері мен мақсатын заңды тұрғыдан түзуге ат салысты.

Ол өзінің бірқатар еңбектерінде қазақ халқының басынан кешіп жатқан оқиғаларының себеп-салдарын анықтаумен қатар, бірқатар мақалаларында қазақ тұрмысын анау айтқандай, әсіресе, әйел адамның тағдырына қатысты артық кемсітушіліктерді халқымыздың дәстүрлі қалыптасқан заңымен айғақты түрде ақтап алып отырады. Мысалы «Әйел» деген статья турасында» мақаласында халық өмірінегі әйел адамның орынын көрсетеді. Ал заң жөніне ауыссақ, ол өзінің 1917 жылы «Қазақ» газетіне жариялаған «Патшалықтар арасындағы заң» мақаласында әлемдегі үлкен державалар арасындағы одақтастықтардың арасында қалған қазақ сияқты бодан елдердің сипатын жазады.

Райымжан Мәрсековтің заң жүзінде қарастырған көп мәселесі қазаққа заңды түрде жер иелентушілік еді. Оны біз қайраткердің «Қазақ қайтсе жерге ие болады», «Жер мәселесі», «Ата қонысынан айрылған қазақ жайлы» атты мақалаларынан байқаймыз, «...Ата қонысынан айырылып, барарға жер, басарға тауы болмай, дал ұрып отырған жер елді көзіміз сан көреді. Мұндайға қазақтың қылған айласы, тапқан ақылы болмай жүргенін тағы көреміз. Осындай жайға ақыл табылары бар ма? Табылғандай болса, біздің қолымыздан келер ме? Көшпесендер, күшпен көшіремін деп ұлық тұр. Жеріміз жоқ, мұнша үй қайда барып сиямыз деп сандалып не қыларын білмей бұлар отыр. Не жерін алып қала алмай, не басқа жақтан орын таба бұларға не қылмақ керек?» Міне, Р.Мәрсековтің жер мәселесі жайлы ізденістерінен осындай шынайы айғақтарды көптеп кездестіруге болады. Бұл да болса қайраткердің қазақ жұртына атасынан қалған жерді мұжықтардан аман алып қалу үшін жасаған жұмыстарының бірі еді. Осындай шешуі қиын түйнектердің арасында халықтың мұң-мұқтажын өзіне ыңғайлап, дәстүрінен аттамай, ғұрпына қарсы келмей шешімін тапқысы келеді. Ол 1916 жылы «Сарыарқа» газетіне «Заң жобасын жариялайтын комиссия» атты мақаласын жариялайды. Мұнда: «Қазаққа лайықты, келімді заңды қазақтың өзі жасамаса, халықтың салтын, гүрпын, жайын білмегендердің, қолынан келмес, жасаса, тұрмысына үйлеспей, қолайсыз болар деп, жалпы қазақ сиезі әр облыста комиссиялар сайланып, іске кіріссін деп қаулы қойған еді. Юристердің даярлап, алдына салған жобасын топшылауға болмаса, өзге уақытта қалыптары аз көрінеді. Сондықтан юристер қазаққа деген заң жобасын өздері ғана даярлап, бітіріп, сонан соң ел адамдарын шақырып, сынына салып, заң жобасы һәм шығын жағынан да көп жеңіл болар еді. Әрине, юристердің қолы бос болып, кірісетін болса, жақсы-ақ болар еді. Бірақ біздің бұл заманда қолы тиерлік,

бос кісіміз жоқ. Сондықтан да заң жобасын жасайтын юристерге ерекше бір кішігірім мекеме алуына ақша берілсе, сонан соң керекті закон, ережесін қазақшаға аударса, жасалатын нұсқамаға бір құр сияқты жоба болар еді. Бұдан басқа қазақтың ережелері болса, осылардың бәрінен жарып қорытылып керекті нұсқа жобасы тез жасалар еді. Әйтпесе, мына біз жасаған комиссия сияқты болса, біз қазақтың заң жобасын еш уақытта жасап бітіре алмаймыз», -деп негізінен қазақ қоғамында жазылған заңдық кодекстердің жоқтығын, соның салдарынан әр судья өз пікірімен шешім шығаратындығы дағдыға айналғандығын аңғартады.

Жалпы алғанда, Райымжан Мәрсков - студент шағынан халық соттарының жағымсыз жақтарын, патша өкіметінің “бөліп алда билей бер” саясатын өз тарапынан қолдамай, қатаң сынға алған заңгер маман. Жоғарыда айқандай, заңгер халық сотының жүйесіз жайылып кетуін қазақ даласында белгілі бір заңдық кодекстердің жоқтығынан деп біледі.

Сөзімізді қорытындылай келе, Райымжан Мәрсөков қазақтың дәстүрлі заң жүйесіне, халқының салт-дәстүріне құрметпен қарап, өзі өмір сүрген тұстағы ел ішіндегі дау-дамайды реттейтін орыс сотының заңнамалық жүйесін ұлтымыздың менталитетіне, тұрмыс-салт ерекшелігіне лайықтауға ұмытылған, әрекет еткен заңгер дейміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақ қайда бара жатыр» Р. Мәрсөков.
2. «Арыстары Алаштың» С. Өзбекұлы 1998 ж.
3. «Р.Мәрсөковтың мемлекеттік-құқықтық көзқарастарының көкжиектері» Әли Еркежан.
4. «Райымжан Мәрсөковтың жұмбақ жақтары өте көп» Смағұлова С.О.

УДК 657.6(045)

ФАЛЬСИФИКАЦИЯ ФИНАНСОВОЙ ОТЧЕТНОСТИ: ОБНАРУЖЕНИЕ И ПРЕДОТВРАЩЕНИЕ ПРИ ПРОВЕДЕНИИ АУДИТА

Қалдарбек А.М.

Университет «Мирас», г. Шымкент, Қазақстан, asel_4747@mail.ru

Современность характеризуется важностью информационной составляющей. Информация окружает делового человека повсюду, масштабы ее поистине астрономические — например, информационное агентство Bloomberg распространяет финансовую информацию более чем 16 тысячам пользователей каждую минуту.

Другая тенденция современности — развитие фондовых рынков и повышение конкуренции. Рост конкуренции приводит к ограниченности факторов производства: квалифицированных трудовых ресурсов, натуральных ресурсов, финансовых и информационных ресурсов. Достичь превосходства над конкурентом естественным путем значительно сложнее, чем за счет неосознанного средства — информации. Именно в конце XX—начале XXI века особую актуальность

приобрели явления, связанные с привлечением информации, в том числе коммерческий и личный шпионаж, переманивание наиболее талантливых и перспективных сотрудников конкурента, нарушение авторских и патентных прав и пр. Важную роль играет и обратный информационный поток: предоставление информации в выгодном для компании свете [1].

Основным признанным информационным каналом взаимодействия бизнеса и общества продолжает оставаться финансовая отчетность компании. К сожалению, финансовая отчетность не совершенна. Не совершенен и бумажный формат представления, который влечет значительный объем ручной обработки материала, затрудняет восприятие и анализ информации, содержащейся в финансовой отчетности. Сроки представления отчетности пользователям запаздывают, а предоставление финансовой информации, отличной от прогнозов аналитиков, может обернуться резким снижением капитализации, а возможно, и кризисом индустрии, в которой компания осуществляет деятельность, или даже кризисом национального рынка. Вместе с тем предоставление информации, которая более благоприятна по сравнению с прогнозами, может повлечь рост стоимости акций, а следовательно, привести к снижению стоимости привлечения заемных средств и прочим благоприятным для компании и ее руководства эффектам. Зачастую достигается это за счет фальсификации финансовой отчетности.

Фальсификация финансовой отчетности — сложная и малоизученная проблема бухгалтерского учета. Проблеме фальсификации отчетности подвержены даже компании стран с развитой рыночной экономикой (Европа, США), где правовые и профессиональные традиции в области бухгалтерского учета насчитывают более чем столетнюю историю. Актуальна данная проблема и для РК, где до настоящего времени не сформировалось сильного профессионального сообщества, система бухгалтерского учета подвергается постоянному реформированию, крупные компании нацелены на переход к учету по международным стандартам, и все это сопровождается острой нехваткой специалистов. Помимо влияния на ожидания пользователей финансовой отчетности фальсификация отчетности может быть нацелена на занижение налоговой базы, участие в государственных тендерах и т.п. Учитывая масштабы коррупции, можно только догадываться, сколь велико число казахстанских компаний, манипулирующих данными финансовой отчетности.

Экономическую природу мошенничества в финансовой отчетности можно объяснить, основываясь на теории агентских отношений. Тот факт, что акционеры делегируют право принятия решений по широкому кругу вопросов руководству компании, приводит к конфликту интересов. Например, за счет использования такого права руководство компании может позволить себе различные блага: например, наличие частного самолета, расположение штаб-квартиры компании в престижном районе, роскошная обстановка офисных помещений и пр. Причем приобретение таких благ может не соответствовать интересам акционеров компании. По мнению ряда зарубежных специалистов, в подобной ситуации целью деятельности руководства становится не максимизация прибыли акционеров, а увеличение управляемого бизнеса для обеспечения разнообразных личных благ*. В отдельных случаях руководство компании может пойти на присвоение активов

компании, заключение коммерческих сделок в личных интересах. Чаще всего это бывает возможно при неэффективном контроле за действиями руководства компании и, как правило, приводит к фальсификации финансовой отчетности.

Фальсификация финансовой отчетности — комплексное понятие, которое следует рассматривать, принимая во внимание правовой, бухгалтерский, налоговый аспекты [2].

Фальсификация финансовой отчетности может также различаться в зависимости от круга лиц, к ней причастных. Например, и кладовщик, искаживший документы складского учета, и высшее руководство компании, одобрявшее применение схем забалансового финансирования, совершают акт мошенничества. Однако если махинации на уровне кладовщика не влекут существенного искажения финансовой отчетности, то схемы, одобряемые на высшем уровне руководства, зачастую приводят не только к искажениям в финансовой отчетности, но и к потере компанией репутации и, как следствие, существенному снижению рыночной капитализации. Именно поэтому в ряде исследований фальсификация финансовой отчетности отождествляется с управленческим мошенничеством, которое совершает руководство компании*. Данный тезис в определенной степени представляется справедливым, поскольку руководство компании несет ответственность за подготовку финансовой отчетности и именно руководство компании отвечает за достоверность показателей и качество подготавливаемой отчетности.

Американская Ассоциация независимых сертифицированных бухгалтеров по выявлению мошенничества (АНСБ) выделяет три подвиды фальсификации финансовой отчетности: присвоение активов, непосредственно фальсификация финансовых отчетов и коррупция на предприятии (взятки, «откаты» и т.п.)*. Эти подвиды мошенничества в финансовой отчетности тесно связаны. Так, например, любое коррумпированное деяние с целью передать заинтересованным сторонам активы компании приводит к махинациям в финансовой отчетности. Развивая эту мысль, можно прийти к выводу, что фальсификацию финансовой отчетности правильнее рассматривать как часть общего понятия «экономическое мошенничество». В рамках экономического мошенничества выделяются две подкатегории: коррупционное мошенничество и фальсификация финансовой отчетности.

Коррупционное экономическое мошенничество совершается в целях сугубо личного обогащения, присвоения активов предприятия или приобретения прочих экономических благ в ущерб деятельности компании. Коррупционное мошенничество представляет собой достаточно известное для общества явление и предусматривает законодательную ответственность, а доказательством экономического мошенничества занимаются компетентные органы [3].

Фальсификацию финансовой отчетности, на наш взгляд, следовало бы определять как умышленное искажение либо упущение величин или раскрытий информации в финансовой отчетности с целью обмана или введения в заблуждение внутренних и внешних пользователей. Фальсификация финансовой отчетности может совершаться как руководством компании (управленческое мошенничество), так и отдельными сотрудниками. Мошенничество сотрудников должно пресекаться

службой внутреннего контроля компании. Заметим, однако, что подобный вид мошенничества присущ практически любой компании и едва ли искореним. Степень его влияния на показатели финансовой отчетности зависит в том числе и от эффективности действий службы внутреннего контроля.

Особый интерес для изучения представляет управленческое мошенничество в финансовой отчетности. Данный вид мошенничества совершается на уровне руководства компании, тщательно маскируется и осуществляется, практически не выходя за рамки действующих бухгалтерских стандартов.

Возникает вопрос, кто должен контролировать подобное мошенничество и как его предотвращать, поскольку последствия совершения мошенничества в финансовой отчетности могут быть существенными не только для отдельной компании.

Статистические данные также предоставляют весомые основания для того, чтобы обратиться к исследованию управленческого мошенничества в финансовой отчетности.

Как уже отмечалось, мелкое и среднее мошенничество совершается рядовыми сотрудниками компании повсеместно. По отношению к общему числу случаев мошенничества управленческое мошенничество составляет сопоставимую долю (около 41 %) [4].

Общая картина существенно изменяется, когда речь заходит о величине совершенного мошенничества. В данном случае все происходит с точностью до наоборот. В среднем, размер отдельного случая мошенничества, совершаемого рядовым сотрудником, более чем в 14 раз ниже размера мошенничества, совершаемого руководством или собственниками компании.

Для наглядности приведем случай мошенничества в финансовой отчетности, когда инициатором такого мошенничества являлся руководитель, который вместе с тем был и собственником пакета акций компании. По результатам проведенного в 2004 г. расследования Tyson Foods Inc., компания с годовой выручкой более 25 млрд. долл. была уличена Комиссией по ценным бумагам и биржам США в совершении мошенничества. Дональд Тайсон в бытность генеральным директором и собственником пакета акций компании запрещал вносить в финансовую отчетность раскрытие информации о доходах, выплаченных ему и членам его семьи.

Давая определение понятию мошенничества в финансовой отчетности, нельзя не остановиться на профессиональной ответственности за присутствие в финансовой отчетности компании данных, искаженных вследствие мошенничества. Традиционно ответственными за обнаружение мошенничества в финансовой отчетности считались внешние аудиторы. После того как в результате банкротства компании Enron исчезла одна из пяти крупнейших аудиторских компаний «Arthur Andersen», партнерам которой были предъявлены многомиллионные иски, данная ситуация изменилась [5].

В декабре 2004 г. вступил в силу регулятивный акт в области мошенничества в финансовой отчетности — международный стандарт аудита 240 «Ответственность аудитора по обнаружению мошенничества в финансовой отчетности». Данным стандартом основная ответственность за обнаружение и

предотвращение мошенничества в финансовой отчетности возлагается на руководство компании. Внешние аудиторы несут ответственность только за то, чтобы в отчетности не было существенных искажений, причиной которых может являться в том числе и мошенничество в финансовой отчетности. В стандарте также указывается на то, что аудитор не может дать абсолютной гарантии отсутствия в финансовой отчетности существенных искажений, причиной которых является мошенничество*. Вместе с тем фактически ответственность за совершенное финансовое мошенничество ложится на всю информационную цепочку по подготовке отчетности: совет директоров, аудиторский комитет, исполнительный орган компании, а также на внутренних и внешних аудиторов.

В современном глобализированном мире мошенничество в финансовой отчетности становится выбором многих корпораций. Выгоды от мошенничества в финансовой отчетности для отдельно взятой компании огромны, в то время как вред минимален, поскольку вероятность обнаружения невелика, а наказание в большинстве стран не серьезно [6].

О мошенничестве в финансовой отчетности зачастую становится известно из сообщений средств массовой информации. Новостные сводки бросили тень на репутацию таких экономических гигантов, как Lucent, Xerox, Rite Aid, Enron, Merrill Lynch, относительно недавно обвиненных Комиссией по ценным бумагам США в совершении мошенничества в финансовой отчетности. Высшее руководство, включая генеральных и финансовых директоров этих компаний, было уличено в мошенничестве и понесло наказание. Случаи финансового мошенничества в отчетности таких крупных компаний вызывают серьезные опасения относительно честности и надежности процесса подготовки финансовой отчетности. Такие процессы существенно повышают актуальность реформирования системы корпоративного управления в целях предотвращения и обнаружения мошенничества в финансовой отчетности.

Список литературы

1. Карельская С. Н., Зуга Е.И. Достоверность и информационные границы финансовой отчетности // Реформирование отчетности. 2014. № 9.
2. Ковалев В. В., Ковалев Вит. В. Корпоративные финансы и учет: понятия, алгоритмы, показатели: 2-е изд. М.: Проспект, 2014.
3. Ковалев В. В., Патров В. В., Быков В. А. Как читать баланс. М. 5-е изд.: 2016.
4. Ковалев Вит. В. Концепция достоверности и непредвзятости в бухгалтерском учете: трактовка и применение // Вестник Санкт-Петербургского университета. Сер. 5: Экономика. 2013. Вып. 2.
5. Ковалев, В.В. Финансовая отчетность. Анализ финансовой отчетности (основы балансоведения): Учеб.пособие. 2-е изд., перераб. и доп./ В.В. Ковалев. - М., 2016.
6. Ковалев, В.В. Финансовый менеджмент: теория и практика – 2-е изд., перераб. и доп./ В.В. Ковалев. - М., 2017.

**АДАМНЫҢ ҚЫЛМЫС ҚҰРБАНЫНА
АЙНАЛУ СЕБЕПТЕРІ (қылмыс құрбандары жөнінде талдау)**

Құдайбергенова Ә., Советбеков Е.

Ғылыми жетекші: Орсаява Р.А., з.ғ.к., PhD,
қауымдастырылған профессор
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан,
e-mail: r_orsaeva_60@mail.ru

Жыл сайын мыңдаған қазақстандық қылмыс құрбанына айналады. Қылмыскер мен жәбірленушінің құқықтарын қорғау міндетті болып Қазақстан Республикасының заңнамаларында бекітілген. Кез келген жастағы адам, кез келген ұлт өкілі жәбірленуші бола алады.

Виктимизация жеке адамға, отбасына, топқа немесе қоғамға әсер етуі мүмкін, ал қылмыстың өзі адамға немесе мүлікке қарсы жасалуы мүмкін. Қылмыстың жәбірленушіге, оның жақындарына және қоғамға әсері көптеген факторларға байланысты, бірақ көбінесе қылмыстың виктимизациясы елеулі эмоционалдық, психологиялық, физикалық, қаржылық және әлеуметтік салдарға әкеледі.

«Жәбірленушілер» Қазақстан Республикасындағы қылмыстық заңдарды бұзатын әрекеттер немесе әрекетсіздік нәтижесінде жеке немесе ұжымдық түрде зардап шеккен, оның ішінде физикалық немесе психикалық жарақат, эмоционалдық азап, экономикалық шығын немесе олардың негізгі құқықтарының елеулі түрде бұзылуынан зардап шеккен адамдарды білдіреді.

Жәбірленушіге көрсетілген заңсыз әрекет немесе әрекетсіздік жазаға лайықты. Қылмыскер жәбірленушінің туысы немесе танысы болса да жазаланады.

Жәбірленушілердің қадір-қасиетін құрметтеу керек. Әрбір адам өмір сүруге құқылы өзінің құқықтарын сақтап қалуға құқылы. Сот төрелігі әділ шешім шығарып, қылмыс құрбандарының құқықтарын қорғайды, моральдық немесе физикалық зиян келтірілген жағдайда өндіріп ала алады.

Сотта қаралып жатқан істер бойынша, қылмыс құрбаны мен айыпталушыға бірнеше қажеттіліктер бойынша хабардар болуы қажет, олар:

- жәбірленушілерге оларға қозғалған іс бойынша іс жүргізу барысы, сондай-ақ олардың істерінің тәртібі туралы, әсіресе ауыр қылмыстар бар және олар осындай ақпаратты сұраған жағдайларда хабарлау;

- айыпталушыға нұқсан келтірместен және тиісті ұлттық қылмыстық сот төрелігі жүйесіне сәйкес, олардың жеке мүдделері қозғалатын сот ісін жүргізудің тиісті сатыларында қылмыс құрбаны (құрбандарының) пікірлері мен мүдделерін білдіру және ескеру мүмкіндігін шектемеу;

- сот процесінде жәбірленушілерге құқықтық, моральдық көмек көрсету;

- жәбірленушілерге қолайлы жағдай жасау, қажет болған жағдайда олардың жеке өміріне қол сұғылмаушылықтан қорғау, олардың қауіпсіздігін, сондай-ақ олардың отбасылары мен олардың атынан куәгерлердің қорқыту, кек алу қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар жасау;

-сот процессінде жәбірленушілерге өтемақы тағайындау жөніндегі өкімдерді немесе шешімдерді орындауды қажетсіз кешіктірудің алдын алу.

Дауларлы шешу барысында медиация, арбитраж, татуластыру орталықтарына жүгінуге болады. Бұл онша ауыр емес, ауырлығы орташа құқық бұзушылықтарда қолданылады.

Құқық бұзушылар немесе олардың әрекетіне жауапты үшінші тұлғалар мүмкіндігінше жәбірленушілерге, олардың отбасыларына немесе асырауындағы адамдарға өтемақы беруі керек. Мұндай жағдайларға мүлікті қайтару немесе зиян немесе залал үшін ақы төлеу, қажет болған жағдайда медициналық қызметтерді көрсету, құқықтарды қалпына келтіру жатады.

Қылмыстық виктимизацияның төрт түрлі категориясы бар:

Физикалық құрбандық: зорлық-зомбылық немесе шабуыл (біреуге шабуыл жасау, біреудің дене мүшесіне зақым келтіру), адам ұрлау, көлікке шабуыл жасау (көлік құралын пайдалану арқылы адамға қасақана зиян келтіру).

Сексуалдық: біреуге оның келісімінсіз тиісу.

Психологиялық: ұрлау, эмоционалды манипуляция, жәбірленушіге өзінің мықты екенін көрсету үшін қорқыныш немесе үрей тудыру.

Мораль: «жақсы емеспін» деген желеумен адамдарды жазалау, бірақ қылмыскер адамдарды «жаман» деп айыптап, адамнан моральдық артықшылықты алға тартып, олар аз болғандықтан азап шегуге лайық екенін айтады.

Виктимология саласында құрбандармен жұмыс жүргізу барысында көптеген жұмыстар жүргізілуде, жәбірленуші өзінің виктимизация әсерінен өзінің «жәбірленуші» болған жағдайларда жоқ емес. Қылмыс құрбандары туралы зерттеулер жүргізу нәтежиесінде, құрбандар қылмыскер қолынан қасақана, әдейі зәбір көргендер болмауы да мүмкін деген тұжырым бар.

Тергеу нәтежиесінде жәбірленуші деген тұлға өзі зәбір көрсеткен адамнан жәбірленуі мүмкін.

Виктимизация концепциясы кейбір құрбандар өздерінің құқыққа қайшы әрекетіне мүлде жауапты болмаса, басқа құрбандар жауапты деген идеяға негізделген. Осылайша, жәбірленуші қылмыстың виктимизациясына кемінде екі адам - қылмыскер мен жәбірленуші қатысатынын және екі тараптың да белгілі бір оқиғаға дейін араларында жанжал болғандығы дәлелденген.

Жәбірленушінің әрекетін жеңілдетуді жәбірленушінің эмоционалды іс әрекетімен салыстыру өте маңызды. Жәбірленушінің құқық бұзуы адам қандай да бір әрекет жасағанда пайда болады. Басқа адамды заңсыз әрекетке итермелейтін нәрсе, жәбірленушінің мінез-құлқынсыз, қылмыс орын алмайды. Демек, құқыққа қайшы әрекет кінәні білдіреді. Мысалы, белгісіз адам серуендеп келе жатқан кейіп танытып, қарама қарсы бағытта келе жатқан адамға тап беріп, әмиянын беруді талап етіп қорқытқан кезде, екінші адам әмиянды беруден бас тартып, керсінше өзі бірінші адамды қорқыту мақсатында қалтасынан суық қаруды алып бірінші адамға оқ атқан.

Бұл жерде қылмыс жасаймын деп оқталған адам ақыр соңында өзі құрбан болды, бірақ ол өзі бірінші болып құқық бұзушылық жасамағанда оқ атылмас еді. Бұл оқиғада жәбірленушінің іс әрекетін саралап, қасақана жасалған әрекетпен абайсызда эмоционалды жасалған әрекетті айыра білу керек.

Кәмелетке толмаған сотталғандар бас бостандығынан айыруды кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде өтейді.

Сот жазаны орындаушы органға кәмелетке толмаған сотталған адаммен қарым-қатынас кезінде оның жеке басының белгілі бір ерекшеліктерін ескеру туралы нұсқау беруі мүмкін.

Кәмелет жасқа толмағандар арасындағы қылмыстың санын азайту да, назар аударуға тұрарлық мәселе. 2022 жылғы статистикаға сай, 43,7% жасөспірімдер ұрлық жасап, ұсталған. Бұл кәмелет жасқа толмағандар арасында ұрлықтың көбеюі жайлы дерек береді. Соның ішінде ақшадан басқа электронды гаджеттер, ұялы телефондар ұрлығы көп тіркелген.

Зерттеушілер Е.В.Арудова мен Т.М.Зайко криминологиялық, психологиялық және құқықтық тұрғыдан ғалымдар кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс деңгейі қоғамдық моральдың жай-күйін, әлеуметтік институттардың жұмыс істеу тиімділігін, бүкіл қоғамның әл-ауқатын немесе жағымсыз жақтарын өте дәл көрсететінін атап өтеді. Олардың ойынша, «... өз әсерін сақтап қалған дәстүрлі қылмыстық факторлар (алкоголизм мен нашақорлық, отбасылық және тұрмыстық мәселелер және т.б.) әлі де қылмыстың дамуының анықтаушы факторлары болып табылады» [2, 158].

Тіркелген қылмыстардың басым көпшілігі жасөспірімдердің алкогольді сусындарды қолдануынан туындап жатыр. Бұл да қоғамда резонанс тудыратын мәселе. Бұл құмарлық қайдан шығады? Неліктен жастардың идеологиясы теріс жолда дамуда? Бұл сұрақтарға тәрбиеден кейінгі маңыздылыққа ие қоғамның және ортаның әсері деп жауап беруге болады. Бұл жаста олар бір бірінен үлгі алып, бір-біріне ұқсағысы келеді. Үлкен өмірге қадам басып келе жатқан жасөспірім әлі ненің жаман, ненің жақсы екенін түсінбеуі мүмкін. Сол себептен оның ойынша «беделі» жоғары адамнан үлгі алған, соған еліктеу, өзіндік жеке дара қасиеттерін ашу ретінде қате пікірдің қалыптасуына әкеп соғады. Соның салдары жаман ортада өскен баланың болашақта сол ортадан шыға алмай қалуына әкеп соғады.

Осыған байланысты өз ойын айтқан Д. В. Юрич, Т. М. Зайко секілді ғалымдар балалар мен жасөспірімдер арасында есірткі тұтынушыларының көбеюі алаңдаушылық туғызады дей отырып, «есірткі сатушылардың құрбандары – хоббиі жоқ, спортқа немқұрайлы қарайтын уақытының көп бөлігін көшеде енжар өткізетін балалар» деген [3,201].

Жоғары технология дамыған сайын өміріміз де жоғары дамуда. Олай дейтініміз, кәмелетке толмағандардың құқықтары заң жүзінде беки түсті, ювеналды әділет сияқты жаңа салалар пайда болғаны белгілі, оған дейін барлық ережелер Қазақстанда ратификацияланған «Бала құқықтары туралы» Конвенцияда бекітілгені де белгілі [4].

Бала құқықтары туралы конвенция - адамзат баласының туған кезінен 18 жасқа толғанға дейінгі құқықтары мен бостандықтарын бекітетін халықаралық құқықтық акт.

Бала құқығы туралы конвенцияда балалардың кім екендігі түсіндіріледі, сондай-ақ олардың барлық құқықтары мен үкіметтің міндеттемелері тізіліп көрсетіледі. Барлық құқықтар өзара байланысты, олардың бәрі бірдей маңызды және оларды балалардан бөлек қарастыру мүмкін емес.

Соңғы жылдары кәмелетке толмағандар мен жастар тарапынан жасалған қылмыс санының тұрақты өсуі ауыр әлеуметтік шиеленістердің көрсеткіші болып табылады. Мемлекеттік бағдарламалар тиімсіз, ал жастармен және кәмелетке толмағандармен жұмыс істейтін мекемелер жеткілікті тиімді емес.

Қылмыстық кодексте кәмелетке толмаған құқық бұзушылар үшін тәрбиелік сипат бірінші орында тұрады. Бұған сай, ҚК 84-інші бабында «тәрбиелік нысаны бар мәжбүрлеу шаралары» қолданылады. Оларға:

1) ескерту;

2) ата-аналарының немесе оларды алмастыратын адамдардың не мамандандырылған мемлекеттік органның қадағалауына беру;

3) келтірілген зиянды қалпына келтіру міндетін жүктеу;

4) бос уақытын шектеу және кәмелетке толмаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу;

5) ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына орналастыру;

6) жәбірленушіден кешірім сұрау міндеттемесін жүктеу;

7) пробациялық бақылау белгілеу.

Бұл шаралар жаза түрінде ғана емес дисциплиналық жұмыс жүргізу арқылы жасөспірімге жақсы әсер ету үшін қолданылады. Ең бастысы, жасалған қылмыстың қайталанбауын түпкі мақсат ретінде қояды.

Ескерту кәмелетке толмаған адамға оның іс-әрекетімен келтірілген зиянды және осы Кодексте көзделген құқық бұзушылықтарды қайталап жасаудың зардаптарын түсіндіруден тұрады.

Қадағалауға беру ата-аналарына немесе оларды алмастыратын адамдарға не мамандандырылған мемлекеттік органға кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік ықпал ету және оның мінез-құлқын бақылау жөнінде міндеттер жүктеуден тұрады.

Келтірілген зиянды қалпына келтіру міндеті кәмелетке толмаған адамның мүліктік жағдайы және оның тиісті еңбек дағдыларының болуы ескеріле отырып жүктеледі.

Кәмелетке толмаған адамның бос уақытын шектеу және оның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу белгілі бір орындарға баруға, бос уақыттың белгілі бір нысанын, оның ішінде механикалық көлік құралын басқаруға байланысты нысанын пайдалануға тыйым салуды, тәуліктің белгілі бір уақытынан кейін үйден тыс жерде болуын, мамандандырылған мемлекеттік органның рұқсатынсыз басқа жерлерге баруын шектеуді көздеуі мүмкін. Кәмелетке толмаған адамға білім беру мекемесіне қайта оралу, оқуын жалғастыру немесе аяқтау не мамандандырылған мемлекеттік органның көмегімен жұмысқа орналасу талабы да қойылуы мүмкін. Осы тізбе толық болып табылмайды.

Алты айдан екі жылға дейінгі мерзімге ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына орналастыруды сот қасақана ауырлығы орташа қылмыс немесе ауыр қылмыс жасаған кәмелетке толмаған адамға тағайындауы мүмкін. Аталған ұйымдарда болу адамның кәмелетке толуына байланысты, сондай-ақ егер түзетуді

қамтамасыз ететін мамандандырылған мемлекеттік органның қорытындысы негізінде сот кәмелетке толмаған адам өзінің түзелуі үшін бұдан әрі бұл шараны қолдануды қажет етпейді деген түйінге келсе, мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында болуды осы баптың бесінші бөлігінде көзделген мерзім өткеннен кейін ұзартуға тек кәмелетке толмаған адамның жалпы білім беретін немесе кәсіптік даярлығын аяқтауы қажет болған жағдайда ғана жол беріледі, бірақ ол кәмелетке толғаннан аспауы керек.

Кәмелетке толмағандардың ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында болуының тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалады.

Кәмелетке толмаған адам келтірген зияны үшін жәбірленушіден өзі кешірім сұрайды.

Пробациялық бақылау Қылмыстық кодекстің 44-бабы екінші бөлігінің қағидалары бойынша бір жылға дейінгі мерзімге белгіленеді.

Қылмыстық кодекстің 84-бабы бірінші бөлігінің 2) және 4) тармақтарында көзделген тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шараларын қолдану мерзімі қылмыстық теріс қылық жасаған кезде - ұзақтығы алты айға дейін, онша ауыр емес қылмыс жасаған кезде - алты айдан бір жылға дейін, ауырлығы орташа қылмыс жасаған кезде - бір жылдан екі жылға дейін және ауыр қылмыс жасаған кезде екі жылдан үш жылға дейін белгіленеді.

Кәмелетке толмаған адам тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шарасын бір жыл ішінде екі және одан да көп рет қасақана орындамаған жағдайда, егер қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімі өтіп кетпесе, мамандандырылған мемлекеттік органның ұсынуы бойынша сот бұл шараның күшін жояды және материалдар кәмелетке толмаған адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін жіберіледі.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі (қолданыстағы редакциясы).

2. Арудова Е. В., Зайко Т. М. Характеристика личности несовершеннолетнего правонарушителя: психолого-педагогический аспект / Проблемы совершенствования правоохранительной деятельности органов внутренних дел: Материалы всероссийской межвузовской научно-теоретической конференции курсантов (8 апреля 1999 г.). Екатеринбург, 1999. -158 с.

3. Юрич Д. В., Зайко Т. М. Психолого-криминологические аспекты ювенальной юстиции / Законность и правопорядок: взаимодействие науки и практики. Сборник научных статей преподавателей и студентов. Екатеринбург: Уральский институт коммерции и права, 2014. – с.113.

4. Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы.

МЕДИАЦИЯНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ РЕТТЕУДЕГІ ТИІМДІЛІГІ

Садуакасова Л.К.

С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: L_saduakasova@mail.ru

Ел басымыз Қ.К.Токаев әрбір жолдауында құқық қорғау органдарының қызметін, оның ішінде сот төрелігінің жұмысын дұрыстау, жаңарту басымдықтарына елеулі ынта қояды. [1]

Қазіргі таңда сот құқықтық реформасы әрі қарай өзінің заңды жалғасын табуда, еліміздің әрбір азаматының өмірі мен қызметін құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ету жолында түрлі жұмыстар жүргізілуде.

Зандарды жетілдіру мақсатында әділ соттың қол жетімділігін қамтамасыз етуге, тұлғаның бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қоғам мен мемлекеттің мүдделерін уақытылы қорғау мен қалпына келтіруге бағытталған көптеген нормативтік актілер қабылданды.

Осыған сәйкес елімізде даулы мәселені оңтайлы шешудің баламалы тәжірибесі ретінде 2011 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» заңы қабылданғандығы баршамызға мәлім.

Ол біздің мемлекетіміздің сот жүйесіндегі басты жаңалықтардың бірі. Осы Заң Қазақстан Республикасында медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ медиатордың мәртебесін айқындайды. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы, қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар (жанжалдар) және атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастар медиацияның қолданылу саласы болып табылады. [2]

Жалпы «медиация» сөзі - латын тілінен аударғанда делдал, екі тарапты мәмілеге келтіруші үшінші тұлға деген мағынаны білдіреді. Медиация тараптардың ерікті келісім бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиаторлардың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі. Медиацияны, қарапайым тілмен айтқанда, бітімгершілік деп түсінуге болады. Яғни, қандай да бір мәселе бойынша тараптар арасында келіспеушілік туған жеке азаматтар немесе заңды тұлғалар оны соттан тыс, өзара келісім жағдайында шеше алады. Екі арадағы келісім медиаторлар арқылы жүзеге асырылады. Аудан, қала, ауыл әкімдері республика аумағында кәсіби емес негізде медиацияны жүзеге асыратын кәсіпқой емес медиаторлардың тізілімін жүргізеді. Медиацияның мақсаты: дауды бітімгершілікпен шешудің екі тарапты да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу.

Медиация институты қазақ қоғамына жат емес. Ұлтымыздың тарихында билер институты болған. Азаматтар арасында туындаған дау-дамайларды билер,

шешендер немесе беделі бар жергілікті ақсақалдар әділ шешіп отырған. Билердің негізгі шешетін мәселесі келген шығынды қалпына келтіріліп дауласушыларды бітімге жеткізу болып табылған. [3] Сол себепті бүгінгі қоғамымыздағы қатардағы жұртқа қарапайым тілмен түсіндіретін болсақ бұл ата-бабамыздың салтында, дәстүрінде болған институт.

Медиацияны жүргізу кезінде еріктілік, құпиялық, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптығы және медиация тараптарының тең құқылығы мен оның рәсіміне араласуға жол бермеушілік қағидаттары сақталуы тиіс. Медиация тәсілі сот ісіндегі тазалықты, әділ төрелікті қамтамасыз етудің негізгі тәсілдерінің бірі. Біздің ата-бабаларымыз бұрын бұл тәсілді тиімді қолданып, түрлі дауды билер соты арқылы бітімгершілікпен шешіп келгендіктен, бұл Заң қазаққа жат емес. Жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларды реттеу кезіндегі медиация сотқа жүгінгенге дейін де, сот талқылауы басталғаннан кейін де қолданылуы мүмкін. Қылмыстық сот ісін жүргізу барысындағы медиация қылмыстық процессуалдық заңында белгіленген сотқа дейінгі және сотта іс жүргізу мерзімдерінде жүзеге асырылуға тиіс. [4]

Медиация қағидаларының мәніне келетін болсақ: Еркінділік қағидасы – бұл тараптар медиацияға ерікті түрде қатысады – медиация туралы шешім қабылдау кезінде, оның өту барысында, шешім қабылдауда және шешімдерді орындау кезінде. өз тағдырн өзі шешу – медиацияның негізгі принципі. Ол медиация үрдісінің тараптардың ерікті, өзара бірлескен шешімге қол жеткізу мүмкіндігіне негізделгенін талап етеді.

Құпиялылық қағидасы - медиация кезінде болатын барлық әрекеттер құпия болады. Медиацияға қатысушылардың өздеріне медиация барысында белгілі болған мәліметтерді осы ақпаратты берген медиация тарапының жазбаша рұқсатынсыз жария етуге құқылы емес.

Медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптығы - Медиацияны жүргізу кезінде медиатор тараптардан, мемлекеттік органдардан, өзге де заңды, лауазымды және жеке тұлғалардан тәуелсіз болады. Медиатор заңда жол берушілік айқындалатын медиация құралдары мен әдістерін таңдауда дербес болады. Медиатор бейтарап болуға, медиацияны екі тараптың мүддесі үшін жүргізуге және медиация рәсіміне тараптардың тең қатысуын қамтамасыз етуге тиіс. Медиатордың бейтараптылығына кедергі келтіретін жағдайлар болған кезде ол медиацияны жүргізуден бас тартуға тиіс.

Медиация тараптарының тең құқылығы - медиация тараптары медиаторды, медиация рәсімін, ондағы өз ұстанымын, оны талап ету тәсілдері мен құралдарын таңдау кезінде, ақпарат алу кезінде, дау-шарды реттеу туралы келісім шарттарының қолайлылығын бағалауда тең құқықтарды пайдаланады және өздеріне тең міндеттер жүктейді.

Медиация рәсіміне араласуға жол бермеушілік - медиацияны жүргізу кезінде медиатордың қызметіне Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгендерден басқа жағдайларда ешкімнің араласуына жол берілмейді.

Осы ерекшеліктерді ескере отырып медиацияның қоғамдық қатынастарды реттеудегі тиімділіктеріне мыналарды жатқызуға болады:

- Уақыт пен ақшаны үнемдеу. Медиация рәсімінің маңызды артықшылығына ақша мен уақыттың, соның ішінде істі қарауға тартылған және өзінің тікелей міндеттерін амалсыз орындамаған компания қызметкерлерінің жұмыс уақытының үнемділігін жатқызуға болады. Сот шешімінің екі ай ішінде шығатыны, ал қарсы талап арыз берген кезде одан да ұзаққа созылатыны даусыз. Соттың бірінші сатысының шешімімен келіспейтін кез келген тараптың облыстық сотқа апелляциялық, кассациялық арыз беретіні, кейде тіпті қадағалау арызымен Жоғары сотқа дейін жететіні белгілі. Осылай түпкілікті шешім қабылдау тағы кемінде 2,5 – 3 айға созылады.

Медиация жолымен таластарды шешу ұзаққа созылмайды және оған қатысушылардың ресурстарын айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік береді.

- Биресмилік. Сот ісі – бұл көпшілікке және баспасөзге жария етілетін үрдіс, яғни сіздің таласыңыз, іскерлік қатынасыңыз немесе жеке өміріңіз жөнінде барлығы хабардар болады. Ал құпиялылық – сізге таласты биресми және абыроймен шешуге көмектесетін медиация принципінің бірі.

- Екі жақты тараптар үшін ұтымды шешім. Медиация үрдісінде жеңімпаздар мен жеңілушілер болмайды. Медиацияның мақсаты – екі жақты тараптарды қанағаттандыратын шешім табу. Тек осындай жағдайда ғана медиация нәтижелі бола алады. Тараптар өз мүдделерін неғұрлым ашық білдірсе, бұл соғұрлым өткен жағдайда да, сондай-ақ болашақта да оларды қанағаттандыратындай шығармашылық шешім қабылдауына зор мүмкіндік береді. Шешім қабылдаудағы мұндай жағдайдың сотта қолданылуы екіталай.

- Шешімдерді орындаудың зор ықтималдығы. Жеке мүдделерін негізге ала отырып, өз беттерімен келісімге келген және бірге шешім шығарған медиация тараптарының олар үшін үшінші тұлға (сотта) қабылдаған шешімді емес, өздері қол жеткізген келісімді орындайтындары дәлелденген.

- Іскерлік қатынастарды сақтап қалу. Медиация нәтижесінде жасалған шарт тараптар анықталған өзара міндеттерді өздеріне өз беттерімен алуға дайын болатындай тараптардың қызығушылығы мен қажеттілігінің теңгерімі болып табылады. Мұндай шарт тараптардың біреуінің жеңілісімен аяқталатын сот немесе төрелік рәсімдермен салыстырғанда, тараптар арасындағы маңызды іскерлік қатынастарды сақтауға және болашақта олардың арасындағы сенімнің нығаюына көмектеседі. Медиацияны көп жағдайда «айығу» үрдісімен салыстырады, өйткені ол тараптардың өздерін не мазалайтынын ашық және тікелей айтуына, олардың алдағы өзара әрекеттерін келісуге мүмкіндік береді.

- Үрдістің нақтылығы. Дәстүрлі сот ісіне тараптары бір-біріне қатты жауласқан, қызуқанды бәсекелестер рәсімі жатады. Бұл жерде тараптардың шынайы мүддесі қатерге алынбайтын фактіге баса назар аударылады. Тараптар бір-бірімен делдалдар, яғни заңгерлер мен судьялар арқылы сөйлеседі. Бұдан медиацияның артықшылығы сол, медиация тараптардың бір-бірімен тікелей байланыс жасауына және мәселе шешімін ынтымақтастық арқылы табуға жәрдемдеседі. Медиация тараптар арасындағы даулардан туындайтын эмоциялық жағдайлардың төмендеуіне мүмкіндік береді. Бұл қатысушылардың «ашылуына» және таластарды шешудің үздік жолдарын табуға көмектеседі. Бұдан басқа медиацияның көмегімен өзара байланысты мәселелерді бір уақытта және бірнеше

тараптардың қатысуымен тар деңгейде ғана емес, кең ауқымда талдап шешуге болады.

Жалпы осы ерекшеліктерді ескере отырып, адамдар неке бұзу, алимент өндіру, мүлікті бөлу жөнінде және жеке тұлғалардың араларында қарыз ақша өндіру, мүліктік даулар және т.б. талап арыздармен сотқа тікелей жүгінбей, сотқа дейінгі алдын ала шешу үшін өздеріне тиімді медиация жолымен шешу жағдайы қазіргі кезде қарқынды дамуда.

Сондықтан да медиацияның біздің қоғамның мүддесін қорғауда атқарар рөлі өте зор және тараптар арасындағы дауды шешудің ең тиімді жолы десек еш қателеспейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Әділетті мемлекет, біртұтас ұлт, берекелі қоғам» атты Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың 1 қыркүйек 2022 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы.

2.«Медиация туралы» Қазақстан Республикасының заңы, 2011 жылғы 28 қаңтар.

3. Шунаева С.М. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы, оқу құралы, Алматы, 2014ж. 21б.

3. Қанатұлы Ә. «Медиация мақсаты – бітімгершілік» \\ «Жебе» газеті, 25 шілде 2019 жыл.

ӘОЖ 336.74

ҚОРЛАРДЫҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ

Садыкова Д.

Шолпанбаева К.Ж., ассоциированный профессор
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан, E-mail: m-dilnaz@bk.ru

Кәсіпорынның өнім өндіру, оның өзіндік құнын төмендету, пайданың өсуі, рентабельділік жөніндегі жоспарлары мен үздіксіз жұмысының орындалуының қажетті шарты кәсіпорынды қорлармен толық және уақтылы қамтамасыз ету болып табылады.

Қорлар – бұл активтер:

– қалыпты қызмет барысында сатуға арналған;

– осындай сату үшін өндіріс үрдісіндегі; немесе

– өндіріс үрдісінде немесе қызмет көрсетулері кезінде пайдалануға арналған шикізат немесе материалдар нысанындағы активтер.

Бастапқы тану кезінде қорлар өзіндік құн бойынша бағаланады.

Бастапқы тануда қорлардың өзіндік құнына келесілер кіреді:

– жабдықтаушыларға төленген баға. Егер компания қорларды кейінге қалдыру шартымен алса, онда әдеттегі саудалық несие шарты бойынша сатып алу

бағасы мен төленген сомма арасындағы айырма (өзгешелік) қаржыландыру кезеңі аралығындағы пайыздар бойынша шығындар болып танылады;

– импорттық баж салығы және басқа салықар (салық заңнамасына сәйкес төленетіндерден басқа);

– қорларды алумен тікелей байланысты транспорт шығындары, өңдеу және басқа да шығындар.

Сауда жеңілдіктері, төлемдерді қайтару және басқа да ұқсас баптар сатып алулар бойынша шығыстарды анықтағанда шегеріледі.

Қорлардың өзіндік құнына қайта өңдеуге кететін шығындар қосылады:

– еңбек үшін төленетін тікелей шығыстар;

– шикізатты дайын өнімге қайта өңдеуге қажетті тұрақты және айнымалы өндірістік үстеме шығындарды жүйелі түрде бөлу;

Тұрақты өндірістік үстеме шығындарды қайта өңдеу шығыстарына бөлу қалыпты жағдайда кәсіпорын жұмысының өндірістік қуатына негізделеді.

Тауарлық-материалдық қорлар ағымдағы активтер баптарының ішіндегі ең өтімді бап болып табылады. Осы мақаланы ақша қаражаттарына жедел айналдыру үшін кәсіпорында тиісті қызметтер болуы керек, атап айтқанда маркетинг қызметі – нарықты зерттеу және болжау негізінде тұтынушының қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған өнімді сатуды ұйымдастырудың кешенді жүйесі. Бұл мақаланы талдау тиімді қаржылық басқару үшін үлкен маңызға ие. Тауарлық-материалдық қорлар тек ағымдағы активтердің бөлігі ретінде ғана емес, сонымен бірге тұтастай алғанда кәсіпорын активтерінде де айтарлықтай үлес қоса алады. Бұл кәсіпорындардың өнімді сатуда, өндіріс технологиясының бұзылуында және сатудың тиімсіз әдістерін таңдауда қиындықтарға тап болғанын көрсетуі мүмкін. Тауарлық-материалдық қорлардың оңтайлы деңгейінің бұзылуы кәсіпорындардың қызметінде шығындарға әкеледі, өйткені бұл қорларды сақтау шығындарын арттырады, өтімді қаражатты айналымнан алшақтатады, тауарлардың құнсыздану қаупін арттырады және олардың тұтынушылық қасиеттерін төмендетеді, тұтынушылардың жоғалуына әкеледі.

Тауарлық-материалдық қорларды өзіндік құннан төмен, сатудың таза құнына дейін есептен шығару тексеру принципіне жауап береді: ұйымның балансындағы активтер оларды сатудан немесе пайдаланудан күтілетін сомдан жоғары ескерілмеуі керек. Бұл жағдайда қорларды олардың жіктелуіне қарай есептен шығару практикалық емес. Мысалы, қызмет көрсетумен айналысатын ұйымдар, әдетте, жеке сату бағасы белгіленетін әрбір жеке қызмет үшін шығындарды жинайды және осылайша ол жеке мақала ретінде қарастырылады.

Сатудың ықтимал таза құнын есептеу есептеулерді орындау кезінде сатуға арналған қорлардың санына қатысты ең сенімді дәлелдерге негізделуі керек. Сатудың таза құнын есептеу кезінде осы қорлардың мақсатын, есепті кезең аяқталғаннан кейін болатын оқиғаларды, осындай оқиғалар кезеңнің соңында болған жағдайларды растайтын дәрежеде ескеру қажет. Егер тауарлық-материалдық қорлар сатылатын баға жинақтау бойынша қажетті шығындарды ескере отырып, олардың ағымдағы құнынан төмен болса, онда тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын сатудың мүмкін болатын таза құнына дейін төмендету қажет.

10 "баланс күнінен кейінгі оқиғалар" ШОБ (IAS) сәйкес ұйым өзінің алдыңғы кезеңдегі қаржылық есептілігіне түзетулер енгізіп, қорлардың баланстық құнын төмендетуі және есепті кезеңнің шығысы ретінде қорлардың өзіндік құнын сатудың таза құнына дейін қосымша түзетуді тануы тиіс. Егер қорларды жасалған шарттарды орындау мақсатында ғана пайдалану көзделсе, онда шешім қабылдау үшін негіз осындай шарттарда белгіленген сату бағалары болып табылады. Егер қорлардың саны жасалған шарттар бойынша тапсырыстарды орындау үшін қажетті мөлшерден асып кетсе, онда қорлардың қалған бөлігін өткізудің мүмкін болатын таза құны сату бағасының жалпы деңгейіне негізделеді. Тауарларды қолда бар қорлардың қалдықтарынан асатын көлемде тіркелген бағалар бойынша сатуға арналған шарттардың немесе тауарларды тіркелген бағалар бойынша сатып алуға арналған шарттардың болуына байланысты 37 "бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер және шартты активтер" ХҚЕС (IAS) сәйкес қаралатын бағалау міндеттемелері немесе шартты міндеттемелер туындауы мүмкін.

Көбінесе қолда бар қорлардың құнсыздануы мүмкін жағдайлар туындайды. Егер өтелетін құн (қорды дереу сату нәтижесінде алынуы мүмкін құн) Қордың баланстық құнынан төмен болса, құнсыздану фактісі есепке алынады.

Қорлардың құны келесі жағдайларда төмендетілуі мүмкін:

- қорлардың зақымдануы (бүліну, сыну, ақаулар) ;
- қорлардың толық немесе ішінара ескіруі;
- сату бағасының төмендеуі (болашақ пайданың жоғалуы);
- сатуды аяқтау немесе жүзеге асыру шығындарын ұлғайту.

Айта кету керек, өндірісте пайдаланылатын шикізат пен материалдардың құны, егер дайын өнім (олар өндіруге пайдаланылатын болса) өзіндік құнынан жоғары немесе одан жоғары сатылатын болса, сатып алудың нақты құнынан төмен есептен шығарылмайды.

Мысал. Компьютерлерді құрастыруға арналған жиынтықтаушы бөлшектердің баланстық құны 1000000 теңгені құрайды. Бөлшектердің нарықтық құны 800000 теңгеге дейін азаяды. Сонымен қатар, жоғарыда аталған бөлшектерді құрастыру кезінде қолданылатын компьютерлер өзіндік құннан жоғары сатылады. Осылайша, компоненттердің баланстық құнын төмендетудің қажеті жоқ. Егер дайын өнімнің өзіндік құны шикізат бағасының төмендеуіне байланысты сатудың мүмкін құнынан асып кетсе, онда шикізат сатудың мүмкін болатын таза құнына дейін есептен шығарылады.

Сатудың таза құнының ең жақсы сандық көрінісі ұқсас материалдарды сатып алу шығындары болуы мүмкін. Тауарлық-материалдық қорларды өндіруде қолданылатын материалдар, егер өндірісте пайдаланылған және өзіндік құны бойынша немесе одан жоғары сатылатын соңғы өнім болса, өзіндік құннан төмен есептен шығарылмайды.

Сатудың таза құнын бағалау әрбір есепті кезеңде кезең-кезеңімен жүргізіледі. Бастапқыда тауарлық-материалдық құндылықтарды сатудың таза құнына дейін ішінара есептен шығаруға әкеп соқтырған жағдайлар өзгерген кезде, есептен шығарылған сома қорлардың өзіндік құнын сипаттайтын мәнге дейін өтеледі: жаңа баланстық құн мыналардың ең төменгі мәнін көрсетуі керек: өзіндік құн және сатудың қайта қаралған таза құны. Мысалы, тауарлық-материалдық құндылықтар

ескерілді, сатудың мүмкін болатын таза құны бойынша сату бағасының төмендеуіне байланысты, олардың сату бағасы өскен кезеңде әлі де іске асырылмаған.

Қарастырылып отырған мәселенің жекелеген аспектілері ТМД ғалымдарының еңбектерінде көрініс тапты. Қолда бар зерттеу нәтижелерінің маңыздылығын мойындай отырып, бухгалтерлік есепті, аудитті және қорларды талдауды ұйымдастыру процесі халықаралық тәжірибені терең пайдаланбай ашылатынын атап өтеміз.

Кез-келген кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық қызметінде материалдық-өндірістік қорлар маңызды рөл атқарады.

Өндірістік қорлар мен материалдық құндылықтар еңбек объектілері болып табылады және кәсіпорынның негізгі өндірістік процесін қамтамасыз етеді. Олардың құны толығымен жаңадан жасалған өнімге беріледі, сонымен бірге өте жоғары үлес салмағын алады.

Қазіргі уақытта нарықтық экономика жағдайында материалдық-өндірістік қорларды дайындау және сатып алу дайындаудың бастапқы кезеңінде үлкен маңызға ие. Тауарлық-материалдық құндылықтарды тиісінше дайындау және тұтыну жөніндегі мақсатқа қол жеткізу үшін әрі қарай ұтымды пайдалана отырып, бухгалтерлік есеп қызметі тауарлық-материалдық құндылықтарды дайындау және сатып алу жөніндегі іс-қимылдарға ай сайын талдау жүргізуге мүмкіндік беретін толық, ашық ақпаратты қамтуға тиіс. Бұдан басқа, бухгалтерлік есеп деректері қорларды ұтымды сатып алу бөлігінде өнімнің өзіндік құнын төмендету резервтерін іздеуге арналған ақпаратты қамтуы тиіс.

Материалдық есепті ұйымдастыру-Бухгалтерлік есептің ең күрделі бағыттарының бірі. Өнеркәсіптік кәсіпорында материалдық құндылықтар номенклатурасы ондаған мың атаулармен есептеледі, ал материалдық-өндірістік қорларды есепке алу туралы ақпарат өндірісті басқару туралы барлық ақпараттың 30% - дан астамын құрайды. Сондықтан материалдық құндылықтарды алу, жылжыту, сақтау және пайдалану бойынша есеп пен бақылауды ұйымдастыру үлкен қиындықтармен байланысты. Есеп құжаттарын жазудан бастап қажетті есептілікті жасауға дейінгі барлық есеп жұмыстарын автоматтандыру үлкен маңызға ие. Материалдық-өндірістік қорларды есепке алу мен бақылаудың ажырамас бөлігі оларды пайдаланудың экономикалық талдауы болып табылады, бұл өндіріс тиімділігін арттыру резервтерін іздеуді тереңдетеді.

Нарықтық экономика кезеңіндегі меншіктің алуан түрлілігі, Экономиканы басқарудағы кәсіпорындардың құқықтарын кеңейту, өндірістің салалық ерекшеліктері өндірістік қорларды есепке алу әдістемесі мен техникасының нақты мәселелерін шешуде балама, кейде көп вариантты тәсілдерді қажет етеді.

Өндірістік қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындардың (құрылымдық бөлімшелердің) басшылары нормативтердің сақталуын, нақты нақты шығындардың динамикасын үнемі қадағалап отыруы керек, өйткені материалдық шығындар өндірістің жалпы шығындарында жоғары үлес салмағын алады, сондықтан бұл шығындар алынған пайда мөлшеріне айтарлықтай әсер етеді. Демек, материалдық ресурстарды үнемдеу өндіріс тиімділігін арттырудың маңызды факторы болып табылады. Материалдық-өндірістік қорларды есепке алуды және

пайдалануды бақылауды дұрыс ұйымдастырмай, қоймалардағы қорлардың қалдықтарын, түсімдері мен шығыстарын бақылауды қамтамасыз ету мүмкін емес.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚЕХС (IAS) 37 бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер және шартты активтер.

2. Шолпанбаева К.Ж. Қаржылық есеп 2: оқу құралы / К.Ж. Шолпанбаева, А.А. Ярышева, Л.И. Белоусова; ҚР Білім және ғылым М-во. - Өскемен: Берел: ШҚМУ баспасы, 2018.

3. "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234-ІІІ Заңы (14.07.2022 жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4. Шолпанбаева К.Ж. Апышева А.А. Белоусова Л.И.-ред. Берел оқу құралы / Қаржылық есеп 1 - 2017ж.

ӘОЖ 336:657.6

СЫРТҚЫ ҚАРЖЫЛЫҚ АУДИТ: ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ СЕНІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН РӨЛІ

Садыкова Д.

Шайханова Н.К., ассоциированный профессор
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан, E-mail: m-dilnaz@bk.ru

Сыртқы қаржылық аудит ұйымның қаржылық есептілігін бағалау мен растаудың маңызды құралы болып табылады. Оны белгілі бір стандарттар мен принциптерге сәйкес қаржылық деректер мен процестерді тексеретін тәуелсіз аудиторлар жүзеге асырады. Бұл мақалада біз сыртқы қаржылық аудиттің негізгі аспектілерін, оның мақсаттарын, міндеттерін, принциптерін, кезеңдерін, әдістері мен нәтижелерін қарастырамыз. Сондай-ақ, біз бизнес үшін сыртқы қаржылық аудиттің маңыздылығын және оның қаржылық есептіліктегі ашықтық пен сенімділікті қамтамасыз етудегі рөлін талқылаймыз.

Сыртқы қаржылық аудит - бұл аудиторлық мамандар жүргізетін ұйымның қаржылық есептілігін тәуелсіз бағалау және тексеру процесі. Сыртқы қаржылық аудиттің мақсаты қаржылық есептіліктің дұрыстығы мен сенімділігіне байланысты тәуекелдерді анықтау және бағалау, сондай-ақ қаржылық есептіліктің қабылданған заңнама мен стандарттарға сәйкестігін тексеру болып табылады.

Сыртқы қаржылық аудит аудитордың тәуелсіздігін, тексеруді жүргізудегі объективтілік пен ашық ойды қамтитын белгілі бір принциптерге сәйкес жүргізіледі. Аудиторлар қаржылық деректерді талдау, құжаттаманы тексеру, қызметкерлермен сұхбат жүргізу және т. б. сияқты аудит жүргізу үшін әртүрлі әдістер мен құралдарды пайдаланады. Сыртқы қаржы аудитінің нәтижелері қаржылық есептіліктің дұрыстығы мен сенімділігін бағалауды, сондай-ақ ұйымның

ішкі бақылау және қаржыны басқару жүйесін жақсарту жөніндегі ұсынымдарды қамтитын аудиторлық есеп түрінде ұсынылады. Сыртқы қаржылық аудит бизнес үшін үлкен маңызға ие, өйткені ол қаржылық есептілікке сенім орнатуға, дұрыс басқару шешімдерін қабылдауға және қаржылық операциялардың ашықтығы мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сыртқы қаржылық аудит ұйымның қаржылық есептілігін оның дұрыстығын және қабылданған есеп пен есептілік стандартына сәйкестігін анықтау мақсатында тәуелсіз бағалау және тексеру процесі болып табылады. Сыртқы қаржылық аудиттің негізгі мақсаттары мен міндеттері:

1. Қаржылық есептіліктің дұрыстығын растау - сыртқы қаржылық аудиттің негізгі мақсаттарының бірі ұйымның қаржылық есептілігінің дұрыстығын растау болып табылады. Аудиторлар олардың дұрыстығын, толықтығын және қабылданған есепке алу мен есептілік стандартына сәйкестігін анықтау мақсатында есептілікте ұсынылған қаржылық деректерге, операциялар мен оқиғаларға тексеру жүргізеді.

2. Ішкі бақылау жүйесінің сенімділігін бағалау - сыртқы қаржылық аудит сонымен қатар ұйымның ішкі бақылау жүйесінің сенімділігін бағалауға бағытталған. Аудиторлар қаржылық есептіліктің дұрыстығы мен сенімділігін қамтамасыз ету үшін ұйымда белгіленген процедуралар мен механизмдерді талдайды және оларды жақсарту бойынша ұсыныстар береді.

3. Қаржылық алаяқтықты анықтау және алдын алу - сыртқы қаржылық аудиттің қаржылық алаяқтықты анықтау және алдын-алу міндеті де бар. Аудиторлар қаржылық операциялар мен транзакцияларға талдау жасайды, ықтимал бұзушылықтар мен сәйкессіздіктерді зерттейді және алаяқтық әрекеттердің алдын алу және жою шараларын ұсынады.

4. Қаржылық есептіліктің ашықтығы мен сенімін арттыру - сыртқы қаржылық аудиттің маңызды мақсаттарының бірі ұйымның қаржылық есептілігінің ашықтығы мен сенімін арттыру болып табылады. Аудиторлар қаржылық есептіліктің тәуелсіз бағасын ұсынады, бұл инвесторлардың, несие берушілердің және басқа да мүдделі тараптардың сенімін орнатуға ықпал етеді.

Сыртқы қаржылық аудит аудиттің дұрыс жүргізілуін және алынған нәтижелердің дұрыстығын қамтамасыз ететін бірқатар принциптерге негізделген. Төменде сыртқы қаржылық аудитті жүргізудің негізгі принциптері келтірілген:

Тәуелсіздік: аудиторлар өздері тексеретін ұйымнан тәуелсіз болуы керек. Бұл олардың аудит жүргізу кезінде объективтілігі мен бейтараптығына әсер етуі мүмкін қаржылық немесе жеке мүдделері болмауы керек дегенді білдіреді. Аудиторлардың тәуелсіздігі аудит нәтижелеріне сенімділікті қамтамасыз етеді.

Құзыреттілік: аудиторлар бухгалтерлік есеп және аудит саласында жеткілікті білімге, дағдыларға және тәжірибеге ие болуы керек. Олар қаржылық есептілікті дұрыс бағалай алатын және мүмкін болатын қателіктер мен алаяқтықтарды анықтай алатын білікті мамандар болуы керек. Аудиторлардың құзыреттілігі аудит жүргізудің сапасына кепілдік береді.

Объективтілік: аудиторлар аудит жүргізу кезінде объективті және бейтарап болуы керек. Олардың ұйымға немесе оның басшылығына қатысты алдын-ала пікірлері немесе алдын-ала пікірлері болмауы керек. Аудиторлардың объективтілігі

оларға субъективті бағалаулар мен болжамдарға емес, фактілер мен дәлелдерге негізделген аудит жүргізуге мүмкіндік береді.

Кәсіби стандарттарды сақтау: аудиторлар өз елінде немесе аймағында белгіленген кәсіби стандарттарды сақтауы керек. Бұл стандарттар аудитті жүргізуге қойылатын талаптарды, соның ішінде қолданылатын әдістер мен процедураларды анықтайды. Кәсіби стандарттарды сақтау аудит жүргізудің біркелкілігі мен сапасын қамтамасыз етеді.

Құпиялылық: аудиторлар аудит процесінде алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуі керек. Олар бұл ақпаратты ұйымның келісімінсіз үшінші тұлғаларға жария етпеуі керек. Құпиялылық ұйымның мүдделерін қорғайды және аудиторларға сенімділікті қамтамасыз етеді.

Осы қағидаттардың барлығы сыртқы қаржылық аудитті жүргізудің негізі болып табылады және оның дұрыс жүргізілуіне және нәтижелердің дұрыстығына кепілдік береді. Аудиторлар тәуелсіздікті, объективтілікті және аудит жүргізу сапасын қамтамасыз ету үшін осы қағидаттарды қатаң сақтауы керек.

Сыртқы қаржылық аудитті жүргізудің негізгі пайдасы - бұл ұйымға мүмкіндік береді (1-кесте):

11.	Қаржылық есептілікке деген сенімді арттыру.
22.	Беделді жақсарту және жаңа инвесторларды тарту.
ПЗ.	Қаржылық тәуекелдер мен сәйкессіздіктерді анықтаңыз және жойыңыз.
44.	Қаржылық процестерді оңтайландыру және ресурстарды басқару бойынша ұсыныстар алыңыз.
55.	Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың туындау мүмкіндігін азайту.

Кесте 1 – Ұйымда сыртқы қаржылық аудитті жүргізудің негізгі пайдасы.

Сонымен қатар, сыртқы қаржылық аудит ұйымға заңнамалық талаптар мен стандарттарды сақтауға көмектеседі. Бұл ұйымның қаржылық нәтижелерін дұрыс есепке алуын және оның қаржылық қызметі туралы сенімді ақпарат беруін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сыртқы қаржылық аудитті жүргізу белгілі бір ұйымдар үшін, әсіресе мемлекеттік немесе қоғамдық қаржыландыруды тартатын мемлекеттік компаниялар немесе ұйымдар үшін міндетті болып табылатындығын атап өткен жөн. Дегенмен, шағын ұйымдар да мұндай аудитті жүргізуден айтарлықтай пайда көре алады, өйткені ол қаржылық есептілікті тексеруге және ықтимал мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді.

Сыртқы қаржылық аудит ұйымның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Ол ықтимал қателерді, алаяқтықты немесе бухгалтерлік есеп нормалары мен ережелеріне сәйкес келмейтінін анықтау үшін компанияның қаржылық операциялары мен есептілігін тәуелсіз тексеруге мүмкіндік береді. Аудит нәтижелері қаржылық ақпараттың сенімділігі мен сенімділігін анықтауға көмектеседі, бұл басқарушылық шешімдер қабылдауға және инвесторлар мен серіктестердің сенімін арттыруға көмектеседі.

Қаржы процестерінің тиімділігін бағалау. Сыртқы аудит ұйымның қаржылық процестерін талдауға және олардың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Аудиторлар ішкі бақылау жүйесін, бухгалтерлік есеп пен қаржылық басқару процестерін зерттейді, мүмкін болатын осалдықтарды анықтайды және оларды жою шараларын ұсынады. Мұндай талдау қаржылық процестерді оңтайландыруға, олардың жұмысын жақсартуға және ықтимал қаржылық тәуекелдердің алдын алуға мүмкіндік береді.

Ашықтық пен жауапкершілікті арттыру. Қаржылық аудит ұйымдағы ашықтық пен жауапкершілікті арттыруға ықпал етеді. Аудитті тұрақты жүргізу іскерлік процестер мен бухгалтерлік есеп ережелерінің сақталуын бақылауға, бұзушылықтар мен кемшіліктерді анықтауға және түзетуге мүмкіндік береді. Бұл алаяқтықтың алдын алуға, ұйымды басқаруды жақсартуға және мүдделі тараптардың сенімін арттыруға көмектеседі.

Қазақстан Республикасындағы сыртқы аудитті жүргізудің механикасы:

1. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің (бұдан әрі – есеп комитеті) кейбір нормативтік қаулыларына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2. Жоғары аудиторлық Палатаның әдіснама және сапаны бақылау департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен мыналарды қамтамасыз етсін:

- осы нормативтік қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу;

- осы нормативтік қаулыны жоғары аудиторлық Палатаның интернет-ресурсында орналастыру.

3. Осы нормативтік қаулының орындалуын бақылау жоғары аудиторлық палата аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы нормативтік қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Люксембургте қаржы секторын қадағалау жөніндегі Комиссия аудит жүргізу жөніндегі техникалық тапсырманы қамтуға, есептердің мазмұнына және мақұлданған сыртқы аудитордың жазбаша түсініктемелеріне қатысты ережелерді белгілей алады.

Кипрде Орталық банк сыртқы аудиторлардың назарын келесі аудиттің бөлігі болады немесе осындай тексеру барысында терең талданады деп күтілетін белгілі бір проблемалық бағыттарға аударады.

Ирландияда 2013 жылғы Орталық банк (қадағалау және құқық қолдану) туралы заңда Орталық Банкке сыртқы аудиторларға сенімділігін растау үшін жүгінуге мүмкіндік беретін ережелер енгізілді: 1) Әкімшілік рәсімдер немесе бухгалтерлік есеп рәсімдері; 2) ішкі бақылау тетіктері; 3) тәуекелдерді басқару; 4) Ұйымдық құрылым; және 5) жүйелер қаржылық қызметтерді бақылаудағы жеткізушілердің корпоративтік басқармасы.

Австрияда белгілі бір жағдайлар туралы ақпарат берудің арнайы міндеті жүктелген (яғни, несиелік ұйым өз міндеттемелерін орындай алмайтын немесе заңның елеулі бұзушылықтары анықталған кезде қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ете алмайтын кезде және т.б.).

Чехияда сыртқы аудитор Чехияның Ұлттық банкіне банктік қызметті реттейтін заңнаманың бұзылуын көрсететін, экономика үшін елеулі теріс салдары болуы мүмкін және т. б. фактілер туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

Македония бюросында аудиторлық компания, егер аудиторлық тексеру барысында банктің төлем қабілеттілігіне немесе өтімділігіне қауіп төнгені анықталса, ал банк нормативтік актілердің ережелерін бұза отырып әрекет етсе және (немесе) әрекет етсе, басқарушыны дереу жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Бұл талап Банктің тығыз байланысы бар заңды тұлғаларға да қатысты.

Ирландияда 2013 жылғы Орталық банк (қадағалау және құқық қолдану) туралы заңда орталық банкті белгілі бір мәселелер туралы хабардар ету кезінде сыртқы аудиторлардың жауапкершілігін шектеу қарастырылған.

Сыртқы қаржылық аудит ұйымның қаржылық есептілігін тексеру мен бағалаудың маңызды құралы болып табылады. Ол ұсынылған ақпараттың дұрыстығы мен сенімділігіне көз жеткізуге, сондай-ақ ықтимал қателерді немесе алаяқтық әрекеттерді анықтауға мүмкіндік береді. Сыртқы қаржылық аудит белгілі бір қағидаттар мен әдістерге сәйкес жүргізіледі және оның нәтижелері басқарушылық шешімдер қабылдау және мүдделі тараптардың сенімін арттыру үшін пайдаланылуы мүмкін есептілік түрінде ұсынылады. Жалпы, сыртқы қаржылық аудит Қаржылық есептіліктің ашықтығы мен сенімділігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады, бұл бизнесті дамытуға және ұйымға деген сенімді нығайтуға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Арабян, К.К. аудитті ұйымдастыру және жүргізу / К.К. Арабян. - Мәскеу: Гостехиздат, 2020. - 448 б.

2. Жарылғасова, Б.Т. аудиторлық қызметтің ресейлік және халықаралық стандарттары / Б.Т. Жарылғасова. - М.: Норус, 2019. - 400 б.

3. Ляховский, В.С. аудиттің жаңа стандарттары мен әдістері. Басылым.2: моногр. / В.С. Ляховский. - Мәскеу: Санкт-Петербург. [және басқалар] : Питер, 2017. - 627 б.

4. Бай, И.Н. Аудит / И.Н. Бай, Н.Н. Хахонова. - М.: Феникс, 2020. - 608 б.

5. Сонин, А.М. сыртқы аудит. Қазіргі көзқарас / А.М. Сонин. - М.: Қаржы және статистика, 2018. - 334 б.

УДК 618.14.012

ВЗАИМОСВЯЗЬ ФИНАНСОВОГО И ОПЕРАЦИОННОГО ЛЕВЕРИДЖА ПРЕДПРИЯТИЯ

Салибекова С.М.

Университет «Мирас», г. Шымкент, Казахстан, asel_4747@mail.ru

Понятие «леверидж» (англ. Leverage) буквально означает «действие рычага» и отражает соотношение одной величины к другой. Эффект рычага проявляется в том, что даже незначительное изменение значения левериджа может существенно влиять на связанные с ним финансовые показатели. Леверидж является одним из ключевых индикаторов финансового положения компании.

В финансовом анализе наиболее часто оценивается текущее значение и динамику двух видов лeverиджа, которые используются всеми компаниями:

- Операционный лeverидж.
- Финансовый лeverидж.

Операционный лeverидж часто называют «производственным рычагом»: он свидетельствует об уровне **предпринимательского риска**.

Финансовый лeverидж также носит название «кредитный рычаг» и отражает уровень **финансового риска** или **риска потери финансовой устойчивости** компании.

Операционный лeverидж часто называют производственным или хозяйственным. Он показывает на сколько процентов изменяется балансовая прибыль предприятия при изменении выручки на 1 процент. Поэтому зная среднее или текущее значение операционного рычага компании и имея план по выручке, можно прогнозировать и изменение операционной прибыли.

Эти два определения (еще они называются финансовый рычаг и операционный рычаг) используются в корпоративных финансах как способ количественно выразить степень риска. Его использование облегчает сравнительный анализ компаний, имеющих разный объем бизнеса, для сравнения их финансовой и бизнес устойчивости в схожих отраслях деятельности.

Финансовый лeverидж - это объем долгового финансирования, используемого компанией, по отношению к ее долевым (акционерному) финансированию.

Долговое финансирование возникает когда компания привлекает кредиты или выпускает облигации, которые могут быть обеспечены залоговым имуществом. Чем больше объем заимствований, тем выше финансовый риск для акционеров компании и, следовательно, тем выше должна быть доходность для акционеров. Поэтому при повышении показателя финансового лeverиджа растет и стоимость (доходность) собственного (акционерного) капитала.

Деятельность предприятия нужно финансировать когда бизнес растет, привлекать долговое финансирование. Однако, высокий объем заемного финансирования создает финансовый риск. Как он проявляется для разных заинтересованных участников деятельности компании:

а) для владельцев обыкновенных акций: высокие показатели финансового лeverиджа увеличивают волатильность (переменчивость) прибыли после налогов, т.е. прибыль которая доступна для акционеров. Если у компании большой объем долгового финансирования, то незначительное уменьшение операционной прибыли приводит к значительному снижению прибыли после налогов для распределения акционерам. Большая волатильность доходности для акционеров, означает что финансовый риск повышен.

б) компания в целом и ее работники: если у компании накапливаются долги, которые она не может вовремя вернуть, это может привести к ее ликвидации, а это потеря рабочих мест и неопределенность в дальнейшем трудоустройстве рабочих с возможными социальными сложностями.

в) поставщики и кредиторы: если компания не способна вернуть долги, при ее ликвидации может возникнуть ситуация, когда поставщики не смогут полностью

получить свои деньги. Поэтому кредиторы потребуют больший процентный доход, чтобы компенсировать свой повышенный финансовый риск [1].

Финансовый леверидж показывает в какой степени деятельность компании финансируется за счет заемных, а не собственных средств.

Финансовый леверидж = (капитал с преимущественным правом требования) / (собственный капитал включая резервы), или

Финансовый леверидж = (капитал с преимущественным правом требования) / (всего задействованный капитал), где капитал с преимущественным правом требования = долговое финансирование + привилегированные акции.

Для расчета финансового рычага на основе рыночной стоимости используют альтернативный метод расчета коэффициента:

Финансовый леверидж = (Рыночная стоимость капитала с преимущественным правом требования) / (Рыночная стоимость собственного капитала + рыночная стоимость капитала с преимущественным правом требования).

Есть мнение, что коэффициент финансового левериджа, рассчитанный на основе показателей отчета о финансовом положении, дает кредиторам лучшее представление об обеспеченности капитала с фиксированными процентами.

Чем выше показатель финансового левериджа, тем больше риск того, что у компании остается совсем мало прибыли для выплаты дивидендов по обыкновенным акциям или ее не останется вообще. Дивиденды по привилегированным акциям должны выплачиваться в любом случае из чистой прибыли, независимо от суммы прибыли компании.

Леверидж в сущности оценивает способность компании оставаться на рынке. Компании у которых показатель левериджа высок, приходится платить ежегодно большие суммы процентов. Если заимствования каким-то образом обеспечены, держатели долговых инструментов имеют право заставить компанию продать активы, чтобы рассчитаться по процентам и основному долгу [2].

Результаты деятельности компании во многом зависят от ситуации на рынке (изменений ВВП, колебаний уровня процентных ставок, инфляции, изменений курса национальной валюты и др.). Если компания характеризуется низким значением операционного рычага, то значительная доля постоянных издержек усиливает последствия негативных изменений на рынках, увеличивает риски компании. Действительно, переменные издержки будут сокращаться вслед за снижением производства, вызванного воздействием рыночных факторов, но если постоянные издержки снизить не удастся, то прибыль будет сокращаться.

Существует несколько способов расчета операционного рычага, второй метод.

Маржинальная прибыль / РВІТ, в этом расчете если коэффициент высокий, то это говорит о большой доли постоянных затрат и это более опасно для кредиторов. Мне более понятен для расчета первый метод расчета операционного левериджа.

Список литературы

1.Цвирко С.Э. Венчурное финансирование как фактор инновационного развития экономики России //Вестник ТГУ, №9(89), 2015. – С.149-156.

ӘОЖ 343.244

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ БІРНЕШЕ РЕТ ЖАСАЛУЫНА ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМА

Салтанатова К.

Ғылыми жетекші: Орсаява Р.А., з.ғ.к., PhD,
қауымдастырылған профессор
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: r_orsaeva_60@mail.ru

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы-құқыққа қарсы әрекет болып саналады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 12 бабында қарастырылған. 12 баптың 1-ші тармағына сәйкес, екі немесе одан да көп іс-әрекетті жасау қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы деп танылады [1].

Егер адам бұрын жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін сотталған не заңда белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған болса, қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше рет жасалған деп танылмайды.

Жалғасатын қылмыстық құқық бұзушылық, яғни бір пиғылмен және бір мақсатпен ұштасып, тұтас алғанда бір қылмыстық құқық бұзушылықты құрайтын, құқыққа қарсы бірқатар бірдей іс-әрекеттерден тұратын қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше рет жасалған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылмайды.

Қылмыстардың бірнеше рет жасалуы осы Кодексте неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғатын мән-жай ретінде көзделген жағдайларда, адамның жасаған қылмыстары осы Кодекстің Ерекше бөлігінің қылмыстарды бірнеше рет жасағаны үшін жаза көзделетін бабының тиісті бөлігі бойынша сараланады.

Қылмыстық теріс қылықтардың бірнеше рет жасалуы осы Кодексте неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғатын мән-жай ретінде көзделген жағдайларда, адамның жасаған қылмыстық теріс қылықтары осы Кодекстің Ерекше бөлігінің қылмыстық теріс қылықтарды бірнеше рет жасағаны үшін жаза көзделетін бабының тиісті бөлігі бойынша сараланады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» Нормативтік қаулысы қылмыстық заңды дұрыс қолдану азаматтарды негізсіз айыптау мен соттаудан қорғауды, сондай-ақ сотталушыларға жасаған әрекетіне сәйкес әділ жаза тағайындауды қамтамасыз етеді. Сондықтан белгілі бір адам бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кезде қылмыстық заңды дұрыс қолдану үшін қажетті мән-жайларды анықтаған және жасалған әрекетті жалғаспалы (созылмалы) қылмыстық құқық бұзушылықтың, қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуының, қылмыстық құқық бұзушылықтардың нақты және анық жиынтығының анықтаулары бар Қазақстан Республикасы

Қылмыстық кодексінің 12 және 13-баптарының ережелерін ескеріп, саралаған жөн екендігін көрсетеді [2].

Қылмыстық құқық бұзушылықты бірнеше рет жасау ҚК Ерекше бөлімінің белгілі бір бабында немесе бабының белгілі бір бөлігінде қаралған бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтарды белгілі бір адамның жасауын көздейді.

Егер адам бұрын жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін сотталған, не заңда белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған болса, қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше рет жасалған деп танылмайды.

Қылмыс пен қылмыстық теріс қылық өзара бірнеше рет жасауды құрамайды.

Әрекетті бірнеше рет жасау белгісі бойынша саралау немесе ҚК-нің 54-бабы бірінші бөлігінің 1) тармағына сәйкес қылмыстардың бірнеше рет жасалғандығын кінәлі адамның қылмыстық жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жай деп тану кезінде, егер бұрын аяқталған ұқсас қылмыс, сондай-ақ оған оқталу, бірлесіп орындау не осы қылмысқа бірлесіп қатысу орын алған болса, қылмыс бірнеше рет жасалған деп танылады.

Егер бірнеше рет жасау қылмыстық-құқықтық нормада саралаушы белгі ретінде көрсетілсе, онда белгілі бір адамның бірнеше ұқсас қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауы осы қылмыстық құқық бұзушылықты бірнеше рет жасағаны үшін жауаптылық көздейтін ҚК тиісті бабы (бабының бөлігі) бойынша тұтастай саралауға жатады.

Әр түрлі саралаушы белгілерді көздейтін ҚК белгілі бір бабының әр түрлі бөлімдерінде қаралған бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтар жасалған кезде бұл әрекеттер тек баптың неғұрлым қатаң жаза белгілейтін және барлық саралаушы белгілерін қамтитын бөлігі бойынша ғана тұтастай саралауға жатады. Мұндай жағдайларда қылмыстық заңның осы бабының өзге бөліктерінде көрсетілген әрекеттерге қатысты анықталған қылмыстық құқық бұзушылықтың саралаушы белгілері тағылуға жатады және үкімде көрсетілуі тиіс.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше рет жасалуын тек ұқсас қылмыстық құқық бұзушылықтар құрайды. Сондықтан бірнеше біртектес қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау қылмыстық құқық бұзушылықтарды бірнеше рет жасау ретінде танылмайды және қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы ретінде саралануға жатады.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің деректері бойынша 2020 жылдың 1-тоқсанында 54 990 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелді, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 23,9% -ға аз. 2022 -2023 жылдары бұл қылмыстардың ішіндебір адамның бірнеше рет қылмыс жасауы тіркелген.

Республикадағы қылмыс деңгейі 10 мың тұрғынға шаққанда 118 тіркелген қылмысты құрады. Облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар бөлінісінде 10 мың тұрғынға шаққандағы ең жоғары қылмыс деңгейі Алматы, Шымкент, Нұр-Сұлтан, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай және Ақмола облыстарында, ең төменгі Түркістан облысында байқалады [3].

Қылмыстық Кодекстің 12 бабында көрсетілген. Қылмыстық Кодекстің түрлі баптарында немесе баптарының бөліктерінде көзделген, адам солардың бірде –

біреуі үшін сотталмаған немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған екі немесе одан да көп әрекеттерді жасау қылмыс жиынтығы деп танылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша жаза тағайындаудың өз ерекшелігі бар.

Ол Қылмыстық Кодекстің 58 бабында ашып көрсетілген яғни: қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы кезінде сот әрбір қылмыс үшін бөлек жаза (негізгі және қосымша) тағайындап, түпкілікті жазаны жеңілірек, қатаң жазаны ауырырақ қатаң жазаға сiңiру жолымен немесе тағайындалған жазаларды толық немесе iшiнара қосу жолымен белгілейді [4,109] .

Қылмыстардың көптігін жекелеген қылмыстан, яғни қылмыстың бір ғана құрамының белгілерінен тұратын әрекеттен ажырата білу керек. Егер де жасалған қылмыс қарапайым құрамның белгілерінен тұратын қылмысты қылықтың бір ғана көрінісі болса, әрине, жекелеген қылмыс түрін қылмыстардың көптігінен ажыратып алу, әдетте, қиынға соқпайды.

Бір ғана тұлғаның бірнеше рет қылмысқа баруы - қоғам үшін аса қауіпті болып табылады. Біріншіден, қылмыстық құқықтық қорғауындағы қоғамдық қатынастарға тиетін зиян объективті түрде анағұрлым арта түседі.

Екіншіден, бір тұлғаның жасаған қылмыстары әртүрлі объектілерге қиянат келтіретін болса, зиян келетін қоғамдық қатынастардың қатарының өзі де кеңейе түсуі мүмкін. Және де, бір тұлғаның бір ғана емес, бірнеше қылмыс жасауының өзі әдетте, бұл қылмыскердің бойында тұрақты түрде қоғамға қарсы бағыт қалыптасқандығын дәлелдейді. Мұның өзі жағдайдың тең қарастырылуы барысында бұл тұлғаға неғұрлым қатал қылмыстық - құқықтық ықпалдың қолданылуын талап етеді. Сонымен қатар, бір тұлғаның бірнеше қылмыс жасауы, оның істегендерінің дұрыс саралануы мәселесін де туындатады.

Тұлғаның қылмыстық жауапқа тартылуының ескіру мерзімі өтпеген немесе соттылығы жойылмаған не алынып тасталмаған немесе қылмыстық жауапқа тартылу заңға сәйкес тоқтатылмаған екі не одан да көп қылмыс жасауы қылмыстық құқыққа қылмыстардың көптігі деп танылады.

Қылмыстық заңдар бойынша қылмыстардың көптігінің төмендегідей түрлері айқындалып, ажыратылады. Қылмыстардың көптігінің өзіне тән белгісі - бір тұлғаның кемінде екі рет қылмыс, яғни қылмыстардың дербес құрамдарының белгілері бар әрекеттер (немесе жиынтықталған бір әрекет) жасауы.

Қылмыстық жауаптылықтың ескеру мерзімі өтіп кеткен немесе соттылығы жойылған (алынып тасталған) заң бұзушылықтар да, сонымен қатар, қылмыстық - құқықтық салдар жоққа шығарылған әрекеттер де қылмыстардың көптігіне жатпайды. Ол жағдайлар атап айтқанда:

-қылмыстардың бірнеше рет жасалуы дегеннің мағанасына тереңірек үңілер болсақ, ол - бір тұлғаның екі немесе одан да көп қылмыстар жасауы. Бұл әрекеттері үшін тұлғаның сотталған - сотталмағандығы ескерілмейді. Теория жүзінде де, практика жүзінде де қылмысты бірнеше рет жасау екі түрге бөлінеді: жалпы және арнайы.

-қылмыстардың қайталануының кез келген түрі, оның қоғамдық қауіптілігінің сипаты мен деңгейіне қарамастан жалпы бірнеше рет қайталану деп

табылады. Жалпы бірнеше рет қайталану қылмыстардың саралануына ықпал жасамайды, бірақ жаза тағайындау кезінде сот бұл жағдайды жауаптылықты ауырлататын мән - жай ретінде ескеруі мүмкін.

-кінәлі тұлғаның ұқсас немесе біртекті екі немесе одан да көп қылмыс жасауы арнайы бірнеше рет жасалу деп танылады. Нақты жағдайлар тұрғысынан өзара айырмашылықтары болғанымен, бірдей қылмыс құрамының белгілерінен тұратын қылмыстар, ұқсас (бірдей) қылмыстар деп есептеледі.

Сонымен, қылмыстар жиынтығы бойынша тағайындалған негізгі жазаға жиынтықты құрайтын қылмыстар үшін тағайындалған қосымша жазалар қосылуы мүмкін. Жекелеп немесе толық қосылған жағдайда түпкілікті жаза Қылмыстық Кодекстің Жалпы бөлімінің сол жазалау түрі үшін белгіленген ең жоғары мерзімнен немесе мөлшерінен аспауы [4,110] керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясы).

2. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы N11 Нормативтік қаулысы (31.03. 2017 өзгертулермен).

3. Қазақстанда қылмыс деңгейі [Электронды ресурс] <https://egemen.kz/article/229858->

4. Орсаяева Р.А. Қазақстан Республикасы қылмыстық құқығы (жалпы бөлім), - Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚУ, «Берел» баспасы, 2023. - 210 б.

ӘОЖ 37

БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП

Сарсенбаев Ж., Алейханов А.

Ғылыми жетекші: Шолпанбаева К.Ж., экономика ғылымының кандидаты, профессор

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан, E-mail: iamzhigersarsenbayev10@gmail.com

Бухгалтерлік есеп — кәсіпорынның қызметі туралы расталған деректер алу мақсатымен оның қаржы-шаруашылық қызметін бақылау, қорытындылау және бейнелеу әдістемесі мен жүйесі; кәсіпорынның ресурстарын және қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін есептеу жүйесі. Ол қабылданған ережелер бойынша құжаттардың белгіленген нысандарын пайдалана отырып жүргізіледі. Бухгалтерлік есеп-қисаптың зерттеу объектілері — ақшалай нысанда тұлғаланған шаруашылық құрал-жабдығы, олардың өндіріс, орналасу, айналыс барысындағы қозғалысы, сондай-ақ олардың құралу және пайдаланылу көздері.

Бухгалтерлік есеп заңды тұлғалардың қорлары мен қор көздерін және қаржы айналысын, шаруашылық операцияларының мазмұнын нақты құжаттар негізінде

үздіксіз және өзара байланысын сақтай отырып, арнайы өлшеу бірлігімен тіркеп отыру. Бухгалтерлік есеп жүргізу құжаттау мен түгелдеу, есеп-шоттар мен екіжақты жазу, бағалау мен өзіндік құнын шығару, баланс пен қорытынды есеп әдістеріне негізделген.

1997 жылдан бастап Қазақстанда Бухгалтерлік есеп халықаралық стандарт жүйесіне көшірілді. Бухгалтерлік стандарт — есеп көрсеткіштерін арнайы ережелерге сай бағалау, өлшеу және шаруашылық операцияларының маңызын анықтау мен ажырату тәртібі. Халықаралық стандартқа сай, бухгалтерлік есеп қаржы және басқарушы есеп салаларынан тұрады. Қаржы есебі қаржы салымшылары мен несие берушілер, заңды тұлғалардың дамуына үлес қосушылар, шетелдік инвесторлар т.б. үшін жүргізіледі. Басқарушы есеп заңды тұлғалардың өз ішінде басқару жүйесін жетілдіру, ішкі резерв қорларын табу, оны іске қосу мақсатында жүргізіледі. Қазақстандағы заңды тұлғалар жыл сайын аталмыш есеп салаларына қосымша өз кәсіпорнының есеп саясатын, оны жүргізудің принциптерін, қолданылатын есепшоттар жүйесінің тізімін жасап, бекітіп, арнайы орындарға тапсырып отырады.

Тиісті заң актілері мен нормативтік материалдардың және есеп стандарттарының талабына сай, Бухгалтерлік есеп объектілерінде қолданылатын бірнеше әдістер ішінен заңды тұлғалардың өзіне ыңғайлы жолын таңдап алуы есеп саясатын көрсетсе, кең көлемде қолданылатын Бухгалтерлік есепке тән ережелер жүйесі (екіжақтылық, консервативтік, автономиялық, сәйкестікке келтіру, сату, т.б.) есеп принципіне жатады.

Бухгалтерлік есеп жүргізудегі басты құрал — есепшоттар жүйесі. Онда заңды тұлғалардың әрбір есепшоты нөмірленген. Бухгалтерлік есеп көрсеткіштері (мәліметтері) бухгалтерлік баланс жасау арқылы қорытындыланады.

Бухгалтерлік есеп–есеп теориясы, қаржы мен өндірістік есеп, салықтық есеп болып бөлінеді. Бухгалтерлік есеп теориясы–бұл бухгалтерлік есеп жүйесін ұйымдастырудың теориялық, әдістемелік және практикалық негіздері. Қаржылық есеп–бұл шаруашылық операцияларын бухгалтерлік жағынан ретке келтіріп, тіркеуді қамтамасыз ететін есептік ақпаратты жинастыру жүйесі. Қаржылық есеп шаруашылық жүргізуші субъектінің мүлкі мен міндеттемелері туралы ақпаратты топтастырады (материалдық және материалдық емес активтер, жалға алынған мүліктер, қаржылай және заттай салынған жарна, ағымдағы активтер (ТМЗ)), субъектінің міндеттері несие, дебиторлық және кредиторлық берешектер, ақша қаражаты, меншікті капитал, бөлінбеген табыс (шығын) және т.б. Қаржылық есептің деректерін шаруашылық жүргізуші субъект ішінде әртүрлі деңгейдегі басшылар мен сыртқы пайдаланушылар пайдаланады (қазіргі және болашақтағы инвесторлар, кредиторлар, банктер, салық және қаржы ұйымдары). Өндірістік есептің міндеті-өнімнің (жұмыстың, қызметтің) өзіндік құны туралы деректер жинастырып, өңдеу.

Есеп қашан пайда болғанын тура тауып айту мүмкін емес. Оның пайда болуының алғы шарты – адамдар арасындағы экономикалық қатынастардың дамуы. Бухгалтерлік есептің пайда болып, қалыптасуын мынадай кезеңдерге бөлуге болады:

- 1) Ежелгі дүние.

- 2) Ортағасырлық.
- 3) Ренессанс пен қосарлы бухгалтерияның пайда болуы.
- 4) Ғылымның пайда болуы. XIX ғ. екінші жартысы.
- 5) XX ғ. – бухгалтерлік есептің үдемелі дамуы.

Бухгалтерлік есептің алғашқы даму кезеңіне адамдар өмірін сақтап қалу үшін тамақ табу керектігін толғандырды, оның мөлшерін ұмытпас үшін оны есте сақтау арқылы немесе белгі салу арқылы жүзеге асырды.

Ортағасырлық кезең екі жақты жазу әдістерінің кеңінен таралуы тән болып табылады.

Үшінші кезеңнің тарихи маңыздылығына келсек онда «есептеу» басты бағыттары анықталған. Одан кейін оның даму сипатталған.

Төртінші кезеңде өз мәні бойынша бухгалтерлік есептің ғылыми ілімдердің бір саласы ретінде қалыптасқан кезеңі болып саналады. Яғни бухгалтерлік есептің көптеген анықтамалары тұжырымдары мен мақсаттары қалыптасты.

Соңғы кезең сыртқы нарықтық орта жағдайында қазіргі бухгалтерлік есептің басты айқындалуын сипаттайды. Қазіргі кезде есептің автоматтандырылған нысаны пайдаланылады. Бухгалтерлік есепті автоматтандыру жүйесінде ерекше орын алатын әмбебап компьютерлік бағдарлама – «1С Бухгалтерия». Бұл бағдарлама «қарапайымнан күрделіге» принципі бойынша құрылған. Оны қарапайым операциялар үшін де, есеп регистрлерін, Бас кітапты, жекелеген қорытынды есеп нысандарын құру үшін де қолданады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. “БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП теориясы және негіздері” – Қ.К.Кеулімжаев, Н.А.Құдайбергенов.
2. “Бухгалтерлік есеп” – С.Б.Баймұханова.
3. “Шаруашылық жүргізуші субъектілердегі Бухгалтерлік есеп” – В.Л.Назарова.
4. <https://www.google.kz>
5. <http://www.bazernet.kz>
6. <https://www.referat.kz>

ӘОЖ 338.2

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫН ЦИФРЛАНДЫРУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Сарсенбаев Ж.Т.

Ғылыми жетекші: Ордабаева М.А.

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан, E-mail: iamzhigersarsenbayev10@gmail.com

Жер ғаламшары тарихы басталғалы үлкенді-кішілі бірнеше бөліктерге бөлуге болады. Регресс пен прогресс қатар жүрді. Даму соңғы 5 ғасыр ерекше қарқын алууда. Бұрындары адамзатқа тек қағаз бен қалам керек болса, 16 ғасырда Галилео Галилей телескопты ойлап тапқаннан кейін ғылым дамудың жаңа сатысына көшті.

Адамдар ғылымның шексіз екеніне сенді. Еуропа мен АҚШта прогресс жоғары қарқын алды. 18 ғасырда әлемде өнеркәсіп революциясы басталды. Машиналар, техникалар қол еңбегін алмастырды.

20 ғасырда әлемде ғылыми-технология ғасыры басталды. Осы арқылы әлемдік экономика дамыды. Экономикасы дамыған мемлекеттер Айға ұшып жатты. Бұрынғы уақыттағыдай қарумен емес, мимен, яғни ғылым арқылы бәсекелесті. Өткен ғасырдың 40-50 жылдары әлемде алғаш электронды компьютерлер пайда болуымен цифрландыру кезеңі басталды.

Цифрландыру – адамның әрекеті арқылы жасалатын жұмысты сандық форматқа ауыстыра отырып, уақытты үнемдеу, яғни қағаз толтыру, қажетті анықтама мен сервистік төлемдерді кез келген жерде интернеттің игілігін пайдалана отырып өз қажетіңізге жарату. Мәселен, білім саласында ата-ана баланы балабақша кезегіне қою, мектепті таңдау және оқушыны өзге мектепке ауыстыру, электронды күнделік арқылы баланың бағасын бақылау тетіктерін көре алады. Ал, медицинада дәрігерге қаралу, жедел жәрдем шақыру, онлайн диагнозды білу сынды саладағы жаңашылдықтарды уақытында пайдалану. Мұнан бөлек, цифрландыру толықтай енсе, ауыл шаруашылығы, құрылыс, тұрғын үй шаруашылығы, мұнай саласындағы бірқатар маңызды мәселелер уақытынан бұрын шешімін табады. Демек, цифрландыру халықтың өмір сапасын жақсартуы тиіс. Қысқаша айтқанды, цифрландыру адам өркеніеті дамуының алтын кезеңі.

Адамзат қауымы жыл санап емес, ай санап, тіпті апта мен күн санап цифрландыру заманының сиқырлы әлеміне еніп барады. Цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын-сонды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары. Қазіргі күні бұл технологиялар жасақталу үстінде. Олар қазірдің өзінде біз тамсанып айта беретін ақпараттық технологиялардың өзін жолда қалдыра бастады.

Елімізде «Цифрлы Қазақстан» және «Еуразиялық одақтың негізгі бағыттарын 2025 жылға дейін цифрландыру» мемлекеттік бағдарламалары қабылданған болатын. Оның «Цифрлық Жібек жолын іске асыру», «Адами капиталды дамыту», «Инновациялық экожүйені құру» сияқты бағыттары бар. Мұндағы басты мақсат – мемлекеттің экономикалық дамуын жеделдету және цифрлы технологиялар есебінен халықтың өмірін жақсарту, цифрлы экономиканы құруға жағдай жасау.

2021 жылы Қазақстанда цифрлы жобаларға 200 млрд теңгеден астам инвестиция бағытталған. Аталған қаржы ауыл шаруашылығын цифрландыруға, IT-жобаларға, цифрлы технологияны дамытуға және облыстардағы орталықтардың инфрақұрылымына, сондай-ақ телекоммуникация, аэроғарыш және электронды өнеркәсіп саласына инвестиция салуға жұмсалмақ. Сонымен қатар «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында келесі жылы 33 іс-шараға республикалық бюджеттен 20,9 млрд теңге қаражат қарастырылған.

Цифрлы экономика – бұл сандық ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға негізделген экономикалық, әлеуметтік және мәдени қатынастар жүйесі. Бүгінгі күні цифрлы экономиканың қажеттілігі және оған деген сұраныс артуда. Себебі шұғыл өзгеретін нарықта инновация тез бейімделеді және әлемдік интеграцияға оңтайлана кіре алады. Сондықтан қазір ұлттық экономика

салаларындағы кәсіпорындар Дүниежүзілік сауда ұйымының қатаң талаптарына сәйкес келетін, бәсекеге қабілетті заманауи өнімді шығаруға талпынып келеді.

Экономиканы цифландырудың екі жағы бар: бір жағынан, бұл өндіріс құрылымында және жалпы экономикада қоғамдағы сапалы өзгерістер түріндегі ықтимал тәуекелдерді тудырады, шығындарды азайту үшін тиімді шаралар қабылдауды талап етеді. Екінші жағынан цифрландыру үдерісі прогрессивті мүмкіндіктерге негізделген тәуекелдерді азайту тетіктерін ұсынады. Сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын құруға ғана емес, сандық технологияларды қолдануға негізделген әлеуметтік мінез-құлықтың жаңа нормаларының қалыптасуына ықпал етеді. Мұның бәрі қоғамның цифрлы трансформациясы үшін маңызды.

АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Жапония сияқты дамыған елдерде цифрлы технологияларды тиімді пайдалануға және сенімді ақпаратпен алмасуға қажет инфрақұрылым қалыптасқан. COVID-19 індетімен күресуде 3D арқылы басып шығару, дезинфекциялық роботтар және интернетдүкендер кеңінен өріс алған. Әлемдік экономикада цифрлы технологиялардың кең таралуының басты себебі әлеуметтік дамудың траекторияларымен байланысты. Мысалы, АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Жапония, Италия, Франция сынды дамыған елдерде базалық ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды құрудан бастап, цифрлы технологияларды кеңінен енгізуді қолдау бағдарламалары бар.

Қазақстанда цифландыру жүйесі барлық салаларда бірдей емес. Шағын және орта бизнес саласында да осы жағынан ала құлалық бар. Бұл мәселе өсу деңгейін тежеп қана қоймайды, сонымен қатар жақын арада цифрлы алшақтыққа алып келуі мүмкін.

Қазақстандағы цифрландырудың көлемі мен сапасы қандай екенін коронавирус дағдарысы анық байқатты. Елімізде электронды цифрлық қолтаңбаларды оңтайлы тіркеу және әлеуметтік төлемдерді беруді ұйымдастыруға мемлекеттік қызметтердің мүмкіндігі жеткілікті болды. Бірақ эпидемияға қарсы шараларды әзірлеу және тұрғындардың мәліметтерді пайдалануы жеткіліксіз болып шықты. Әсіресе білім саласында мектеп (7646 мектепте 3,4 млн оқушы), колледж (700 астам колледж), университет (129 жоғары оқу орыны – 604,3 мың студент) деңгейінде білім алушылардың қашықтан оқу үрдісіне көшірілуі білім саласын цифрландыруда көптеген күрделі мәселе бар екенін көрсетті: көптеген елді мекен интернетпен қамтылмаған, байланыс нашар, желі дұрыс ұстамайды, компьютерлер жетіспейді, қысқасы, ел телекоммуникациялық инфрақұрылымын цифрландыруға дайын болмады.

Цифрландыру саласында прогресс бар. Айталық, еліміздегі екінші деңгейлі банктер төтенше жағдай кезінде және әлеуметке үздіксіз қызмет көрсетуге ұмтылып, операциялық ортаның өзгеруіне және ішкі процестердің өркендеуіне жедел ден қойды. Қысқа мерзім ішінде клиенттерге бірқатар жаңа қызметті ұсына алды, оның ішінде тауарлар мен қызметтерге қашықтан төлем жасау мүмкіндіктерін кеңейте отырып, көптеген қызметті онлайн жеткізуді іске қосты. Төлем арналарының кеңеюі өз кезегінде онлайн-сақтандыруға жол ашты, бөлшек сауда тауарларының түрлерін көбейтті және бағалы қағаздар нарығында оң өзгерістерге әкелді. Тұтастай алғанда, қаржы секторы өзін жақсы серіктес ретінде тағы да дәлелдеді. Сондай-ақ бұл жерде клиенттердің қашықтан қаржылық

қызметтерге деген сұранысының өсуі технологиялық компаниялардың осы сегментке деген қызығушылығын арттырғанын атап өткен жөн. Тұрғындар үшін бұл – қолайлы жағдай. Өйткені бәсекелестіктің артуы қызметтердің сапасын арттырады, қызметтердің құнын төмендетеді. Бірақ банктер үшін бұл екі еселенген қосымша қаржы жұмсау болса да олар қызмет көрсету сапасын жақсартуға ұмтыла беруге тиіс.

Қазақстандағы цифрлы экономиканы өлшеудің болашақ бағыттары: цифрлы экономиканы дамытуға арналған шығындар; цифрлы технологияларды құру және тарату, оның ішінде цифрлы технологиялар саласындағы зерттеулер мен әзірлемелер; зияткерлік меншік құқығын қорғау және сандық технологиялар трансферті; цифрлы технологиялармен байланысты инновациялар; сандық инженерия; цифрлы технологиялар мен онымен байланысты тауарлар мен қызметтердің экспорты; сандық ортаға сенім (киберқауіпсіздік, жеке деректерді қорғау); цифрлы теңдік және оған халықтың әлеуметтік қорғалмаған (осал) топтарын қосу (мүгедектер, шалғай жерлерде тұратындар, зейнеткерлер) т.б.

Қазақстанда ұлттық экономика салаларын цифрландыру бәсекеге қабілетті өнімдер өндіру мүмкіндігіне жол ашады. Жетілдірілген заманауи технологиялар компанияның бизнес-процестеріне, құндылықты қалыптастыруға айтарлықтай түзетулер енгізеді және бәсекелестік артықшылығына айналатыны сөзсіз.

Еліміздегі шағын және орта бизнес субъектілері орнықты даму мақсаттарына жету үшін цифрлы технологияларды қолдану мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану қажет. Сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілері мемлекетпен табысты ынтымақтаса отырып, цифрлы дамуға байланысты бірлескен шараларды көбейткен жөн.

Ұлттық экономика салаларын цифрландыру еліміздің тұрақты дамуының бөлінбес бөлшегі. Цифрландырудың бәсекеге қабілеттілігін арттыратын негізгі бағыттары: техникалық және технологиялық жетілдіру, экономикалық өсу және адам әлеуеті. Қазақстанның ұлттық экономика салаларын одан әрі цифрландырудың тетіктерін жетілдіре отырып, дамыту экономикамыздың тұрақты дамуына және әлемнің дамыған елдерімен интеграциялануға оң ықпал етеді.

Жақында ғана өткен Digital Bridge 2023 технологиялық форумында Kaspi директоры Михаил Ломтадзенің Қазақстанда цифрландыру өте жоғары деңгейде екенін, яғни барлық құжаттарға телефон арқылы қолжетімді болғанынан бастап үйден шықпай-ақ бизнес ашуға мүмкіндігіміз бар екенін мәлімдеді. Тек ол ғана емес 2023 жылғы статистика бойынша Қазақстанда бизнес пен қызмет саласында 90% цифрландыруға көшкенін хабарлады. Болашақта осы қарқынмен жалғасатын болса Қазақстан экономикасы тек Орталық Азияда ғана емес, әлемдегі алдыңғы қатарлы дамыған елге айналады.

Қазақстан экономикасын цифрландыру ол халықпен байланысты жақсарту және жаңа мүмкіндіктер беру, уақыт үнемдеу, ең бастысы әлеуметтік жағдайын жақсарту. Оған дәлел әлемде цифрландыруы дамыған, экономикасы цифрландыруға минимум 70% көшкен мемлекеттердің әлеуметтік жағдайы мен даму көрсеткіші өте жоғары. Цифрландыру бұрындары тек термин ретінде ғана қарастырылса қазір өміріміздің бір бөлшегіне айналды. Олай деп айтуға себепте жоқ емес. Қоғамдық көлікте, мектепте, университетте, ресторандарда, шетелге ұшу үшін, тіпті, өмірімізге керек көптеген құжаттарды жинау үшін бұрындары 2-3 күн уақытымызды кетірсек, қазір Kaspi қосымшасына кіру арқылы бір-ақ минутта

қолдану жеткілікті. Тек Kaspi емес. Егов, ДамуМед сияқты әлемнің кейбір дамыған елдерінде жоқ цифрландырудың жоғары сапалы бағдарламалары бар.

Қазақстанның цифрлық трансформациясы қалай жүріп жатыр?

2023 жылдың шілдесінде Global CIO порталы әртүрлі салалардың цифрлық трансформациясының ерекшеліктері контекстінде дайындалған қазақстандық IT нарығы туралы зерттеу жариялады.

2023 жылы Қазақстан әлемдегі цифрлық дамыған 30 елдің қатарына енді. Дүниежүзілік рейтингте Қазақстан цифрлық технологияларды дамыту индексі бойынша 51-ші орында және желіге дайындық индексі бойынша 58-ші орында. 2025 жылға қарай Қазақстан үкіметі БҰҰ электрондық үкіметті дамыту индексіне алғашқы 20 елдің, В2С (бизнес тұтынушылар) электрондық коммерция индексіне 50 үздік және ақпарат және коммуникация саласындағы үздік 40 елдің қатарына кіруді жоспарлап отыр.

Қазақстанда бағдарламалау, консалтинг және басқа да қызметтер саласында көрсетілген қызметтердің көлемі 2022 жылдың аяғында 772 млрд теңгені (2022 жылға арналған доллар-теңгенің орташа бағамы бойынша шамамен \$1,67 млрд) құрады, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 19,5%-ға артық. бір жыл бұрын.

Ең ірі экономикалық және IT орталықтары Астана және Алматы қалалары болып табылады: бұл қалалардың компаниялары IT қызметтерінің сәйкесінше 41,5% және 49% өндіреді. 2022 жылға арналған зерттеуге сәйкес, соңғы 4 жылда бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеумен және АТ-консалтингтік қызметтермен айналысатын компаниялардың саны 2,7 есе өсті.

Цифрлық перспективалар. Алдын ала бағалау бойынша, 2025 жылға қарай Қазақстан экономикасын цифрландырудан келетін тікелей пайда - қосымша 1,7 - 2,2 трлн теңгені құрайды. Осылайша 2025 жылға қарай жеке инвестицияларды ескере отырып, инвестициялардың жалпы көлеміне инвестициялардан 4,8 - 6,4 есе қайтарымды қамтамасыз етеді.

ЖІӨ тұрғысынан ең маңызды нәтижесі 12 негізгі жобаға түседі:

1. АТ-стартаптардың халықаралық технопаркін құру (Astana Hub); Ол жоспар қазір орындалды.

Astana Hub – Орталық Азиядағы IT-стартаптардың ірі халықаралық технопаркі. Мұнда қазақстандық және шетелдік технологиялық компаниялардың еркін дамуына жағдай жасалған.

Astana Hub-тың жаһандық миссиясы – инновациялық жобаларды дамыту орталығына айналу, серпінді IT-компанияларды шығару, сондай-ақ әлемнің түкпір-түкпірінен жас және дарынды IT мамандарды тарту орталығына айналу.

2.«Интеллектуалды кен орны» жобаларын іске асыру, Индустрия 4.0 технологияларын енгізу, модельдік фабрикаларды құру;

3.Paper-Free принципін енгізу;

4.Зияткерлік көлік жүйесін құру;

5.Электрондық сауданы дамыту;

6.ШОБ үшін цифрлық платформа құру (бірыңғай терезе);

7.Көлеңкелі айналымды қысқарту үшін тауарларды таңбалауға арналған ақпараттық жүйені дамыту;

8.Қолма-қол ақшасыз төлемдерді дамыту бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру;

9. Ашық платформаларды (Open API), Big Data және жасанды зердені дамыту;
10. Телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, оның ішінде кеңжолақты желіні жүргізу;
11. Кедендік және салықтық әкімшілікті жетілдіру және электрондық мағлұмдауға көшу;
12. Smart City жобаларын іске асыру.

Елімізде бүгінде цифрландыру ісіне және инновацияны енгізу мәселесіне баса мән берілуде. Цифрландыру ісінде басшылыққа алынатын қағидаттарды заң жүзінде бекіту және біртұтас салалық құжат әзірленуде.

Цифрландыру экономикалық тиімділік пен бәсекеге қабілеттілікті арттырудан басқа, әлеуметтік салаларға да оң әсерін береді. Білім беру, денсаулық сақтау және инвестициялық ортада сапалы даму нәтижесі күтіледі. Бұл нәтиже ұзақ мерзімді келешекте әлемнің озық дамыған елдерімен әлеуметтік-экономикалық дамудың алшақтығын айтарлықтай төмендетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абралиев О. Экономика ғылымдарының докторы, профессор «Экономиканы цифрландыру - өзекті мәселе» Алматы, <https://egemen.kz/article/282914-ekonomikany-tsfirlandyru-%E2%80%93-ozekti-masele>

2. "Зерде" ұлттық ақпараттық-коммуникациялық холдингінің басқарма төрағасы Руслан Еңсебаев . «ҚазАқпарат» Халықаралық ақпарат агенттігі. https://kaz.inform.kz/news/cifryk-kazakstan-shynaylygy-men-perspektivalary_a3179857/

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресми сайты.

4. KazAID Қазақстандық Халықаралық Даму агенттігі <https://www.gov.kz/memleket/entities/kazaid/press/news/details/636279?lang=kk>

5. United Nations Development Programme <https://www.undp.org/ru/kazakhstan/stories/cifrovizaciya-dlya-ustoychivogo-razvitiya-i-obespecheniya-socialnogo-blagopoluchiya-obschestva>.

ӘОЖ 331.101.3

КӘСПОРЫНДАҒЫ ЕҢБЕК МОТИВАЦИЯСЫ

Сералиева С.Е.

Ғылыми жетекші: Асубаева А.С., сеньор-лектор, экономика магистрі
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail:sayaseralieva8@gmail.com

XX ғасырға дейін адамдар көбірек ақша табуға мүмкіндік берсе, жақсы жұмыс істейді деген пікір болды. Мотивация негізінен күш-жігердің орнына тиісті ақшалай сыйақыларды ұсынудан тұрады деп есептелді. Алайда, зерттеулер бұл тәсілдің экономикалық сәтсіздігін анықтады және мотивация күрделі ҮЕҰ нәтижесі екенін көрсетті.

Қызметкерлерді ынталандыру үшін олардың қажеттіліктерін анықтау керек. Мысалы, анықтамасы бойынша мотивация - бұл кәсіпорынның мақсаттары мен қызметкердің мақсаттарын екеуінің де қажеттіліктерін барынша толық қанағаттандыру үшін біріктіру процесі, бұл - қызметкердің де, кәсіпорынның да мақсатына жету үшін қызметкерлерге әсер етудің әртүрлі тәсілдерінің жүйесі.

Н. И. Кабушкин мотивацияны жеке мақсаттарға да, фирманың мақсаттарына да қол жеткізу үшін олардың еңбек тиімділігін арттыру тұрғысынан компания қызметкерлерін жандандыруға бағытталған менеджердің жұмысы ретінде қарастырады.

Жалпы алғанда, адамның іс-әрекетке деген мотивациясы адамды белгілі бір әрекеттерді жүзеге асыруға итермелейтін қозғаушы күштердің жиынтығы ретінде түсінеді. Бұл күштер адамның сыртында және ішінде болады және оны саналы түрде немесе бейсаналық түрде жасамауға мәжбүр етеді. Сонымен қатар, жеке күштер мен адамның іс-әрекеттері арасындағы байланыс өзара әрекеттесудің өте күрделі жүйесімен делдал болады, нәтижесінде әртүрлі адамдар бірдей күштердің бірдей әсеріне мүлдем басқаша жауап бере алады.

Сонымен қатар, адамның мінез-құлқы, оның жүзеге асыратын әрекеттері, өз кезегінде, оның реакциясына әсер етуі мүмкін, нәтижесінде әсер ету дәрежесі де, осы әсерден туындаған мінез-құлық бағыты да өзгеруі мүмкін.

Осыны ескере отырып, мотивацияның неғұрлым егжей-тегжейлі анықтамасын тұжырымдауға болады.

Мотивация - бұл адамның мақсатқа бағытталған мінез-құлқын тудыратын және басқаратын өзара әрекеттесетін ішкі (мотиваторлар) және сыртқы факторлардың динамикалық жүйесі.

Ішкі факторлар адамның қажеттіліктерін, тілектерін, ұмтылыстарын, үміттерін, қабылдауларын, құндылық көзқарастарын және басқа психологиялық компоненттерін білдіреді.

Сөздің тар мағынасында мотивациялық іс-әрекет адамның ішкі мотивтерімен шартталған, өз мақсаттарына жетуге, өз мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған іс-әрекеттер ретінде анықталады, ал еңбек мотивациясы қызметкердің қанағаттануға деген ұмтылысы ретінде анықталады.

Мотивацияның бастапқы буыны - адамға қажетті белгілі бір игіліктерге, заттарға немесе мінез-құлыққа деген қажеттілік.

Мотивация механизмінің екінші буыны - ынталандыру. Латын тілінен аударғанда ынталандыру - бұл Римде жануарларды қуған үшкір таяқ. Ынталандыру белгілі бір әрекеттерді жүзеге асыру кезінде қажеттілікті қанағаттандыра алатын белгілі бір артықшылықтарды білдіреді. Ынталандыру қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған.

Мотив пен ынталандыру ұғымдары олардың біліміне жақын болғанына қарамастан, оларды ажырату қажет. Мотив белгілі бір игіліктерді алуға деген ұмтылысты сипаттайды, ынталандыру - игіліктердің өзі. Егер адамнан мүмкін емес немесе қолайсыз әрекеттерді талап етсе, ынталандыру мотивке айналмауы мүмкін.

Осылайша, ынталандыру қажеттілікке, оны қанағаттандыруға, мотивке тікелей бағытталған. Бұл - қажеттілік пен ынталандыру арасындағы негізгі

байланыс. Ол үшін ынталандыруды қызметкер азды-көпті білуі және қабылдауы керек.

Ынталандыруды алдын-ала қабылдаған жағдайда, сол жақ импульстің (іске асырылмаған мотивтің) ары қарайғы жолы екіге бөлінеді. Оны тез жаңарту және тиісті қондырғы болған кезде ҰБТ-ны қамтамасыз ететін әрекеттерге ең қысқа жол. Ол адамның белгілі бір жағдайдағы белгілі бір мінез-құлыққа бейімділігін сипаттайды және талаптар мен үміттерді ұқсас жағдайларда өткен іс-қимыл тәжірибесімен байланыстырады.

Қажеттіліктен келетін импульстарды қабылдай отырып және оларды қоршаған ортаның ынталандыруларымен байланыстырып, позитивті көзқарас оларды жаңартылған мотивтерге айналдырады және қажеттілікті қанағаттандыруға әкелетін нақты мінез-құлыққа айналады. Осылайша, қазірдің өзінде қалыптасқан қондырғыны қосудың біршама қысқартылған ортасы-мотивация түбіндегі аң терісінің әрекет ету циклі аяқталады.

Мотивация механизмінің екінші, ұзағырақ циклі жұмысшы жаңа жағдайға тап болған кезде, қажеттіліктерді, ынталандыруды және оларға жету жолдарын байланыстыратын қондырғылар жоқ. Бұл жағдайда мотивация механизмі когнитивті, ұтымды бағалау процесі сияқты күрделі сілтемені қамтиды. Бұл ынталандырудағы ақпаратты талдау, оны жеке тұлғаның құндылықтарымен, оның жағдайымен, ынталандыруға қол жеткізу процесінде пайда болуы мүмкін мүмкіндіктер мен шығындармен, басқа мотивтердің маңыздылығымен (егер олар бар болса) байланыстыру. Бұл кезеңде мотивтердің күресі орын алады және мотивтің өзектілігі, оны сақтау немесе қабылдамау туралы үкім шығарылады.

Мотивация теориясында орталық орынды "мотив" ұғымы алады. Мотив - бұл бір немесе басқа әрекеттің себебі.

Мотивтер - бұл мінез-құлықты білдіретін кейбір әрекеттер тізбегін көрсететін армандар, тілектер немесе ойлар.

Мотив мінез-құлықтың ерікті жағын сипаттайды, ол адамның еркімен тығыз байланысты. Мотив адам белсенділігінің импульсі және себебі деп айтуға болады. Бұл негізінен саналы түрде ынталандыруды білдіреді. Көптеген мотивтер санамызда пайда болғанына қарамастан, олар мінез-құлықты анықтайтын қозғаушы күшке айналады. Мотив адамның іс-әрекетінің түпкі себебі болып табылатын белгілі бір қажеттіліктен туындайды. Ол психологияның, субъективті шындықтың, сананың және түйсіктің феномені. Мотив әрекетке дайындықты білдірсе де, оны ынталандырса да, ол әрекетке немесе мінез-құлыққа айналмауы мүмкін. Бұл жағдайда мотивтердің күресі орын алады, онда олардың ең мықтысы жеңеді және өзекті болады.

Мотивтерді келесі белгілер бойынша жіктеуге болады:

- * белсенділік түрлері бойынша;
- * көрініс уақыты;
- * адам қажеттіліктерінің түрлері;
- * жеке тұлғаның көзқарастары;
- * құрылымы;
- * функциялары;
- * жетекші мотивке.

Адамның мінез-құлқы бір мотивпен емес, олардың жиынтығы арқылы анықталады, онда мотивтер адамның мінез-құлқына әсер ету дәрежесі бойынша бір-біріне белгілі бір қатынаста болуы мүмкін. Адамдардың мінез-құлқын анықтайтын әртүрлі мотивтердің жағдайы оның мотивациялық құрылымын құрайды. Әр адамда ол жеке және көптеген факторлармен анықталады: әл-ауқат деңгейі, әлеуметтік мәртебесі, біліктілігі, лауазымы, құндылық бағдары.

Қызметкерлерді ынталандыру персоналды басқаруда басты орындардың бірін алады, өйткені бұл олардың мінез-құлқының тікелей себебі болып табылады. Жоғары мақсаттар, перспективалық жоспарлар, заңды шешімдер, жақсы ұйым мотивациясыз тиімсіз болады – орындаушылардың оларды іске асыруға қызығушылығы төмендейді. Ғылыми - техникалық прогресс жағдайындағы еңбек мазмұнының өзгеруі, өндірісті кеңінен автоматтандыру және ақпараттандыру, қызметкерлердің білім деңгейі мен әлеуметтік әл-ауқатының артуы салдарынан персоналды басқарудағы мотивацияның маңызы одан әрі артып, басқарушылық қызметтің осы түрінің мазмұны күрделене түсті. Бүгінгі таңда ұйымның тиімді қызметі үшін жауапты және бастамашыл қызметкерлер жұмыс істейді. Өз қызметінің мәнін түсінетін және ұйымның мақсаттарына жетуге ұмтылатын адамдар ғана жоғары нәтижеге қол жеткізе аламыз деп есептейді. Мұндай қызметкерлерді қалыптастыру - менеджмент мотивінің міндеті.

Мотивация дегеніміз не және ол ұйымдық мінез-құлыққа қалай әсер етеді?

Мотивацияны екі жолмен қарастыруға болады:

* қажеттіліктерді, психологияны, адамның және топтың мінез-құлқын ескере отырып, тиімді жұмыс істеуге итермелейтін жағдайларды, себептерді анықтау және құру ретінде;

* физиологиялық немесе психологиялық жетіспеушіліктен немесе қажеттіліктен басталатын процесс ретінде, ол мінез-құлықты белсендіреді немесе мақсатқа жетуге немесе сыйақы алуға бағытталған ынталандыруды тудырады.

Басқарушылық мотивация әдістерін мынадай түрлерге бөлуге болады:

* экономикалық ынталандыру әдістері - жалақы, сыйақы, жеңілдіктер, пайыздар, пайдаға қатысу, акциялар пакеті, қосымша ақы және т. б.;

* әлеуметтік мотивация әдістері - әлеуметтік тану, таңдану, менсінбеу және т.б.;

* психологиялық мотивация әдістері - өзін-өзі тану сезімі, немқұрайлылық, кемшіліктер, қажетсіздік және т. б.;

* билік мотивациясының әдістері - лауазымын жоғарылату, қосымша өкілеттіктер беру және т. б.;

* әлеуметтік-психологиялық әдістер - әлеуметтік ақылдылықты арттыру, тәжірибе алмасу, сын, іскерлік, басқарушылық және кәсіби этика және т. б.;

* моральдық мотивация әдістері - жеке немесе көпшілік алдында танылу, мадақтау және сын;

* қызметкерді басқаруға тарту әдісі;

* мотивация мен мотивтерді зерттеу әдістері - эксперименттік әдістер, мінез-құлықты бағалау әдістері және оның себептері, әңгімелесу, сауалнама және т. б.

Мотивацияның осы әдістерін қолданудың мақсаты қазіргі уақытта да, ұзақ мерзімді перспективада да жеке, топтық және ұйымдық нәтижелерді арттыру болып табылады. Ұйымның мотивациялық жүйесін құру кезінде келесі аспектілерді ескеру қажет:

* ұйымда жұмыс істейтін адамдар, ең алдымен, өз мүдделерін көздей отырып, бір нәрсеге қол жеткізуге немесе болдырмауға тырысады, сондықтан ұйымның мақсаттары мен жұмысшылардың жеке мақсаттары бір-бірімен үйлеспеуі мүмкін.

* жеке мінез-құлықтың мотивтері әртүрлі факторлардың әсерінен қалыптасады, сондықтан олар күрделі, әр түрлі бейнелі және субъективті.

* мотивацияның ең жақсы (оңтайлы) әдісі жоқ, сондықтан көшбасшы мотивацияның барлық әдістерін жан-жақты қолдана білуі керек.

Ұйым қызметкерлерінің мінез-құлқын және оның еңбек өнімділігін арттыруға деген ұмтылысын анықтайтын негізгі факторлар:

* әр адамның қажеттіліктері мен қабілеттері;

* оның қызметі мен мінез-құлқының мотивтері, қажеттіліктер мен қабілеттер негізінде де, басқа да бірқатар факторлар негізінде қалыптасады;

* ұйымда құрылған еңбек жағдайлары;

* ұйымнан келетін шақырулар;

* нәтижелерді бағалаудың тиімді жүйесінің болуы және қолданылуы.

Жақсы дамыған мотивация жүйесі қызметкерді қамтамасыз етеді:

1. Қауіпсіздік сезімі, атап айтқанда, материалдық тұрақтылық (барабар жалақы, айқын және материалдық көтермелеудің барынша объективті жүйесі).

2. Нәтижесінде пайда болатын табыс сезімі, табысты компанияның бейнесі, қызметкерлердің табыс тарихы, ұйымның нарықтағы орнын білу, өзінің нарықтық құнын барабар бағалау.

3. Өзінің маңыздылығын сезіну, яғни қызметкердің жеке басының ерекшеліктеріне назар аудару, жеке тұлғаға бағытталған сыйақылар, жеке бостандықтарды жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету.

4. Қоғамға қатыстылық сезіміне қол жеткізу, атап айтқанда, қолайлы қарым-қатынас шеңберін қалыптастыру, қызметкерлерге қамқорлық, даму мүмкіндіктерімен қамтамасыз ету, өсу перспективаларының болуы.

Сонымен, қорытындылай келе айтарым, мотивация дегеніміз – адамдардың белгілі бір дәрежеде күшін, адалдығын, қайсарлығын қажет ететін белгілі бір мақсаттарға бағытталған адамдарды белгілі бір жұмысты атқаруға түрткі болатын сыртқы және ішкі күштердің жиынтығы.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Маслоу А. Мотивация и личность.

2. Японские методы мотивации персонала на благо Отечества.

3. Обед с начальником и другие нестандартные способы мотивации сотрудников.

**ӘРЕКЕТТІҢ ҚОҒАМҒА ҚАУІПТІЛІГІ МЕН
ҚҰҚЫҚҚА ҚАЙШЫЛЫҒЫН ЖОЯТЫН МӘН -ЖАЙЛАР
(Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша)**

Сулейменов А.С.

Ғылыми жетекші: Орсаева Р.А., з. ғ.к., PhD,
қауымдастырылған профессор
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: r_orsaeva_60@mail.ru

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодекстің 10 бабының 1-тармағында «Қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар болып бөлінетіндігі» көрсетсе, 2-тармағы «Осы Кодексте айыппұл салу, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылатындығын» саралаған.

Қылмыстық заңдылықтар бойынша, адамның әрекетін қылмыстық құқық бұзушылық деп тану үшін тек соған тән қоғамдық қауіптілік, құқыққа қайшылық, кінәлілік және жауаптылық сияқты белгілер болу керек. Белгілердің біреуі болмаса, оны қылмыстық құқық бұзушылық деп қарауға болмайды.

Белгілі бір мән-жайларда сырттай қылмыстық құқық бұзушылық болып көрінетін әрекет жасалғанмен, ол заңдық, фактілік жағынан қылмыс болып саналмайды.

Себебі, заңмен мұндай мән-жайлар азаматтардың құқықтары мен мүдделерін, қоғам мен мемлекетті қорғауға бағытталған пайдалы іс болып табылады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексі іс-әрекеттің қылмыс екенін жоққа шығаратын мән –жайларға:

- қажетті қорғану;
- мәжбүрлі қажеттілік;
- қылмыскерді ұстау кезінде зиян келтіру;
- орынды тәуекел;
- бұйрықты және өкімді орындау жатады.

Ресейлік және қазақстандық белгілі ғалымдар (Е.І.Қайыржанов, Е.О.Алауханов, Ө.С.Жекебаев, С.Рахметов) өздерінің зерттеулерінде «с-әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық екенін жоққа шығаратын мән-жайлардың пайдалы іс-әрекет екенін айта келіп, осы пайдалы іс-әрекетке барған адамды қылмыстық жауаптылықтан босатудың дұрыстығын» атап өткен [1,2,4].

Біз іс-әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық екенін жоққа шығаратын мән-жайларды Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексі бойынша саралауды мақсат еткендіктен, ғалым-заңгерлердің ғылыми еңбектеріне талдау жасамай, заң нормаларына жүгінуді жөн санадық.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 32 бабында: «қажетті қорғану жағдайында қол сұғушы адамға зиян келтіру, яғни қорғанушының немесе

өзге бір адамның жеке басын, тұрғын үйін, меншігін, жер участкесін және басқа да құқықтарын, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамдық қол сұғушылықтан қол сұғушыға зиян келтіру жолымен қорғау кезінде, егер бұл орайда қажетті қорғану шегінен асып кетушілікке жол берілмеген болса, ол қылмыс болып табылмайды.

Қажетті қорғану - қауіпті төндірушіге зиян келтіру арқылы қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан заңды қорғану болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабы Қазақстан Республикасы азаматтарының қажетті қорғануға құқығы бар екенін атап көрсеткен.

Барлық адамдардың кәсіби немесе өзге де арнаулы даярлығына және қызмет жағдайына қарамастан тең дәрежеде қажетті қорғануға құқығы бар. Бұл құқық адамға қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан құтылу басқа адамдардың немесе мемлекеттік органдардың көмегіне жүгіну мүмкіндігіне қарамастан тиесілі болып табылады (ҚК 32 бабы 2 тармағы).

Қорғану-заң шеңберінен шықпайтын, қылмыстық жауапқа тартылмайтын қорғану болу керек.

Қажетті қорғану құқығы қоғамға қауіпті қол сұғушылық азамат мүддесіне, қоғам мүддесіне, мемлекет мүддесіне төнгенде ғана туындайды.

Қажетті қорғану заңдық, құқықтық әрекеттерге қарсы қолданылмау керек. Мысалы, сот орындаушысының заңды әрекетіне қарсы.

Қажетті қорғануды мынандай жағдайларда қолдануға болады:

-қажетті қорғану арқылы адам, қоғам, мемлекет мүдделерін қорғау;

-қорғану қол сұғушыға зиян келтіру арқылы жүзеге асу;

-қорғануда шектен шықпаушылық.

Бұдан қылмыстық заңның адамға өзін, өз мүлкін, құқығы мен мүдделерін, тіпті басқа адамды, қоғам мен мемлекет мүддесін қорғауға құқық береді.

Егер қажетті қорғануда адам зиян келтірген адамнан мүлкін, өзін қорғау салдарынан адамның өлімі болса, денесіне жарақат түсірсе, мүлкін жою немесе бүлдірсе қорғанушының әрекеті дұрыс болып саналады. Тек адам шектен шықпау керек. Яғни адам қорғанамын деп шектен шықпаса ғана, оның әрекеті қылмыстың жоққа шығаратын мән –жайларға жатады.

Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушының шектен шығушылығы қылмыстық жауаптылықтан босатпайды, себебі, шектен шығушылық әрекет қылмыстық құқық бұзушылыққа ғана тән қоғамға қауіптілік төндіреді. Десек те, заңдылықта бұндай әрекет заңмен қорғалған объектілерді қорғауға бағытталғандықтан қауіптілігі бойынша, шектен шығып адам өлтіру (99 бап), шектен шығып денеге жарақат салу (109 бап) да қауіптілігі төмен қылмыс болып саналады.

Қол сұғушыға анық шектен тыс, жағдайда мәжбүр етпейтін зиян келтірілетін, қол сұғушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілігі дәрежесіне қорғанудың көрінеу сай келмеуі қажетті қорғану шегінен шығу деп танылады.

Шектен шығу тек қасақана зиян келтірген жағдайда ғана қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтырады.

Қажетті қорғануды аса қажеттіліктен ажырата білуді маңыздылығы зор:

-қажетті қорғануда қауіптілік қол сұғушылық болса, аса қажеттілік адам әрекеті, табиғаттың тосын мінезі, механизмдердің ақаулығы;

-қажетті қорғануда қорғану қол сұғушыға тікелей зиян келтіреді, ал, аса қажеттілікте зиян қауіп туғызбаған ешқандай қатысы жоқ үшінші тұлғаға келеді. Мысалы, адам, мекеме, ұйым мүдделеріне;

-қажетті қорғануда төнген қауіптілікті басқа жолмен тойтару мүмкін болмаса, аса қажеттілікте қорғанушының қол сұғушыға зиян келтірмей, қорғалған мүдделерді қорғап қалуға мүмкіндігі болады;

-қажетті қорғануда келетін шағын мөлшері қорғануға қарағанда, қол сұғушыға өте көп мөлшерде зиян әкеледі, ал, аса қажеттіліктегі мүдделерге келген шығын аздығымен ерекшеленеді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 34 бабы қорғалатын мүдделерге аса қажет болған жағдайда зиян келтіру, яғни белгілі адамның немесе өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына, құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделеріне тікелей қатер төндіретін қауіпті жою үшін зиян келтіру, егер бұл қауіпті басқа адамдармен жою мүмкін болмаса және бұл орайда аса қажеттілік шегінен шығып кетушілікке жол берілмесе, қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды.

Аса қажеттілік жағдайында жасалған адам әрекеті қылмыс болып саналмайды, себебі, онда қылмысқа тән белгі - қоғамға қауіптілік жоқ.

Төнген қауіптілік жағдайларына жататындар:

-заңмен қорғалған мүдделерге келетін шығын кез келген күш (жер сілкіну, су тасқыны), адам бойындағы физиологиялық өзгерістер (ауру, аштық), механизмдердің жұмысы (тікұшақты сынау кезінде моторының ақауы), болуы;

-қауіптіліктің нақты болуы;

-қауіптілік адам ойынан шығарылған емес, нақты болуы тиіс.

Төніп тұрған қауіптілікті жоюға бағытталған шараларға:

-аса қажеттілік жағдайындағы жеке, қоғамдық, мемлекеттік мүдделер;

-тікелей қатер төндіретін қауіпті жою үшін зиян келтіру;

-келтірілген зиян тоқтатылған зияннан аз болса, әрекеттің дұрыстығы жатады.

Қылмыстық Кодекстің 34 бабы 2 тармағына сәйкес, құқық қорғау мүдделеріне алды алынғанға тең немесе одан гөрі елеулі зиян келтірілген, төнген қатердің сипаты мен дәрежесіне және қатер жойылған жағдайға көрінеу сәйкес келмейтін зиян келтіру аса қажеттілік шегінен шығу деп танылады. Мұндай шектен шығушылық тек қасақана зиян келтірген жағдайларда ғана жауаптылыққа әкеп соғады.

Кез келген қылмыс істеген адам ұстау кезінде қарсылық көрсетеді.

Ондай кезде қылмыстық құқық бұзушылық әрекет жасаған адамға біршама зиян, соның ішінде физиологиялық және мүліктік зиян келтіріледі. Оған мысал ретінде қылмыскер денесіне түскен жарақатты немесе ол тығылып жатқан үйдің есігін сындырып кіруді айтуға болады.

Күш көрсету шаралары сырттай қылмысқа ұқсас көрінеді. Ұстау-әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық екенін жоққа шығаратын мән-жайлар, сондықтан бұндай шараларда қылмыстық құқық бұзушылық құрамы болмайды.

Бұл жөнінде Қылмыстық Кодекстің 33 бабының 1-тармағында ашып көрсетілген.

Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде шектен шығушылық болмау керек. Келген зиян қол сұғушылықтың сипаты мен қауіптілікке сәйкес келуі тиіс. Ал, аса қажеттілікте асыра сілтеушілік орын алатын болса, онда қылмыстық жауаптылық туындайды.

Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау адамға келтірілген зиян жағдай мәжбүр етпейтін анық шектен тыс зиян қажетсіз келтірілген кезде, олардың ұсталатын адам жасаған қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесіне және ұстаудың мән - жайына сай келмеуі ұстау шараларын *асыра сілтеу деп танылады*. Бұлайша асыра сілтеу қасақана зиян келтірген жағдайда ғана қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады. (ҚРҚК 33 бабы 3 тармағы).

Белгілі бір қоғамдық пайдалы мақсатқа жету үшін өзінің кәсіптік, өндірістік және басқа да функцияларын пайдалана отырып, заңмен қорғалған мүдделерге зиян келтіре отырып, адам орынды тәуекелденген баратын әрекет жасауы мүмкін.

Бұндай әрекет сыртқы белгілері арқылы қылмыс құрамына жатуы мүмкін. Оған мысал ретінде хирургтің адамның аяғына кесіп тастауын алсақ, ол сырттай денеге ауыр жарақат салу болып көрінеді. Алайда, бұл негізделсе, тәуекелге барғандық болып саналып, қылмыстық құқық бұзушылық қатарына жатқызылмайды. Дәрігердің әрекеті -әлеуметтік пайдалы мақсатқа байланысты істелгендіктен, ол қоғамға пайдалы іс ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодекстің 35-бабына сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық пайдалы мақсатқа қол жеткізу үшін орынды тәуекел еткен ретте заңмен қорғалған мүдделерге зиян келтіру қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды.

Қоғамдық пайдалы мақсатқа тәуекелмен байланыссыз іс-әрекетпен (әрекетсіздікпен) қол жеткізілмейтін болса және тәуекелге жол берген адам заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтіруін болғызбау үшін жеткілікті шаралар қолданса, тәуекел орынды болып танылады.

Егер тәуекел ету адамдардың өміріне немесе денсаулығына қатер төндіруге, экологиялық апатқа, қоғамдық күйзеліске немесе өзге де ауыр зардаптарға ұштасатын болса, тәуекел ету орынды деп танылмайды.

Кез келген адамның әрекеттерін еркінен тыс бақылау арқылы істетсе, онда ондай адамның іс-әрекеті қылмыстық құқық бұзушылық болып саналмайды.

Қылмыстық заңдылық күштеп мәжбүрлеуді қылмыстықты жоққа шығаратын әрекеттер қатарына жатқызады. Қылмыстық Кодекстің 36 бабының 1- тармағына сәйкес: «егер күштеп мәжбүрлеудің салдарынан адам өзінің іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) ие бола алмаса, күштеп мәжбүрлеудің нәтижесінде заңмен қорғалған мүдделерге зиян келтіру қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды», -делінген.

Қылмыстық заңда қаралған тағы бір мәжбүрлеу-психикалық мәжбүрлеу.

Психикалық мәжбүрлеу-адамды өлтірумен, ауыр дене жарақатын салумен немесе мүлкін жоюмен қорқыту.

Психикалық мәжбүрлеудің нәтижесінде заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтіргені үшін соның салдарынан адам өзінің іс әрекетіне басшылық жасау мүмкіндігін сақтаған қылмыстық жауаптылық туралы мәселе Қылмыстық Кодекстің 34 бабының ережелері ескеріле отырып шешіледі.

Қылмыстық Кодекс бойынша, бұйрықты немесе өкімді орындау әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық екенін жоққа шығаратын мән-жайларға жатады.

Қылмыстық Кодекстің 37 бабы «өзі үшін міндетті бұйрықты немесе өкімді орындау жөнінде іс-әрекет жасаған адамның заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтіруі қылмыс болып табылмайтынын» атап көрсеткен.

Мұндай зиян келтіргені үшін заңсыз бұйрық немесе өкім берген адам қылмыстық жауапқа тартылады.

Бұйрықты немесе өкімді орындауды әрекетті жүзеге асырған адамның әрекеті сырттай қылмысқа ұқсауы мүмкін, алайда, мынандай жағдайларда әрекет қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды:

егер бұйрық, өкім міндетті болса. Бұйрық пен өкімнің міндеттілігі заңдылықты, дұрыстылықты көрсетеді:

-берілген, бұйрық, өнім заңға сәйкес, болса яғни өкім, бұйрық беруге құқығы бар бастықпен өзінің қарауындағыларға берілсе;

-бұйрық, өкім мазмұны жағынан қылмыс болып табылмаса.

Егер өкім, бұйрық заңсыз болатын болса, ол орындауға жатпайды.

Көрінеу заңсыз бұйрықты немесе өкімді орындау үшін қасақана қылмыс жасаған адам жалпы негіздерде қылмыстық жауапқа тартылады.

Қылмыстық Кодекстің 37 бабының 2-тармағы көрінеу заңсыз бұйрықты немесе өкімді орындамау қылмыстық жауапқа тартылмайтынын атап көрсеткен.

Сонымен, қылмыстық құқық бұзушылық жасалса да,

Әдебиеттер тізімі

1. Кайыржанов Е.И. Обстоятельства, исключющие общественную опасность деяния. - В кн.: Уголовное право Республики Казахстан.-Алматы,2006.- 93 с.

2. Алауов Е.О., Каракетов Ю.И. Как уберечься от преступника.-Алматы, 1996.- 57б.

3. Козак в.Н. Вопросы теории и практики крайней необходимости.- Саратов, 1986.- 93 с.

4. Рахметов С., Турецкий Н. Необходимая оборона.- Алматы,1996.-83 с.

5.Орсаева Р.А. Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (жалпы бөлім): оқу құралы / Р.А.Орсаева - Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚУ, «Берел» баспасы, 2023. - 210 б.

УДК 37

ПУТИ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ НЕФТЕГАЗОВОЙ ОТРАСЛИ НА ОСНОВЕ ИНТЕГРАЦИИ МЕНЕДЖМЕНТА КАЧЕСТВА И СТРАТЕГИЧЕСКОГО УПРАВЛЕНИЯ

Танетова Л.М., Курманалина А.А.

Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова,

г. Актобе, Казахстан, madarova93@gmail.com*

Аннотация: Растет обеспокоенность по поводу совместимости нефтегазовой отрасли с устойчивым будущим. Многие компании заявляют, что заботятся об устойчивом развитии, и участвуют во множестве инициатив в области устойчивого развития, связанных с их деятельностью в цепочке поставок. Однако часто бывает

трудно разобраться в этом вихре корпоративной деятельности, поскольку исследования не смогли подтвердить достоверность этих утверждений. В данной статье рассмотрены вопросы в работе нефтегазовых компаний для определения их деятельности в поддержке устойчивого развития и представлен обзор интегрированной системы менеджмента (ИСМ).

Цель: дать ответы на общий вопрос о том, как сделать улучшение устойчивого развития более эффективным и действенным основываясь на интегрированные системы менеджмента. Эффективность в этом контексте означает правильные действия с акцентом на устойчивое развитие. Эффективное улучшение рассматривается как правильное выполнение действий, что приводит к высокому коэффициенту повышения устойчивости по отношению к используемым ресурсам. Эффективное и действенное улучшение для повышения устойчивости является всеобъемлющей целью, которая должна охватывать различные типы улучшений, такие как улучшение качества, улучшение экономических показателей, улучшение стратегического управления, улучшение экологических и социальных показателей.

Методы: В статье используются методы сравнения практики управления качеством и стратегического управления ведущих нефтегазовых компаний мира. Проанализированы требования современных стандартов к интегрированным системам менеджмента качества. Были проведены обзоры литературы для выявления доступных текущих исследований в нефтегазовой отрасли где подчеркивается необходимость интеграции стратегии и управления качеством.

Результаты. Определение возможности интеграции стратегического менеджмента и менеджмента качества и представление их взаимосвязи. Совершенствования системы управления современных компаний за счет внедрения стратегического и качественного менеджмента.

Выводы: В статье показаны проблемы, с которыми сталкиваются нефтегазовые компании мира. Определенные проблемы в данной сфере возникают из-за недостаточного внимания высшего руководства, управляющих, топ менеджеров и специалистов предприятий к осуществлению стратегического плана и управления качеством. Показана необходимость реализации интегрированной системы стратегии и управления качеством, что в последствии станет основой для устойчивого развития компании.

Ключевые слова: устойчивое развитие, стратегическое управление, менеджмент качества, управление цепочками поставок, интегрированные системы.

Глобализация — ведущая концепция, ставшая основным фактором деловой жизни за последние несколько десятилетий. Глобализация ведет к усилению конкуренции. В нефтегазовой отрасли ключевыми факторами, влияющими на конкуренцию, являются цены и спрос на нефть и газ, затраты на разведку и добычу, глобальный уровень добычи, альтернативные виды топлива и государственные (в том числе экологические) нормы. В связи с высоким спросом на нефть и газ, проводится больше работ по разведке и добыче), контрактная среда на проектирование, закупки, строительство и монтаж становится «высококонкурентной» в нефтегазовой отрасли [1].

Устойчивое развитие в нефтегазовой отрасли можно определить как практику управления имеющимися ресурсами, инвестициями и технологиями для

поддержания и оптимизации операций с упором на безопасность, надежность, эффективность, экологическую и социальную осведомленность. Этот подход учитывает взаимную связь между экономическими, социальными и экологическими факторами; стремясь найти баланс между потребностями промышленности, планеты и заинтересованных сторон. Нефтяная и газовая промышленность может повысить устойчивость за счет таких мер, как улавливание и хранение углерода, повышение эффективности и сокращение выбросов парниковых газов. Все эти действия основываются на интеграции систем менеджмента качества и правильного, долгосрочного стратегического управления [2].

В сентябре 2015 года Организация Объединенных Наций приняла 17 целей устойчивого развития, направленных на решение глобальных проблем, стоящих перед человечеством, включая бедность, неравенство, здравоохранение, образование, энергетику, климат, окружающую среду и процветание. Повестка дня организации в области устойчивого развития на период до 2030 года является продолжением ее восьми целей в области развития, сформулированных в Декларации тысячелетия, с, среди примечательных дополнений, включением

доступа к энергии в качестве отдельной цели.

Рисунок 1. Цели ООН в области устойчивого развития



Энергетика занимает центральное место во многих из этих целей, поскольку она связана с экономикой, образованием, здравоохранением, окружающей средой и водой. В 2022 году почти миллиард человек (более 15% населения мира) не имеют доступа к электричеству, а 3 миллиарда человек не имеют доступа к экологически чистым решениям для приготовления

пищи, даже в странах-производителях/экспортерах нефти и газа.

Цель устойчивого развития №. 7 устанавливает пять амбициозных целей, которые необходимо достичь к 2030 году, включая всеобщий доступ к доступным, надежным и современным энергетическим услугам; значительное увеличение доли возобновляемой энергетики в мировом энергобалансе; и удвоение глобальных темпов повышения энергоэффективности. Несмотря на свою важность в мировом энергоснабжении и меньшее воздействие на окружающую среду по сравнению с углем, нефтегазовая отрасль страдает от плохого общественного имиджа, особенно среди молодого поколения. Учитывая доклад Межправительственной группы экспертов по изменению климата 2018 года, который вызвал тревогу по поводу последствий даже небольшого изменения средней глобальной температуры, как

отрасль может поддержать амбициозную программу целей устойчивого развития ООН? [3].

Несколько организаций, в том числе энергетические агентства, крупные нефтегазовые компании, а также исследовательские и консалтинговые группы, разработали прогнозы спроса и предложения энергии на основе различных сценариев. Эти прогнозы (а не прогнозы) показывают потенциальную эволюцию спроса на энергию в будущем (как правило, 2040/2050/2060 гг.) и соответствующую энергетическую структуру.

В этих моделях спрос на энергию вырастет от 3% до 44% с настоящего момента до 2040 года, в то время как доля нефти и газа в энергетическом балансе колеблется от 53% сегодня до 50-58% в 2040 году. В будущем природный газ станет важным источником удовлетворения растущего мирового спроса на энергию. Однако большинство прогнозов не принимают во внимание многочисленные требования, связанные с целями ООН в области устойчивого развития.

В 2017 году Международное энергетическое агентство опубликовало энергетический прогноз, в котором учитывались всеобщий доступ к энергии, сокращение выбросов в соответствии с так называемым Парижским соглашением об изменении климата, а также значительное улучшение качества воздуха, что является причиной миллионов преждевременных смертей. В этом «сценарии устойчивого развития», который не требует значительного увеличения инвестиций в энергетику по сравнению с базовым сценарием, прогнозируется, что глобальный спрос на энергию будет продолжать расти и что к 2040 году доля нефти и газа в мировой экономике будет расти. Глобальный энергетический баланс по-прежнему будет составлять 50%, что является основным фактором обеспечения всеобщего доступа к энергии. Основными направлениями сокращения выбросов для этого энергетического перехода являются: энергоэффективность, возобновляемые источники энергии, улавливание/утилизация/хранение CO₂ и переход с угля на природный газ [4].

У нефтегазовой отрасли есть много возможностей превратить общественное мнение о ней как о части проблемы устойчивого развития в часть решения. Эта отрасль способствовала значительному экономическому росту со времен Второй мировой войны, обеспечивая доступ к транспорту и электроэнергии все большей части населения мира. Крупнейшие международные и национальные нефтегазовые компании активно участвуют в экономически и социально приемлемом энергетическом переходе в будущее. В настоящее время реализуется ряд инициатив, в том числе:

Нефтегазовые компании могут помочь реализовать цели устойчивого развития в своей основной деловой практике, включив их в свои корпоративные системы, политики и процессы, включая:

- Стандарты и системы управления компании. Системы управления и управления, стандарты и стратегии, которые касаются таких областей, как окружающая среда, здоровье и безопасность, соблюдение требований, борьба со взяточничеством, гендерные вопросы, а также снабжение и закупки, могут

использоваться для постановки целей и мониторинга прогресса на пути к интеграции устойчивого развития.

■ **Отчетность.** Чтобы улучшить понимание заинтересованными сторонами вклада компаний в достижение устойчивого развития, компании могут отображать их и сообщать о них в своих исследованиях в области устойчивого развития.

■ **Комплексная проверка проектов.** Разные проекты будут иметь различное влияние. Определение социальных, экономических и экологических условий местности, а также потенциального воздействия операций будет способствовать принятию мер по вовлечению, вкладу и смягчению последствий.

■ **Оценка рисков и возможностей, а также процессы планирования.** Оценка рисков имеет решающее значение для выявления и прогнозирования потенциальных рисков и реализации превентивных мер. Существуют возможности для включения цели устойчивого развития в процедуры оценки рисков компаний.

■ **Диалог и взаимодействие с сообществами, правительствами и другими заинтересованными сторонами.** Активное взаимодействие и консультации с заинтересованными сторонами, включая местные сообщества, коренные народы, местные и национальные правительства и гражданское общество, имеют жизненно важное значение для установления и поддержания доверия, понимания проблем и перспектив, а также обеспечения и поддержания лицензии компании на деятельность. Такой подход является взаимовыгодным как для нефтегазовых компаний, так и для их заинтересованных сторон.

■ **Исследования и разработки.** Технологии могут стать важным фактором достижения устойчивого развития. Компании могут рассмотреть потенциальное благотворное влияние технологий, которые они разрабатывают и которые могут ускорить прогресс в реализации повестки дня до 2030 года.

Список литературы

1. Minutolo M.C., Kristjanpoller W.D., Stakeley J. Exploring environmental, social, and governance disclosure effects on the S&P 500 financial performance // *Bus. Strategy Environ.* — 2019. — Vol. 28. — Pp. 1083–1095

2. Усенко Л.Н., Гузей В.А. Основопологающие аспекты формирования отчётности устойчивого развития на основе стандартов GRI // *Учет и статистика.* 2020. № 2(58). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/osnovopolagayuschie-aspektyformirovaniya-otchyotnosti-ustoychivogo-razvitiya-na-osnove-standartov-gri> (дата обращения: 28.04.2022).

3. <https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/sustainable-development-goals/>

4. Макаров Алексей Александрович, Митрова Татьяна Алексеевна, Кулагин Вячеслав Александрович Долгосрочный прогноз развития энергетики мира и России // *Экономический журнал ВШЭ.* 2012. № 2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/dolgosrochnyy-prognoz-razvitiya-energetiki-mira-i-rossii> (дата обращения: 22.04.2022).

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ НЕСИЕ ЖҮЙЕСІНІҢ ЫҚПАЛЫ МЕН САЛДАРЫ

Теңізбаева Д.С.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз қ., Қазақстан, e-mail: jazira_1980@mail.ru

Аймақтық интеграция процестерін теориялық тұрғыдан түсіну әрекеттері ХХ ғасырдың 50-жылдарында жүзеге асырылды.

Неолибералдық бағытта жұмыс істеген ғалымдар (А. Предоль, В. Репке) интеграция деп бірнеше елдермен біртұтас геоэкономикалық кеңістік құруды түсіндірді. Осы мақсаттарға жету үшін сыртқы сауда және валюта-қаржы салаларын босатуға мемлекеттік бақылау толығымен қажет болды.

Интеграция проблемасының осы бағытының өкілдері сыртқы экономикалық қызметті орталықтандыру негізінде интеграцияланатын елдердің нарықтарын біріктіру деп сипаттады.

Интеграциялық бірлестіктер соңғы жылдары дүние жүзінің көптеген мемлекеттерінің арасындағы қарым-қатынастардың ажырағысыз бір бөлігі болып отыр. Бұл орайда елдердің белгілі бір топтарының дамуының нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайларына орай интеграциялық процестер әр қырынан көрінуде. Мысалы, нарықтық экономикасы бар елдердің экономикалық интеграциясын айсбергпен салыстыруға болады: оның су үстінде ұшығына, яғни баршаға мәлім мемлекеттік монополистік одақтар мен бірлестіктер ғана көрінеді. Ал айсбергтің көзге көрінетін бөлігінен басқа көрінбейтін бөлігі – мыңдаған халықаралық фирмалар аралық одақтар мен келісімдер бар. Мұндай интеграция монополиялардың өнім өткізу нарықтарын қаратып алу үшін қымқуат күресімен ерекшеленеді. Прогресті экономикалық құбылыс екеніне еш күмән болмаса да, ол кейде нарықтық бәсекенің ауытқулары салдарынан қатардағы еңбеккерлердің қалталарын ойсыратып кететіні болып тұрады.

Қазіргі бар болжамдар бойынша таяудағы жылдары елеулі экономикалық сілкіністер бола қоймайды. Соңғы 25 жылда сарапшылардың пікірі бойынша әлемдік экономика “қаржы дағдарыстарын, лаңкестік көріністерін, соғыстар мен геосаяси астаң-кестенді бастан өткерудің ғаламат мүмкіндігін” көрсетіп келеді.

Экономика саясатының қолданылатын көптеген құралдарының арасында салық саясаты елеулі рөл атқарды. Ресей ғалымдары А.Илларионов пен Н.Пивоваровтың пікіріне қарағанда, экономикалық өсу қарқынын 1%-ға ұлғайту үшін салық салмағын 3%-ға қысқарту керек. Талдау мынаны көрсетіп берді. ІЖӨ-дегі мемлекеттік табыстың оңтайлы (яғни барынша жоғары қарқынды қамтамасыз ететін) үлесі табысы жан басына шаққанда 3 мың доллардан төмен елдер үшін 15%-ды, табыстары 3 мыңнан 9 мың долларға дейінгі елдер үшін 17%-ды, табыстары 9 мың доллардан жоғары елдер үшін 24%-ды құраған.

Қытайда 1979-1996 жылдары мемлекеттік шығындардың өзіндік салмағын ІЖӨ-нің 36-дан 13%-ына дейін төмендету орташа жылдық өсу серпінін 9,6% мөлшерінде қамтамасыз еткен. Соның нәтижесінде 17 жылда ІЖӨ-нің нақты

мөлшерінің 5 есе ұлғаюы ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік шығынның абсолюттік көлемін еселеу жүрді.

Қазақстанның перспективалық жоспарлар мен стратегиялар негізінде дамуы тұтастай алғанда жалпы әлемдік үрдіске сәйкес келеді. Бірқатар ұстанымдар бойынша республика жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Сонымен бірге әлемдік экономикадағы серпінді өзгерістер жаңа құбылыстарға жіті назар аударуды, жан-жақты зерттеуді, елдің экономикалық саясатына қажетті түзетулерді дер уақытында енгізуді талап етеді. Бірқатар ұстанымдар бойынша, әсіресе құрылымдық өзгерістерде, индустриялық әлеуетті толыққанды дамытуда, шикізаттық сипатты еңсеруде, әрқилы өнімдердің импортына өскелең тәуелділікті болдырмауда, сондай-ақ Интернетке қол жеткізуді қамтамасыз етуде, ғылыми-ағартушылық әлеуетті дамытуда, инновацияларды ендірудің қарқыны мен ауқымында айқын болып отырған артта қалушылық елдің экономикалық әлеуетін әлсіретіп, бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыруға кедергі келтіреді.

Экономикалық интеграция мақсаттарына қол жеткізудің басты шарты ұлттық салық жүйелерін үйлестіру болып табылады.

Себебі салық жүйесі арқылы қоғамда құрылған ЖІӨ нің көп бөлігі қайта бөлінеді және оның негізгі бөлігі – ұлттық табыс. Посткеңестік кеңістікте интеграциялық бірлестіктің ең сәтті түрі экономикалық әлеуетті біріктірген Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) - Ресей, Қазақстан, Беларусь, Армения және Қырғызстан танылды.

Мемлекеттердің интеграциясының макроэкономикалық әсері –жалпы ЕАЭО мүшелері мыналарды көрсетуі керек:

- аумақта өндірілетін тауарлардың бағасын төмендетуде шығындарды азайту арқылы келісімге қатысушы елдер тасымалдау және логистиканы оңтайландыру бойынша;

- байланысты ЕАЭО ортақ нарығында бәсекелестікті арттыруда посткеңестік елдердің жаңа ойыншыларының ортақ нарыққа шығуыда;

- жалпы нарықтағы сұраныстың артуына байланысты ішкі нарықтағы өндіріс көлемін арттыруда;

- ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ЖІӨ көлемін арттыруда.

Мұндай жағдайлардың негізгі мақсаттары елдердегі тауарлардың бір топтары бойынша салық ставкаларын жақындату керек.

Жалпы ЕАЭО-ға мүше елдердің салық жүйелері негізінен ұқсас болғанымен, олардың салық саясаты инвесторларға жағдай жасаудан көрінеді.

ЕАЭО-ға мүше елдердің салықтық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. Осы мақсатта біз бизнеске жалпы салық жүктемесін азайту бойынша салық ставкаларын төмендету жұмыстарын жалғастыруымыз керек және шаруашылық жүргізуші субъектілерге елеулі салық жеңілдіктері мен преференциялар беру арқылы.

Қазақстанның ерекше экономикалық зоналарында өндірістік өнеркәсіптің өсу қарқынын ынталандыратын тиімді салықтық жеңілдіктер жүзеге асырылады. Ал бұл жағдай елдегі жақсы инвестициялық климаттың орнығуына және еркін экономиканың бар екенін сипаттайды.

Сонымен қатар жанама салықтар туралы заңнаманы үйлестіру мен біріздендіру өзектілікке ие, себебі осы салықтар бағаның қалыптасуы ықпал етеді және бюджеттік түсімдердің едәуір бөлігін қамтамасыз етеді.

Еуразиялық одаққа кіретін елдерде мемлекеттік-аумақтық құрылымның нысандары әртүрлі болуы салық-бюджет саясатын жүзеге асыру тәсілдерінің айырмашылығын алдын ала анықтайды. Мысалы, Армения, Беларусь, Қазақстан мен Қырғызстандағы салық жүйесі екі деңгейлі құрылым бар, ал Ресейде федералдық, аймақтық және жергілікті бюджет деңгейлері бар.

Барлық қатысушы елдердің келісілген фискалдық саясатты жүзеге асыруы Еуразиялық одақтағы экономикалық байланыстарды одан әрі кеңейтудің негізгі шарттарының бірі болып табылады. Бұл ретте салықтық әкімшілендіруді үйлестіруге ерекше назар аудару қажет. Келесілер қажет: – ұйымдастыру құрылымдарын унификациялауды, – барлық салық бөлімшелерінің деңгейіндегі лауазымды тұлғалардың біркелкі құқықтары мен міндеттерін белгілеу; – салық төлеушілер мен салық салу объектілерін есепке алудың жалпы тәртібін анықтау; – салық есептілігінің бірыңғай нысандарын әзірлеу; – салықтық бақылаудың бірыңғай принциптерін, нысандары мен әдістерін енгізу.

Салықтық интеграция мақсаттарын тұтастай табысты жүзеге асыру осы елдегі азаматтардың өмір сүру деңгейі мен ұлттық экономиканың жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді. ЕАЭО интеграциясының маңызды аспектісі барлығының қосылуында болып тұр. Осы мақсатта үшінші елдерге қатысты сауда режимдерін біріздендіру және үйлестіру жұмыстары жалғасуы керек туралы.

Әдебиеттер тізімі

1. Макроэкономика: учебник / М. Л. Альпидовская, Ю. И. Будович, М. А. Екатерининская [и др.]; под редакцией М. Л. Альпидовская, Н. В. Цхададзе. — Ростов-на-Дону: Феникс, 2017. — 412 с.

2. Жверанцева М. С., Каримова Э. Р. К вопросу о необходимости и направлениях гармонизации налогообложения прибыли и доходов в Евразийском экономическом союзе // Изв. Саратов. ун-та. Нов. сер. Экономика. Управление. Право. – 2014. – Т. 14. – Вып. 3. – С. 19–21.

3. Мамбеталиев Н. Т. Налоги и налогообложение в Евразийском экономическом союзе // Налоговая политика и практика. – 2015. – № 1 (145).

4. Фирфанова Н. В. О сотрудничестве в рамках ЕАЭС и механизме взимания НДС // Пищевая промышленность: бухгалтерский учет и налогообложение. – 2015. – № 6.

ӘОЖ 338.2

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ

Теңізбаева Д.С.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,

Тараз қ., Қазақстан, e-mail: jazira_1980@mail.ru

Экономикалық қауіпсіздік көп қырлы, күрделі және ауқымды ұғым болып табылады. “Экономикалық қауіпсіздік” термині алғаш рет АҚШ-та XX ғасырдың 30-жылдарында Ұлы Тоқырау кезінде қолданылған. Ол кезде экономикалық дағдарыстың дамуы мен салдарын жою айналымға енгізілді. Нарықтық экономиканың жетілмегендігін - инфляция, жұмыссыздық, экономикалық

құлдырау және т. б., экономикалық қауіпсіздік тұжырымдамасының негізгі қауіп ретінде көрген ағылшын ғалымы Джон Мейнард Кейнс болған.

Қауіпсіздік-бұл адамның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерін ішкі және сыртқы қауіптерден қорғау жағдайы.

Экономикалық қауіпсіздік-бұл ұйымның жағдайы, онда корпоративтік ресурстарды тиімді пайдалану кезінде оның миссиясын орындауға мүмкіндік беретін бар қауіптер мен қауіптердің әлсіреуіне, қорғалуына немесе алдын алуға қол жеткізіледі.

Г. Клейнер кәсіпкерлік құрылымның экономикалық қауіпсіздігі деп оның әртүрлі сыртқы және ішкі қауіптерден маңызды мүдделеріне қол сұғылмаушылықты түсінеді. Ол кәсіпорынның қолданыстағы мүдделері мен құрылымы осындай шаралар жүйесіне қол жеткізу арқылы сыртқы және ішкі қауіптерден қорғалады деп санайды.

Л.Абалкин мынадай анықтама береді: экономикалық қауіпсіздік-бұл оның серпінді, тиімді дамуына және әлеуметтік міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін және мемлекет тәуелсіз экономикалық саясатты әзірлеуге және жүзеге асыруға мүмкіндігі бар экономикалық жүйенің жағдайы.

В.Л.Тамбовцев белгілі бір жүйенің экономикалық қауіпсіздігі деп бүкіл жүйенің мақсаттарына жету мүмкіндігін қамтамасыз ететін оның өндірістік ішкі жүйесінің жай-күйінің қасиеттерінің жиынтығын түсінеді.

Өмірлік маңызды мүдделерге қажеттіліктер жиынтығы кіреді, оларды қанағаттандыру жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің прогрессивті дамуының болуы мен мүмкіндіктерін сенімді түрде қамтамасыз етеді.

Қауіпсіздік тек кәсіпорынның ғана емес, мемлекеттің қауіпсіздік деңгейін де көрсете алады. Бұл бүкіл елдің де, жеке адамның да мүдделері туралы болуы мүмкін. Экономистердің бұл бағыттағы жұмысы мыналарды қамтамасыз ете алады:

- халықаралық қауіпсіздік;
- ұлттық қауіпсіздік;
- мемлекеттік қауіпсіздік;
- кәсіпорындағы қауіпсіздік;
- жеке қауіпсіздік.

Қауіпсіздіктің 2 түрі бар, олар маманның өз жұмысын қалай құратынына байланысты:

- қауіптің теориялық мүмкіндік деңгейі;
- қауіптен қорғаудың нақты деңгейі және оған қарсы тұру қабілеті.

Түрлері бойынша экономикалық қауіпсіздік дағдарыстар мен апаттардың нұсқаларына байланысты бөлінеді және олар келесідей:

- ғылыми-техникалық (инновациялардың көмегімен бәсекеге қабілеттілікті, ғылыми және зияткерлік көрсеткіштерді арттыру мақсатында техниканы, саяси ақпаратты қорғау үшін жағдай жасайды);

- энергетикалық (елді, кәсіпорындар мен азаматтарды отын мен энергия ресурстарының жетіспеушілігінен қорғайды);

- технологиялық (ұлттық тауарлар мен қызметтерді бәсекеге қабілетті деңгейде ұстайды, инновациялық шешімдерді әзірлейді);

- азық-түлік (сыртқы және ішкі факторларға қарамастан, азық-түліктің жеткілікті мөлшеріне кепілдік береді);
- көлік (көлік құралдары мен инфрақұрылымның барлық түрлерінің үздіксіз жұмысын, дамуы мен қауіпсіздігін ұйымдастыруға мүмкіндік береді);
- қаржылық (экономикалық мүдделерді қолдайды, қаржылық операциялардың балансын реттейді, инвестициялау үшін жағдай жасайды, инфляция қарқынын бақылайды);
- өнеркәсіптік (теріс әсерлерге қарамастан тұтынушыларды қажетті өнімдермен қамтамасыз ету үшін өнеркәсіптік индустрияның даму жылдамдығы мен дәрежесін сипаттайды);
- әлеуметтік (білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет жүйелерімен тығыз байланысты, халықтың орташа табысын, қылмыс пен жұмыссыздық көрсеткіштерін, денсаулық жағдайын, өмір сүру ұзақтығын зерттеу арқылы есептелетін өмір сапасының деңгейін анықтайды);
- қорғаныс-өнеркәсіптік (ғылыми әзірлемелер, қару-жарак өндіру және білікті кадрларды даярлау арқылы әскери қауіпсіздікті қолдайды);
- экологиялық (апаттарға, табиғи апаттарға, экологиялық қатерлерге қарсы тұру үшін шаралар қабылдау);
- ақпараттық (ақпарат пен ақпараттық технологияларды сыртқы және ішкі сипаттағы ықтимал қауіптерден қорғау);
- кадрлық (адами ресурстарды және олардың зияткерлік қабілеттерін дамыту және жетілдіру арқылы ғылыми-техникалық прогресті қамтамасыз ету).

Менің ойымша, Қазақстанның ұлттық қауіпсіздік жүйесіндегі негізгі орын экономикалық қауіпсіздікке берілуі керек. Қоғамның қауіпсіздігі үш компоненттің өзара байланысын сипаттайтыны белгілі: саяси тұрақтылық, экономикалық өркендеу, мемлекеттің қорғаныс қабілеті.

Қауіпсіздіктің айрықша ерекшелігі - оны "қауіп" ұғымы арқылы сипаттау. Бұл басқа ұғымдарға тән емес.

Қауіпсіздік қауіп-бұл белгілі бір сәтте немесе уақыт аралығында белгілі бір объект үшін қауіпті жүзеге асыруға ықпал ететін факторлар мен жағдайлардың жиынтығы.


Қауіпсіздікте қауіп пен қауіпке байланысты тағы бір ұғым бар-тәуекел.

Қауіптер мен қауіптердің көптеген түрлері қауіпсіздіктің көптеген түрлерін тудырады: экономикалық, саяси, ақпараттық және т.б.

Тар мағынада кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігі-бұл несие берушілердің төлемдері бойынша шығындар мен көлемдер мен мерзімдерге жол бермеу жағдайы, яғни, дәрменсіздікке дейін жете алмау.

Тәуекел менеджменті-бұл қолайсыз нәтиженің пайда болу ықтималдығын азайтуға және оны жүзеге асырудан туындаған ықтимал шығындарды азайтуға бағытталған басқару шешімдерін қабылдау және орындау процесі. Атап айтқанда, бұл компанияның жоғары басшылығы (директорлар кеңесі, топ-менеджмент) және басқа қызметкерлер жүзеге асыратын, компанияның қызметіне теріс әсер етуі мүмкін оқиғаларды анықтауға бағытталған процесс. Сонымен қатар, тәуекел

менеджменті осындай оқиғаларға байланысты туындайтын тәуекелдерді басқаруды қамтиды.



Сурет 1. Қауіптер мен қауіптердің түрлері

Қауіп-қатердің әртүрлі түрлерін жүзеге асырған кезде материалдық немесе қаржылық залал оқиғаларын қауіпсіздікте түсіну керек.

Кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігі - қауіптердің алдын алу және кәсіпорынның тұрақты қызметін қамтамасыз ету үшін ресурстарды тиімді пайдалану жағдайы.

"Кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігі" термині көбінесе кәсіпорынның сыртқы және ішкі қауіптерден қорғалуы ұғымына ұқсас.

Экономикалық қауіпсіздіктің қаржылық компоненті іскери серіктестермен экономикалық қатынастардың жай-күйін және кәсіпорын қызметінің қаржылық көрсеткіштерін бақылауды анықтайды.

Экономикалық қауіпсіздіктің қаржылық компоненті іскери серіктестермен экономикалық қатынастардың жай-күйін және кәсіпорын қызметінің қаржылық көрсеткіштерін (нәтижелерін) бақылауды анықтайды.

Зияткерлік және кадрлық құрамдас бөліктер кәсіпорынның коммерциялық құпиясын және басқа да маңызды мәліметтерді сақтауды (жария етпеуді) қамтамасыз ету бойынша персоналға қатысты іс-шаралар кешенімен байланысты.

Экономикалық қауіпсіздіктің техникалық-технологиялық құрамдас бөлігі материалдық базаға дұрыс жұмыс кезінде белгіленген параметрлер шеңберінде өндіріс (қызметтерді ұсыну процестерін қамтамасыз ету) аспектісінде өз мақсатын орындауға мүмкіндік береді.

Қауіпсіздіктің саяси-құқықтық құрамдас бөлігі кәсіпорынды бәсекелестерден және активтерді және басқа да заңсыз әрекеттерді алу мақсатында Заңнаманың олқылықтарын (кемшіліктерін) пайдаланатын мемлекеттік бақылаушы органдардан қорғауға арналған.

Ақпараттық компонент қажетті (пайдалы) ақпарат пен мәліметтерді жинауға ықпал етеді, сонымен қатар құпиялылықтың қажетті деңгейін қамтамасыз етуі керек.

Экологиялық компонент жабдықтың сыртқы ортаға және кәсіпорын қызметкерлеріне қатысты жұмыс технологиясының бұзылуына байланысты өлімге әкелетін салдардың алдын алуға немесе форс-мажор жағдайында қоршаған ортаның әсерін азайтуға арналған.

Күш компоненті кәсіпорынды сыртқы және ішкі қауіптерден физикалық қорғауды қамтамасыз етеді (мысалы, қауіпсіздік).

Осылайша, экономикалық қауіпсіздіктің барлық компоненттері бір-бірімен тығыз байланысты бола отырып, кешенде кәсіпорынның жалпы қорғаныс деңгейін анықтайды.

Кәсіпорындар үшін экономикалық қауіпсіздіктің маңызды түрлері – қаржылық, ақпараттық және құқықтық.

Қызметкерлер саны, өндіріс құпияларын қолдану, мөлшерленген өндіріс өнімінің көлемі, жылдық айналым және пайда мөлшері, таңдап отырған қызмет түріне қарамастан, фирманы құру туралы шешім қабылданған кезде қауіпсіздік қызметі туралы сұрақ тууы керек. Ұйымдастырушылар қауіпсіздік қызметін құруды алдын ала жоспарлаулары қажет. Мемлекеттік тіркеуден кейін жетекшілер ЭҚҚ құру туралы ақырғы шешімді қабылдайды. Егер шешім оң жағдайда қабылданса, онда экономикалық қауіпсіздік қызметінің ұйымымен айналысатын жауапты қызметкер (қызметкерлер тобы) таңдалады.

Экономикалық қауіпсіздік қызметінің қызметкерлері негізгі және тартылған мамандар (мысалы, бас бухгалтер, заңгер және т.б.) ретінде бұл іспен арнайы және тұрақты айналысатын адамдар болуы мүмкін. Тұрақты жұмыскерлерді таңдағанда кәсіби дайындық маңызды талап ретінде көрсетіледі. Экономикалық қауіпсіздік қызметінің қызметкерлерінің кәсібилілігінің жоғары деңгейін, барлық персоналдың тәртібін ұстап тұру және жалпы қауіпсіздік қызметінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету мақсатында, экономикалық қауіпсіздік қызметінің нәтижелерін тұрақты бақылау және талдауды жүзеге асыру қажет.

Кәсіпкерлік субъектісінің экономикалық қауіпсіздігін сақтау үшін кәсіпорынның әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруға, тұрақты дамуға және өзгермелі экономикалық ортаға бейімделуге бағытталған даму стратегиясын ұстану маңызды.

Әдебиеттер тізімі

1. Авдинский В. И., Дадалко В. А., Синявский Н. Г. Национальная и региональная экономическая безопасность России. – М.: ИНФРА-М, 2017. – 363 с.
2. Калина А. В., Эриашвили Н. Д. Экономическая безопасность государства и регионов: учеб. пособие. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2015. – 351 с.
2. Дворядкина Е. Б. Экономическая безопасность: учеб. пособие / Я. П. Силин, Н. В. Новикова – 2-е изд., перераб. и доп. – Екатеринбург: Изд-во Урал. гос. экон. ун-та, 2016. – 194 с.
3. Кузнецова Е. И. Экономическая безопасность: учебник и практикум для вузов / Е. И. Кузнецова. – М.: Издательство Юрайт, 2017. – 294 с.
4. Экономическая и национальная безопасность. М.: Экономика, 2014. - 28 с.

КӘСІПКЕРЛІКТІҢ МӘНІ МЕН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Сәтбек Асылзат, студент

Ғылыми жетекші: Теңізбаева Д.С., бейіні бойынша доктор,
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан
e-mail: jazira_1980@mail.ru; e-mail: Satbek.asylzat_2@40edu.kz

Кәсіпкерлік қызмет түрі қоғамның барлық аясына кең тараған: өндірістік, шаруашылық, коммерциялық, сауда-саттық, аралық, инновациялық, кеңес беру, қызмет көрсету, қаржылық (бағалы қағаздар операциясын қоса) және т.б. аяларды атауға болады. Кәсіпкерлікті дамыту бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл мәселе кәсіпкерлік қызметтің субъектілерінің дамуы мен өркендеуі бағыттарымен қатар жүреді.

Нарықтық ортаны қалыптастырудың негізгі факторы кәсіпкерліктің қалыптасуы және дамуы болып келеді. Кәсіпкер туралы түсінік 18-ғасырда өмір сүрген алғашқы француз бизнес теоретигі Ричард Кантильонның «Коммерция табиғаты жайлы очерк» еңбегінде пайда болды. Кәсіпкерлікке көңіл бөлгендердің бірі – А.Смит, оның пікірі бойынша кәсіпкерлік пайда тәуекел компенсациясы болып табылады. Ж.Б.Сэй – кәсіпкерлік түсінігін кең көлемде қарастырған. К.Маркс қосымша құн теориясында кәсіпкерді тек қана өзінің капиталын жұмсап және өндірілген қосымша құнды иеленген қоғамдық тұлға б деп, яғни жалдама еңбекті пайдаланушы капитал иесі мен өндірісті ұйымдастырушы кәсіпкердің қызметтерін теңестірген

Кәсіпкерлік – шаруашылық қызметті атқаратын келесі сипаттағы түсінікті қарастырамыз:

1. неғұрлым көп пайдаға ұмтылушылық;
2. тәуекелділікке баруға даяршылық;
3. жаңаға ұмтылушылық.

Кәсіпкерліктің әлеуметтік-экономикалық маңызы:

- ол нарықтық экономикаға икемділік береді;
- халықтың қаржы және өндірістік ресурстарын тартуға әсер етеді;
- Монополияға қарсы әлеуеті бар;
- ғылыми-техникалық прогреске бағытталған алғы шарттарды жасайды;
- нарықтық шаруашылықтың еңбекпен қамту және басқа әлеуметтік мәселерін шешеді.

Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерліктің санына талдау келесі кестеде сипатталады.

Статистикаға сүйенсек, 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы жеке кәсіппен айналысушылар саны 25,6 пайызға өскен.

Кәсіпкерлер санының артуына бірден-бір себеп – жылдан-жылға кәсіпкерлерге қолайлы бағдарламалар республика дәрежесінде енгізіліп жатыр. Мысалы, ел Президенті Жолдауында: «Құқық қорғау органдарының кәсіпкерлерді қудалауын біржола тоқтату керек. Мұндай әрекеттерге тыйым салынған. Бірақ соған қарамастан, әлі де жалғасып жатқанын білемін. Осындай мәліметтер кейде

әдейі таратылып жатады, тіпті олар жалған болуы да мүмкін. Қалай десек те, бұл – назардан тыс қалдыруға болмайтын мәселе», – деп атап көрсетті. Бұның өзі кәсіпкерлерге қолдау жасалу басты маңызды мәселелердің бірі екенін аңғартады.

2020-2021 жылдардағы белсенді шағын және орта кәсіпкерлік
субъектілерінің саны

	Барлығы	Шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар	Орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар	Дара кәсіпкерлер	Шаруа немесе фермер қожалықтары
2020 жыл					
Қазақстан Республикасы	1 357 311	280 200	2 486	857 910	216 715
Ақмола	46 564	8 152	116	32 228	6 068
Ақтөбе	61 797	11 413	95	42 655	7 634
Алматы	123 181	12 748	150	64 617	45 666
Атырау	50 239	8 063	114	39 001	3 061
Батыс Қазақстан	43 035	6 312	87	28 994	7 642
Жамбыл	69 338	7 304	44	44 062	17 928
Қарағанды	90 196	18 988	170	59 731	11 307
Қостанай	52 495	8 394	134	37 701	6 266
Қызылорда	48 657	5 738	57	31 922	10 940
Маңғыстау	52 900	9 652	70	40 537	2 641
Павлодар	45 809	10 740	113	31 549	3 407
Солтүстік Қазақстан	30 331	5 723	121	20 043	4 444
Түркістан	140 605	9 080	74	62 859	68 592
Шығыс Қазақстан	90 453	12 296	155	61 410	16 592
Астана	144 769	52 121	234	92 057	357
Алматы қаласы	197 066	77 616	617	117 910	923
Шымкент қаласы	69 876	15 860	135	50 634	3 247
2021 жыл					
Қазақстан Республикасы	1 431 647	299 737	2 754	907 722	221 434
Ақмола	48 544	8 499	114	33 793	6 138
Ақтөбе	65 992	11 848	99	45 501	8 544
Алматы	129 716	14 008	169	70 734	44 805
Атырау	52 031	8 302	121	40 401	3 207
Батыс Қазақстан	44 260	6 701	85	29 625	7 849
Жамбыл	71 298	8 277	52	44 984	17 985
Қарағанды	95 296	19 656	189	63 469	11 982

Қостанай	54 870	8 737	151	39 616	6 366
Қызылорда	51 063	5 972	62	32 828	12 201
Маңғыстау	56 521	10 386	121	43 186	2 828
Павлодар	46 694	11 122	113	31 687	3 772
Солтүстік Қазақстан	30 228	6 142	119	19 548	4 419
Түркістан	144 778	10 384	59	64 838	69 497
Шығыс Қазақстан	95 916	13 002	160	65 500	17 254
Астана	163 017	57 496	264	104 750	507
Алматы қаласы	206 109	80 865	744	123 468	1 032
Шымкент қаласы	75 314	18 340	132	53 794	3 048

Екі мемлекеттік бағдарлама іске асырылғалы бері 95 мың кәсіпкерлік жоба 7 трлн теңгеге жуық субсидиялаумен қолдау тапқан. Кредиттерге кепілдік беру бағдарламасы бойынша 1,4 трлн теңге көлемінде 57 мыңнан аса несиелер кәсіпкерлерге таратылған. Сонымен қатар биыл «қысқа несиелер» деп аталатын шағын несиелеу құралы да іске қосылды. Онда инвестициялық мақсаттарға 3 жылға 20 млн теңгеге дейін, ал айналым капиталын толықтыруға 2 жыл мерзімге 5 млн теңге беріледі. Аталмыш жоба аясында 255 млрд теңгеге 38 мыңнан аса жобаға мемлекеттен қолдау көрсетілген.

Кәсіпкерлікті дамыту бойынша мемлекеттік қолдау шаралары ауылды алыстан айналып өтпеді. Дәлел, ағымдағы жылда «Ауыл аманаты» бағдарламасына 100 млрд теңге қаржы бөлінген. Республика құрамындағы ауыл-аудандарда 4 600-ден астам өтінім мақұлданып, 25 млрд теңге сомасында несиелер өз иелерін тапқан. Бағдарламаға бөлінген 100 млрд теңге биыл шамамен 17 мың кәсіпкерге ғана шағын несиелер беруге есептелген. 2029 жылға дейін бағдарлама ауқымы кеңейіп, ауылдықтарға 1 трлн теңгеге дейін қаржы бөлу жоспарланған. Сондай-ақ республика бойынша алғаш рет ұйымдастырылып отырған бірегей жоба аясында, 1300 ауыл тұрғынына саны 4 580 бас болатын тауарлық несиелер түрінде мал берілді.

Жобаның тиімді шарттарының бірі – кредиттері бар және аз қамтылған, көпбалалы отбасыларға тауарлық кредит беру тетігі болып отыр. Ерекшелігі – бюджеттің бірде-бір тиыны жұмсалмайды. Кепілді қажет етпейді, пайыздық өсімдер қосылмайды. Сонымен қатар несиенің қайтарымы ақшалай емес, алынған төл есебінен болады.

«Мен кәсіпкер» атты жоба биыл елдің барлық өңірінде жүзеге асады. Сол кезде Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қостанай облыстарының ауылдарындағы қыз-келіншектер қолдауға ие болып, өз өнімдерін шығаруға мүмкіндік алды. Осылайша, елде шағын кәсіпкерлікті қаржысыз да дамытуға болатыны байқалды. Бағдарлама кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасына енгізілді. Оның «Кәсіпке бағыт –салалық оқыту», «Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталықтары» және «Бір ауыл – бір өнім» атты бағыттары бар.

2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба әзірлеудің мақсаты:

Кәсіпкерлік құрылымындағы сапалы өзгерістерді қамтамасыз ету:

- халықты жұмыспен қамтуды арттыру мақсатында шағын бизнесті дамыту;
- экономика салаларын әртараптандырудың драйвері – орта бизнеске сүйену;
- кәсіпкерлік субъектілері үшін тең жағдайлар – бәсекелестікті кешенді

дамыту.

Күтілетін экономикалық тиімділік (сандық мәнде)

1. ЖІӨ-дегі ШОК үлесін 35 %-ға дейін жеткізу.
2. ЖІӨ-дегі туризм көлемінің өсуі 8,4 трлн теңге.
3. Мемлекеттің экономикадағы үлесін 14 %-ға дейін төмендету.
4. 995,3 мың жұмыс орнын құру, оның ішінде:

тұрақты – 335,1 мың,

уақытша – 660,2 мың.

Ұлттық жобаны іске асыру үшін қажетті қаржыландыру көлемі

8 455 329 919 мың тг. (оның ішінде республикалық бюджет – 1 030 884 427,0

мың тг.,

жергілікті бюджет – 124 695 492,0 мың тг., бюджеттен тыс қаражат – 7 299 750 000,0 мың тг.):

2021 жыл – 1 272 207 923,3 мың тг;

2022 жыл – 1 370 367 038,7 мың тг;

2023 жыл – 1 620 056 904,0 мың тг;

2024 жыл – 1 963 862 120,0 мың тг;

2025 жыл – 2 228 835 933,0 мың тг;

Барлығы – 8 455 329 919 мың тг.

2023 жылдан бастап табыс салығын 3 пайыздық мөлшерлемен төлеп жүрген көптеген кәсіпкер үшін салық тәртібі өзгереді. 1 қаңтарда күшіне енетін қаулыға сәйкес, арнаулы салық жүйесі тек бір ғана қызмет түріне қолданылады.

Жеңілдетілген салық жүйесі дағдарысқа қарсы қолданылған шара еді. Сол арқылы билік көптеген кәсіпкерлік нысандарды жабылып қалудан сақтап қалмақ болды. Нәтижесінде жаңа салық жүйесіне 114 қызмет түрі енгізілді.

Ал 2023 жылдан бастап бөлшек салық режимі тек қоғамдық тамақтану қызметі үшін қолданылады. Бұл шешімге осы саладағы кәсіпкерлердің бірнеше рет шағымдануы әсер еткен болуы мүмкін. Себебі олар пандемиядан соң әбден шығынға батқанын, тіпті мыңдаған тамақтану орны жабылып қалғанын мәлімдеген.

Үкімет қазіргі уақытта республикада бизнеске қойылатын артық талаптарды қысқартып, мемлекеттік бақылау мен қадағалауды автоматтандыру жүргізіліп жатқанын және келесі жылдан бастап тәуекелдерді басқару жүйелері негізінде арнайы маманның қатысуынсыз тексеру тағайындауға мүмкіндік беретінін жеткізді. 2024 жылдан бастап тексерулер санын азайтып, олардың тиімділігін арттыру мәселелері шешілмек.

Мемлекет тарапынан жас кәсіпкерлерге де қолдау жоқ емес. Оған дәлел ағымдағы жылдан бастап жастарға жеңілдетілген шарттары бар 5 млн теңгеге дейін микрокредит берілмек. Кәсіпкерлік қолға алуға ниетті 21-35 жас аралығындағы азаматтарға 2,5 пайыздық микрокредит рәсімделді.

Ресми ақпаратқа сәйкес, аталған жастар жобасы бойынша 2023 жылдың 25 тамызға дейін 5,6 мыңнан астам өтінім түсіп, 3750 жоба мақұлданды. 2922 жобаны іске асыруға 12,9 млрд теңгеге несиелер берілді.

Несие алушылардың басым көпшілігі ауыл шаруашылығына икемделгендер, атап айтқанда, мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы. Одан бөлек, қызмет көрсету, сауда, жеңіл өнеркәсіп салаларында кәсіп бастағысы келетіндер де бар.

Кейінгі жылдарда кәсіпкерліктің жоғары қарқынмен дамып келе жатқандығына қарамастан, экономиканың аталмыш секторының сапалық тұрғыдан дамуына кедергі болып отырған бірқатар проблемалар орын алуда.

Мұндай проблемаларға мыналар жатады:

– заңнамалық базаның жетілмегендігі – жеке кәсіпкерлік туралы заңдардың нормалары ескірген. Шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі бірқатар мәселелер бойынша нақты нормалар шығарылмаған, мұнысы әкімшіліктік тосқауылдардың көбеюіне және әрекеттегі заңдардың әртүрлі пайымдалуына әкеледі;

– кәсіпкерлік субъектілерін критерийлік тұрғыдан белгілеу мәселесі

– кәсіпкерлік субъектілерін шағын және орта бизнес категориясына жатқызудың критерийлері әлемдік практикаға сәйкес келмейді. Төмендетілген құндылықтық критерийлер экономика мен бизнестің бүгінгі даму деңгейіне сай емес. Олар бизнестің жасанды түрде «бөлінуіне» ықпал етуде, отандық кәсіпкерлікті қолдау шараларының тиімділігі мен оның бәсекеге қабілеттілігін төмендетуде.

– салықтық жүйе жеткілікті дәрежеде дамымаған

– Қазақстанның салық жүйесінде шағын бизнес ауқымының өсуіне және оның біртіндеп орта бизнеске айналуына арналған экономикалық стимулдар қарастырылмаған;

